

Қазақ технология және бизнес университеті

Мадина Конратбаевна Тузубекова

Кунсая Тасболатовна Тулегенова

Сайрангүль Хабибулловна Алимбай

Инара Ельшатовна Сарыбаева

Экономикалық теория

Оқу құралы

Нұр-Сұлтан
2021

УДК 330 (075.8)

ББК 65.01 я73

Э 40

Экономикалық теория. Оку құралы. / М.К.Тузубекова, К.Т.Тулеғенова, С.Х.Алимбай, И.Е. Сарыбаева / Нұр-Сұлтан, 2021. –213бет

ISBN 978-601-263-595-9

Сын-пікір берушілер:

Ж.А. Анағиев, экономика ғылымдарының докторы, Қазақ агротехникалық университетінің «Менеджмент» кафедарсының профессоры.

Б.С. Толысбаев, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Менеджмент» кафедарсының мемгерушісі.

Г.К. Казбеков, экономика ғылымдарының кандидаты, Қазақ технология және бизнес университетінің «Менеджмент және туризм» кафедарсының мемгерушісі.

Авторлар:

М.К.Тузубекова, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

К.Т. Тулеғенова, магистр, аға оқытушы

С.Х. Алимбай, магистр, аға оқытушы

И.Е. Сарыбаева, магистр, аға оқытушы

Бұл еңбекте экономикалық теория пәні бойынша өзекті мәселелер камтылды. Оку бағдарламасындағы әр тақырып жеке-жеке талданды. Әр мәселені жан-жақты толық түсіну үшін нақты материалдар, кестелер, суреттер және формулалар көлтіріліп, күрделі экономикалық байланыстар мәнін ашу үшін кисық сзызық графигі колданылды.

Еңбекті жазу үстінде авторлар өздерінің көп жылдарда жинақталған тәжірибелін, дәріс беруі негізінде алды.

Негізінен осы оку құралында беріліп отырган материалдар жоғары және орта кәсіптік оку орындарындағы студенттер үшін, магистранттар, оқытушылар және жалпы экономикалық білімге талпынушылар үшін де аса қажетті материал бола алады.

УДК 330 (075.8)

ББК 65.01 я73

ISBN 978-601-263-595-9

«Экономикалық теория» оку құралы университеттің оку-әдістемелік отырысында қаралып, Ғылыми Кеңесінде бесітілген.

Алғы сөз

Экономикалық теория – Экономика жүйесіндегі барлық салалардың теориялық негізін қамтиды және Экономикалық теориямен түйісетін табиғаттану пәндерін меңгеруге көмегін тигізді. Өйткені ол-Экономикалық құбылыштар мен байланыстардың мәнін аша алатын күрделі теориялық пән. Экономикалық теория қоғамдық қатынастардың сан-салалы жақтарын танып білуде, Экономикалық зандар әрекетінің механизмін нақты өмірде қолданудың негізгі тәсілі болып табылады.

Қоғамдық өндірістің қалыптасып, оның дамуына байланысты, ондағы Экономикалық қатынастар да дамып, жетіліп келеді. Адамзат баласының өсу тарихының әр кезеңіне сәйкес, бұл ғылымның түсінігі кеңейе түсті. Дж.М.Кейнсің түсінігінше «Біздің зерттеуіміздің мақсаты мулде автоматты түрде катесіз жауап беретін механика құру немесе бір сарынды операцияларды жасау емес, ол бірнеше мәселелерді жүйелі және жоспарлы зерттеудің әдісімен өзінді қамтамасыз ету болып табылады»¹

ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Экономикалық дамудың зерттеу тенденциясы осы бағытта болса, қазіргі кезеңде қоғамдық қатынастар халықаралық деңгейді қамтып, қоғамдастық сипат алуда.

Қазақстан елінің өзінде соңғы он жылда шет елдермен Экономикалық-элеуметтік қатынастар жаңа сипат алып келеді. Мұның өзі Экономикалық теорияның да Қазақстан Республикасында жаңа ой-пікірмен күрделі байланыстармен толыға түскенін көрсетеді.

1. Кейнс Дж.М. – «Общая теория занятости, проценты денег»/ перевод с англ. М.:Прогресс, 1978, с.372

Экономикалық теорияда қоғамдық құрылыштың әр түрлі өзгерістеріне байланысты әр кезеңде әр түрлі себептер салдарынан бағдарламалы бағыттармен ауытқып отырды. Оның да өзіндік мәні және түпкі мақсаты болатын.

Осы күнге дейін жарық көрген Экономикалық теория пәнінен жазылған оқулыктар мен оқу құралдарында көбінесе кеңес дәуірінің көзқарасынан көп алшактаған жоқдесек артық айтқандық емес. Оның үстіне мемлекеттік тілде Экономикалық теориядан жазылған еңбектер бір жағынан аз болса, Экономика мамандығы бағдарламасы бойынша арналған еңбектер бірен-саран, тіптен оның өзі қазіргі тұрғыдан қайта қарауды қажет етеді.

Негізінен осы оқу құралында беріліп отырған материалдар жоғары оқу орнындағы студенттердің оқу бағдарламасы бойынша бір жүйеге келтіріліп беріліп отыр. Сонымен қатар, бұл еңбекті орта оқу орындарының студенттері, аспиранттар және жалпы Экономикалық білімге талпынушылар үшін аса қажетті материал бола алады.

Мазмұны

1 тақырып. Экономикалық теория: пәні, әдістері және дамуының негізгі кезеңдері.....	7
2 тақырып. Қоғамдық өндіріс, оның құрылымы.....	19
3 тақырып. Экономикалық жүйе және оның негізгі түрлері.....	29
4 тақырып. Қоғамдық шаруашылықтың формалары.....	37
5 тақырып. Меншік қатынастары және оның экономикадағы рөлі.....	45
6 тақырып. Нарықтық шаруашылықтың жалпы сипаттамасы.....	52
7 тақырып. Сұраныс пен ұсыныс теориясы.....	66
8 тақырып. Нарық экономикасында кірісті бөлу.....	81
9 тақырып. Кәсіпкерлік қызмет, оның негізгі түрлері мен формалары.....	93
10 тақырып. Өндіріс шығындары.....	99
11 тақырып. Өндіріс факторларынан түсетін табыс.....	105
12 тақырып. Бәсеке және монополия.....	110
13 тақырып. Капиталдың ауыспалы айналымы мен айналымы.....	117
14 тақырып. Капиталдың ұдайы өндірісі және экономикалық дағдарыс.....	132
15 тақырып. Жеке-дара ұдайы өндіріс.....	141
16 тақырып. Экономикалық циклмен дамуы. Инфляция және жұмыссыздық.....	144
17 тақырып. Экономиканы мемлекеттік реттеу.....	156
18 тақырып. Жүйе ретіндегі ұлттық экономика.....	161
19 тақырып. Қаржы жүйесі. Мемлекеттік салық саясаты.....	166
20 тақырып. Мемлекеттің әлеуметтік және аймақтық саясаты.....	172

Экономикалық теория

21 тақырып. Халықаралық валюта жүйесі және оның институттары.....	174
22 тақырып. Халықаралық экономикалық қатынастар. Сыртқы экономикалық қызметті реттеу.....	180
23 тақырып. Қазіргі заманғы дүниежүзілік шаруашылық, оның өрістеуі. Дүниежүзілік сау да.....	194
 Экономикалық теория презентациялары.....	197
Тестсұраптартары.....	248
Әдебиеттер.....	275

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ: ПӘНІ, ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ДАМУЫНЫң НЕГІЗГІ КЕЗЕНДЕРІ

1.1. Экономикалық теория пәні және оның пайда болуы

Экономикалық теория ресурстардың шектелген жағдайында қажеттіліктерді қамтамасыз етуді көздеген, адамдар мен топтардың материалдық игіліктер мен қызметтерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтынудағы іс-әрекеттерін зерттеп, талдайтын қоғамдық ғылым.

Экономикалық теорияның басты мақсаты ұлттық байлықтың қайнар көзін табу.

Экономикалық теория біздің заманымызға дейін V ғасырда, құл иеленушілік дәуірінде туындейді. Экономика туралы бірінші ұсыныстар Ксенфонт, Платон, Аристотель және басқа да ойшылар еңбектерінде берілді. «Экономия» терминін ең алғаш Ксенфонт ұсынды. «Экономия» сөзі екі сөзден құралады: «ойкос» (үй, үй шаруашылығы), «номос» (білемін, зан). «Экономиканың» ең алғашқы түсінігі үй шаруасы, үй шаруашылығын жүргізу өнері туралы ғылым дегенді білдіреді. Сол уақыттың шаруашылығы негізінде табиғи, оңашалау болған және белгілі бір нормалар мен ережелердің жинағын қажет еткен.

Тұңғыш экономикалық ой-пікірлер көне заманда пайда болған. Ертедегі Греция, Рим, Қытай, Индия ғалым-философтары экономиканың жекелеген мәселелерін: бағаның негізінде не жатады, байлық қалай көбейеді, т.б. шешуге талаптанған.

Экономикалық теория жеке-дара ғылым ретінде XVII-XVIII ғасырда капиталистік өндіріс тәсілі пайда болуымен бірге қалыптасты. «Экономикалық теория» қоғамдық-өндірістік практика туралы барлық білімдердің жиынтығын білдіреді.

Бүгінде бұл білімдер экономика ғылымдарының өте көп санын сипаттайтын. Оның зерттеletін объектісі-экономиканың тұтастығымен біріккен және де қазіргі заманғы барлық ғылыми танымның (элеуметтік, статистикалық, математикалық, демографиялық, экологиялық, тарихи және т.б.) жетістікерін және қолданбаларын пайдаланады.

Экономикалық теорияның назарынан тысқары қалатын қоғамдық өмірдің бірде-бір саласы жоқ.

Корытып айтсақ экономикалық теория – бұл өсімдік шаруашылық негізімен, өндірістің даму заңдары туралы ғылым.

1.2. Экономикалық теорияның атқаратын қызметі

Экономикалық теорияның атқаратын қызметі көп. Солардың негізгілеріне мыналарды жатқызуға болады.

1. Танып-білу қызметі. Экономикалық теория қоғамның экономикасын оқып үйренеді және түсіндіреді, алған білімдерді бір жүйеге келтіріп теория түрінде береді.

2. Тәжірибелік (практикалық) қызметі. Шаруашылықты ұтымды жүргізуің нақты тәсілдері мен неғіздерін жасайды, мемлекеттің тиімді саясатын ғылыми түрғыдан негіздейді. Мысалы, бұған экономиканы мемлекеттік реттеу жолдарын айқындау және мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатының неғіздерін жобалау жатады.

3. Теориялық-әдістемелік қызметі. Экономикалық теория экономикалық ғылымдар жүйесінің теориялық және әдістемелік негізі болып табылады.

Экономиканың басқа ғылымдармен байланысы

Экономикалық ғылымдар жүйесі мына элементтерді қамтиды.

Экономикалық теория			Экономикалық ғылымдар жүйесі
Салалық Экономикалық ғылымдар	Функциялық Экономикалық ғылымдар	Экономикалық ғылымдардың басқа ғылымдармен байланысы	
Оперкесіп ондірісі Экономикасы, құрылыш Экономикасы. Ауыл шаруашылығы және басқа салалар Экономикасы.	Қаржылар, статистика, бухгалтерлік есеп	Экономикалық география, Экономикалық тарих, демография және басқалары	

Аса назарда болатын жайдың бірі Экономикалық теория қоғамдық өндірістің заңдарын оқып үйретеді. Ал, басқа экономикалық ғылымар осы заңдардың нақты салаларда жұмыс істеуін қадағалайды.

Экономикалық теорияның қызметтері

Танып-білу

Экономикалық теория қоғамның экономикасын оқып үйретеді және түсіндіреді, алған білімдерді бір жүйеге келтіріп, теория түрінде береді.

Тәжірибелік
(практикалық)

Шаруашылықты ұтымды жүргізуін накты тәсілдері мен негіздерін жасайды, мемлекеттің тиімді саясатын ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Теориялық-
әдістемелік

Экономикалық теория экономикалық ғылымдар жүйесінің теориялық және әдістемелік негізі болып табылады.

Міне, осылайша Экономикалық теория салалық экономикалық ғылымдардың әдістемелік негізі бола алады. Мәселен, экономикалық заңдар мен категориялардың мәнін, көріну ерекшеліктері мен олардың механизмін талдау зерттейтін тек экономикалық теория пәні, ал бұл заңдар мен категориялар барлық салаларда қолданылады, оның әдістемелік нұсқауын экономикалық теория талдау дайындаиды.

1.3. Экономикалық процестермен құбылыстарды зерттеу тәсілдері

Гылыми абстракция әдісі. Бұл әдіс экономикалық құбылыстарды зерттеу саласында кең қолданылады. Абстракция әдісі - зерттеліп отырған процесс туралы біздің үғымымызды кездейсоқ, өткінші сипаттағы, жекелеген құбылыстардан тазартып, олардағы берік, тұрақты, типтік белгілерді тауып көрсетуге негізделеді. Абстракция әдісі арқылы ғана құбылыстардың мәнін аныға бір дәрежедегі мәннен жоғарырақ дәрежедегі мәнге көтерілуғе, осы мәнді бейнелейтінғылыми категориялар мен заңдарды тұжырымдауға мүмкіндік туады.

Талдау және синтез. Экономикалық процестерді таныш білу үшін оны жеке әлементтерге бөліп, олардың әрқайсысының қасиеттеріне жеке-жеке талдау жасалынады да, содан соң оны біріктіріп, тұтас (синтез) қалпында қарайды.



Экономикалық процестерді танып білуде жалпылық және ерекшеліктің және жекеліліктің диалектикасын қатаң сактау қажет. Қоамдық өндірістің дамуында, әрқашанда оның өзіне тән бір ортақ, жалпы өндіріске тән белгілері болады. Олар қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымына байланысты емес. Жалпы қатынастарды және категорияларды бөліп көрсетуді танып білу үшін маңызы бар. Ол адамзат қоғамы дамуына байланысты сабактастықты анықтауға мүмкіндік береді. Бірақ жалпылық өз алдына өмір сүре алмайды, ол әрқашан ерекшеліктен және жекеліктен тарихи ерекшеліктен көрінеді. Мысалы, тауар-ақша қатынастарының ортақ белгілерін ескермеу, бұл қатынастардың әр қоғамдағы ролі мен маңызын елемеуге әкеліп соғады.


Тарихи және логикалық әдістердің бірлігі. Бұл әдіс экономикалық процестерді тарихи жүйелікпен, артық бөліктерге көнілбөлмей, оқып—үйретеді, жалпы зерттейді. Оның себебі – қоғамбелгілі бір өзара байланыстағы тарихи дамудағы организм, оған қоса ол өзара логикалық байланыста. Тарихи тұрғыдан алғанда қоғам организмнің алғашқыда жалпылама жай белгілерінен пайда болып, құрделі, нақтылау қасиеттері қоғам дамуының келесі сатыларында қалыптасады.

Экономикалық теория танып білудің басқа да әдістерін қолданады: позитивтік, нормативтік, математикалық және математикалық модельдеу, эксперимент, т.б.

Позитивтік әдіс талдау жүргізгенде кеңінен қолданылады. Мұнда экономикалық ортаның даму зандары мен категорияларды танып білуде нақты факторлар негізінде бір жүйеге келтіреді. Ал, нормативтік әдіс адамдардың барынша жоғары үнемділікке жету әрекеттерін жан-жақты талдауға негізделген. Шаруашылдықты жүргізу нәтижелерін талдауда аса құрделі есептер шешуде математикалық тәсілдер де жиі пайдаланылады.

1.4. Экономикалық заңдар мен категориялар

Экономикалық категориялар – бұл экономикалық құбылыстардың маңызды жақтарын бейнелейтін жалпыла экономикалық түсініктер.



Микроэкономиканың негізгі категориялары:

тауар, енбек, факторлар, өндіріс,
шығындар, баға, сұраныс, ұсыныс және т.б.

Макроэкономиканың негізгі категориялары:

ЖІӨ, ЖҰӨ, ҰТ, ӨӨБ, жинақталған сұраныс,
жыныстық ұсыныс, ақша, инфляция,
жұмыссыздық және т.б.

Экономикалық заңдар – бұл экономикалық процестер мен құбылыстардағы ең маңызды, тұрақты, үнемі қайталаңып отыратын, объективті себеп-салдардың байланысы мен өзара тәуелділіктер.

Бұл өндіру, бөлу, алмасу және тұтыну қатынастарының даму заңдары.

Экономикалық заңдар мен табиғат заңдарының арасындағы ортақ сипаттар олардың объективтілігінде, яғни олар адамдар санасы мен еркінен тәуелсіз әрекет етеді.

Экономикалық заңдардың жіктелуі:

жапы заңдар, барлық тарихи дәүірлерге тән.

Ерекшеленген – яғни шаруашылықты жүргізу degi нақты – тарихи нысандарының даму заңдары.

1.5. Экономикалық теорияның ғылыми мектептері

Экономикалық теорияның даму кезеңдері

Меркантилизм

(С.Томас Мен, А.Монкретьен (1575-1622),
У.Старфорд, Кольбер)

Физиократтар

(Ф.Кэнэ (1694-1774), А.Тюрго)

Классикалық мектеп

(Д.Риккардо (1772-1823), А.Смит (1723-1790),
У.Петти (1823-1887))

Марксизм

(К.Маркс (1818-1883), Ф.Энгельс (1820-1895),
В.И.Ленин (1870-1924))

Маржинализм

(К.Менгер (1840-1921), Бем Баверг(1851-1914),
В.Визер (1851-1926), У. Джевонс)

Неоклассикалық теория (Альфред Маршалл
(1842-1924), Дж. Кларк (1847-1938), А.Пигу)

Кейнсиандық (Дж.М.Кейнс

(1883-1946))

Институционалдық – социологиялық

(Т.Веблен, У.Митчел, Д.Гелбрейт).

Меркантилизм. Итальяндық «мер канте» сөзі – саудагер, көпес мағынасын білдіреді.

Бұл мектеп өкілдерінің ойынша:

- қоғам байлығы тек саудада (сыртқы) пайда болады;
- ұлттық игілік негізгі алтын мен күмісті жинақтау (жинақтау қажет);
- құнды металлдардың елден шығарылуына тыйым салып, шет ел тауарларын әкелуді қысқартуға, сауданы кеңейтуге кеңес берген.

Меркантилизм сыншыларының айтуынша:

сауда мәлімдемесінде ешқандай байлық пайда болмайды, тек ақша тауарға және көрісінше алмастырылады; алмастырудың тепе-тендік бұзылғанда, байлық тек бір жақтың пайдасына бөлінеді;

тепе-тең алмастыру жүргізілгенде, ешкімнің бауы мүмкін емес.

Физиократтар. Өндіріс салаларын зерттеген, олар былай деп есептеген:

байлық қайнары - өндіріс – ауыл шаруашылығы болып табылады;

байлық табиғи түрде пайда болып, табиғат сыйлығы ретінде ұсынылады;

байлық мөлшері мыналардың арқасында өсуі мүмкін:
а) жердің табиғи құнарлығы,

б) байлық өсуі үшін капитал мен еңбек қажет.

Классикалық мектеп (Д.Рикардо, А.Смит, У.Петти). Қоғам байлығы мыналардан пайда болады деп есептеген:

материалдық өндірісте оның барлық салаларында;

байлықтың әмбебап формуласы еңбек және тауар құны болып табылады;

байлық көбейеді, егер шығындалған сома қосымша шамаға көбейсе (устеме бағасына);

экономиканы реттейтін заңдар объективті;

қоғамның барлық қабаттары табыс көздерінің анықтамаларын берген.

Марксизм (К.Маркс, Ф.Энгельс). XIX ғасыр ортасында капитализмға тән қармақ-қайшылықтардың ши-

еленісken кезінде тәжірибелі жалпылау ретінде пайда болған;

Марксизмнің үш қайнары:

а) неміс классикалық философиясы,

б) ағылшын саяси экономиясы,

в) француз утопиялық социализмі.

- Марксизмнің үш құрамдас бөлігі:

а) марксистік-лениндік философия,

б) саяси экономия,

в) ғылыми коммунизм (социализм).

- мынаны көрсетті:

а) қоғам дамуы табиғи-тариҳи процесс болып табылады;

б) қоғам дамуы өмір сүрудің материалдық шарттарымен анықталады;

в) қоғамдық-экономикалық формациялардың даму кезеңін және пайдалану табигатын (ақысыз еңбекті өзіне алу ретінде), үстеме баға теориясын ашты;

г) капитализм дамуының механизмін және оның социализмге өтуін көрсетті;

д) пролетариат үстемділігінің қажеттілігін негіздеді;

е) қоғамның барлық экономикалық құбылыстарын талдауға топтық түрғыдан карау.

Маржинализм (К.Менгер, У.Джевонс). Француздық «маргинал» сөзінен – шекті мағынасын білдіреді, экономикалық құбылыстарды талдауда шекті шамаларда қолдануға негізделген. Маржинализмнің негізгі категориялары – шекті пайда, өнімділік – бұл категориялар казіргі сұраныс, баға, фирма, нарықтық тепе-тәндік теорияларында қолданылады. Ол мөлшерлен талдауды, микроэкономикалық әдісті қолдайды.

Неоклассикалық теория (Альфред Маршалл, А.Пигу). А.Маршалл 1890 жылы «Экономикалық ғылым қағидалары» кітабын жазған. Бұл кітап британ экономикалық ғылымында қазіргі заман бастасын салды. Кітап авторы былай деп есептеген: - экономикалық зерттеулер өмірлік тәжірибеден шығарылуы керек; - нарық агент-

Оку құралы

терінің рационалды ойлауы мен мінез- құлқының ғылыми қорытушысы болуы керек; - тауар құны оны өндірудің шығындарына емес шығарудың балама бағасына негізделуі керек және нарықпен өндіруші мен тұтынушы шығындарын «теңестіру» нәтижесінде анықталуы керек. Мұндай максимизация нарық тенденциясындағы жағдайға келгендегі, тек еркін бәсекелестік жағдайындаған мүмкін, нарық – бұл өз бетінше реттелетін жүйе. Сұраныстың, пайдалылықтың, шекті пайдалылық икемділігінің мағынасын, халық шаруашылығына уақытша әсер етуді ескергендеңдегі қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдердің айырмашылығын ашты.

Кейнсиандық (Дж. М. Кейнс). Бұл мектеп жактаушылары макроэкономика мәселелерін зерттеумен айналысады. 1936 жылы Дж.Кейнстиң «Еңбекпен қамтылудың, пайыздың және ақшаның жалпы теориясы». Экономикалық даму қозғаушысы ұсыныс емес сұраныс болып табылады және ол өндіріс пен ұсыныс дамуының шешуші факторы ретінде қарастырылады. Жиынтық сұранысты өсіру үшін мемлекеттің бюджеттік және несиелік саясатын қолдану керек. Мұндай саясат тек дербес қаражат болу мен тұтынушылық шығындарының өсуін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік инвестицияларды да ынталандыруы керек. Инвестициялар ұлттық шаруашылықта реттелеши ролін атқарады, олар экономикалық дамудың қозғаушы күші болып табылады.

Жиынтық сұранысты өсіру үшін келесі ұсынылды: мемлекеттік шығындарды кенеиту, салықтарды төмендепту, ал инфляциямен курсу үшін – мемлекеттік шығындарды азайту немесе салықтарды көтеру керек.

Институционализм (Т.Веблен, У.Митчелл, Д.Гэлбрейт). Бұл ағым өз атына Дж.Комонстың «Институционалдық экономика» кітабының атауы бойынша ие болған (1924ж.) «Институционализм» термині «институция» - (ләстүр) қалыптасқан тәртіп терминінен шыққан. Экономикалық даму сипаттамасы экономикалық институттар жүйесімен анықталады, ал нарық оның бөлігі болып табылады.


Экономикалық теорияның негізгі 3 сұрағы:

Не өндіру керек – қандай игіліктерді, қандай сапамен, қандай көлемде өндірілу керектігі жөнінде шешімдер;

Калай өндіру керек – игіліктерді өндіру кезінде қандай шектеулі ресурстар олардың комбинациясы және технологияда пайдаланылуы;

Кім үшін өндіру керек - өндірілген игіліктерді кім иеленеді және олар тұтынушыға қандай көлемде қажет.

Экономикалық категориялар - бұл экономикалық құбылыстардың маңызды жақтарын бейнелейтін, жалпылайтын экономикалық түсініктер.



Экономикалық заңдар – бұл экономикалық процестер мен құбылыстардағы ең маңызды, тұракты, үнемі қайталанып отыратын, объективті себеп-салдар байланысы мен өзара тәуелділіктер. Бұл өндіру, бөлу, алмасу және тұтыну қатынастарының даму заңдары.

Экономикалық заңдар мен табиғат заңдарының арасындағы ортақ сипаттар олардың объективтілігінде, яғни олар адамдар санасы мен еркінен тәуелсіз әрекет етеді.

ҚОҒАМДЫҚ ӨНДІРІС, ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1. Қоғамдық өндіріс, оның құрылымы, мақсаты және үйімдастыру формалары

Адамзат баласының өмір сүруіне және дамуына қажетті игіліктерді жасау процесін өндіріс деп атайды. Өндіріс кезінде өндіріс факторлары: жұмысшы күші мен өндіріс құрал-жабдықтары өзарражалғасады. Өндіріс нәтижесінде өнім өндіріледі. Жалпы қоғамдық өнім – белгілі бір уақытта материалдық өндіріс салаларында жасалған онімнің жиынтығы.

Тиімділік–белгілі бір нәтижеге кеткен шығындар мен сол нәтиженің арасындағы қатынас

Экономикалық өсу – белгілі бір уақыт аралығында қоғамдық онімнің сандық және сапалық жетілдірілуі.

Экстенсивті даму кезінде қоғамдық өнім көлемі өндіріс факторларының санын көбейту көбейту арқылы жүзеге асады.

Интенсивті өсу өндіріс технологиясын жетілдіру, өндіріс факторларының сапасын жақсартуарқылы жүзеге асады.

Экономикалық теорияны зерттеу обьектісіне қоғамдық өндіріс алғынады. Қоғамдық өндірістің екі жағы бар: Ондіргіш күші мен өндірістік қатынастар.

Өндіргіш күші – өндірістік құрал-жабдықтар мен жұмысшы күші – жиынтығын қамтиды. Кез келген қоғамның негізгі өндіргіш күшіне жұмысшы күші жатады. Өйткені, жұмысшы күші тек қана өзінің еңбекке қабілеттілігін жетілдіріп қоймай, сонымен қатар өндіріске қажетті құрал-жабдықтарды жаңартып, жетілдіріп отырады. ҚЖО – бұл қоғамда белгілі бір кезеңде өндірілген тұтыну құқықтарының жиынтығы.

ҚӘФ- қоғамдық экономикалық формация



ЗФ

ЖК – дегеніміз адамның дене күші мен ақыл ой қабілеті.

ЕЗ – бұл адамның қабілеті бағытталған нәрсе, отын шикізат, көмір, мұнай, жартылай фабрикаттар.

ЕК – өзімен еңбек т.б. заттардың жалғастыруышысы механизмдер, машиналар, двигательдер жетілдіруші аппараттар.

$$\text{ЖФ+ЗФ=КЖО}=(\text{ЕК}+\text{ЕЗ})+\text{ҚаӨ}+\text{ҚоӨ}$$

Өндірілген өнімнің екі қасиеті болады:

1) қандайда болмасын бір қажеттілікті қанағаттандыратын қабілетті.

2)басқа өніммен айырбасталатын қасиеті.

ҚЖӨ=МШ(ЕҚ+ЕЗ)+ҚаӨ+ҚоӨ

Түпкі өнім=аморт*жарма+ҚаӨ+ҚоӨ

Таза өнім=ҚаӨ+ҚоӨ

ҚЖӨ=қоғамдық жынтық өнім.

МШ=материалдық шығындар.

ҚаӨ=қажетті өнім.

ҚоӨ=қосымша өнім.


Қоғамдық өндірістің мақсаты: шеберлік пен білімді наидалана отырып, өндіріс тиімділігін арттыру арқылы адам қажеттіліктерін қанағаттандыру.

$T = \begin{cases} (\text{өндіріс нәтиже} = \text{ұлт.табыс} = \text{максим.пайда}) \\ (\text{шығындар} = \text{өндіріс факт.} = \text{миним.шығын}) \end{cases}$

Экономикалық тиімділік – бұл өндіріске жұмысалатын шығындар мен алынатын нәтиже арасындағы байланыс.

2.2. Қоғамдық өнім, оның қозғалысы

Қоғамдық өнім үздіксіз қозғалыста болады. Ол өз қозғалысында бірнеше сатыдан өтеді. Оның негізгі сатылары – өнімді өндіру сатысы, бөлу, айырбастан өту және тұтыну.



Қоғамдық өнімнің кұрамында әртүрлі материалдық емес игіліктер мен қызмет көрсету түрлері кіреді. Олар әртүрлі салаларда өндіріледі.

Материалдық өндіріс	Материалдық емес
Материалдық өндіріс; қызмет өнеркәсіп а/ш құрылыш транспорт, тұрмыстық, химиялық т.б.	Материалдық түрлері өндірісі; сауда, Қызмет түрлері; денсаулық сактау, білім беру, ғылыми кенес беру. Игіліктер өндірісі; рухани игілікттер жасалды.

Өндірісті ұйымдастырудың дәстүрлі формалары:

1. Натуралды шаруашылық
2. Тауар өндірісі

Өндірісті басқаратын объективті экономикалық заңдар әрекетінің жиынтығы. Экономикалық заңдар дегеніміз – экономикалық процестермен құбылыстағы кездейсок емес, тұрақты болып қалатын, берік орын алатын объективті өзара тәуелсіздіктер мен себеп-салдар байланыстары. Экономикалық заңдар объективті түрде әрекет етеді, олар үш топқа бөлінеді:

1. Жалпылама – барлық қоғамда әрекет ететін: өндірістік қатынастардың өндіргіш күшінің сипаты мен дәрежесіне сәйкес келу заңы т.б.

2. Жалпы экономикалық заңдар – барлық қоғамда емес бірнеше өндіріс әдістерінде әрекет ететін заңдар: құн заңы, ұсыныс заңы т.б.

3. Айрықша экономикалық заңдар – тек бір ғана қоғамдық экономикалық формацияда әрекет ететін заңдарды аламыз: құл еңбегін пайдалану заңы, жалдамалы еңбекті қанау заңы және т.б.

Өндіріс факторлары өз алдында жеке-дара жалғыз өнім өндіріп, кіріс әкелмейді сондықтан да өндіріс процесі дегеніміз факторлардың өзара байланысы ретінде көрінеді. Әр кәсіпкер мейлінше аз шығын жұмсап, көп өнім өндіруге тырысады. Бір шығынды көбейтеді, екін-

шісін азайтады. Мұндай байланысы математикалық мұсның формуламен анықтауға болады: $y=f(a_1a_2\dots a_n)$ $Y=$ өндірілген өнім саны, $f=$ функция, $a_1a_2\dots a_n$ -өндіріс факторы.

Экономикалық қатынастардың сипаты өндіріс құрал-жабдықтарына меншік формасымен анықталады – бұны экономикалық базис деп атайды.

2.3. Экономикалық қорлар, олардың шектілігі, тиімді пайдалану жолдары

Ондірістің негізгі мақсаты тұтынуды қамтамасыз ету болып табылады. Ол үшін факторлармен ресурстарды тиімді пайдалану қажеттілігі туады. Ол мына екі мәселе-ге байланысты:

1. Қоғамның тұтынымы шексіз, толығымен қамтамасыз етілмейді.

2. Тауарлар өндіруге және қызмет көрсетуге жұмсалатын қорлар шектелген немесе сирек.

Міне бұл қайшылықтар таңдау жолымен шешіледі. Ойткені, қоғамда тұтыным қанағаттандырылса, онда сапа жагынан қалыптасқан жаңа тұтынулар пайда болады. Тұтынымның түрлері көп: 1) жеке тұтыну киім, тамақ, баспа; 2) өндірістік тұтыну, жолдар, мектептер т.б. Ойткені, қоғамда тұтыным қанағаттандырылса, онда сапа жагынан қалыптасқан жаңа тұтынымдар пайда болады.

Тұтынымдарды қанағаттандыруға қажетті құралдың ішіліктер дег атайды. Қоғамның қарамағындағы кейбір ішіліктер санында шек жоқ (мыс., ауа), ал басқалары шектелген. Ишіліктерді өндіруге пайдаланатын қорлар шектегендегі тауар өндіру және қызмет көрсету үшін пайдаланылатын барлық табиғи адам және адамдар өндірген қорларды экономикалық ресурстар дейміз.

Барлық қорларды бірнеше түрге бөлуге болады:

- 1) материалдық қорлар – жер, шикі заттар, капитал
- 2) адам қорлары – еңбек және кәсіпкерлік әрекет.

«Жер» - деген үгымға барлық табиғи қорлар кіреді: жыртуға жарамды жерлер, ормандар, пайдалы қазбалар орнын, су қорлары (өзен, көл т.б.).

«Капитал» - бұл тауар өндіруге және қызмет көрсетуге пайдаланатын адамдардың өндірген өндірістік құралдары мен қорланған ақша қорлары. Латын сөзінен шықкан бас (голова) деген үғымды береді.

«Еңбек» - адамның күш – қуаты мен ой-қабілеті, тауар өндіру және қызмет көрсетуге жұмысалады.

Кәсіпкерлік қызмет немесе өндіріс факторларының, барлығыда сирек немесе олардың мөлшері шектелген (жыртуға жарамды жер, пайдалы қазбалар, ж.б.). Қорлардың сиректігінің салдарынан өндіріс көлемі шектелген.

Сонымен, тұтыным шексіз, қорлар сирек болатындықтан тұтыным толық қанағаттандырылмайды, сондықтан да біз таңдау жасауымыз керек, қайсысын өндіру керек, ал қайсысынан бас тарту керек.

Экономикалық қатынастар құрылымын екі бөлімге бөліп қарауға болады:

- 1.Ұйымдастыру–экономикалық қатынастар.
- 2.Әлеуметтік–экономикалық қатынастар.

Ұйымдастыру–экономикалық қатынастарға: еңбек бөлінісі, өндірісті шоғырландыру, өндірісті орталықтандыруы және т.б. жатады.

Әлеуметтік–экономикалық қатынастар өндіріс – қурал-жабдықтарына меншік формасымен анықталады. Өйткені өндіріс, айырбас, бөлу, тұтыну қатынастарының әлеуметтік мәні меншік формасына қарай өзгеріп отырады, осы қатынастардың дамуы меншік иесінің жеке мүддесіне қарай жүзеге асырылады.

Сонымен меншік қатынасына байланысты: әр адам әр таптың қоғамдағы алатын орны, рөлі және өндірілген жиынтық өнімнен әр адамның, әр таптың алатын үлесі анықталады.

Оқу күралы

Экономикалық теорияның негізгі мәселесі – өндіріс тиімділігі. Бұл ғылым сирек қорларды тиімды пайдалану жолдарын зерттейді.


П.Самуэльсонның мысалын алайық. Айталақ, әскери және заттық өндіріс баламасы зеңбірек және май өндіру керек екен. Егерде қоғамның барлық қорларын пайдалансақ ең жоғарғы мөлшерде 5 млн тонна май өндіреді екенибіз; керісінше сол қорды пайдалансақ 15 мың тонна зеңбірек өндіреміз (1-кесте).

Май және зеңбіректер өндірісінің баламалы мүмкіншіліктері.

Мүмкіншіліктер	Зеңбіріктегі (мың дана)	Май (млн.кг)
А	15	0
Б	14	1
В	12	2
Г	9	3
Д	5	4
Е	0	5

Бірақ қоғам олардың екеуінде бір уақытта өндіре алады. Ол үшін май және зеңбірек өндіруді төмен түсіру керек.

Егер кестеде берілген қорларды берілген графиктегі нүктелермен қосқанда өндірістік мүмкіншіліктің қисық сыйығын аламыз.



Өндіріс мүмкіншіліктерінің қисық сзығы бір уақытта бірнеше тауар өндіру не қызмет көрсету мүмкіншілігін сипаттайды. Бір тауарды өндіруді көбейту үшін құрбан етілетін екінші тауар мөлшерін экономистер баламалы шығын немесе айырылып қалған мүмкіншілік дейді. Экономистер баламалы шығынды басқа тауар өндіруден жоғалтылған шығын есебінде анықтайды. Бухгалтер оларды корлардың шығыны есебінде (бағасы бойынша) тіркейді.

Негізінде бір өнімді өндіруден екінші өнімді өндіруге ауысқан жағдайда өндірістің жалпы кірісі азаяды.

Қоғамның алдында түрған негізгі экономикалық мәселелер.

Тұтынмынның шексіздігі және корлардың шектелген мүмкіншілігі арасындағы қайшылықты шешу үшін өндіріс факторын тиімді қайта болу шарт. Кез-келген қоғам мына үш сұраққа жауап табу керек.

1. Қандай тауар өндіріліп, қандай қызмет көрсетіледі.
2. Оны қалай өндіру керек.
3. Өндірілген тауарларды кім алады немесе кім үшін өндіріледі.

Енді осы үш сұрақтың жауабын талдап көрейік.

Жеке адамдар тауарларды өздері өндіре немесе заттарын айырбастау немесе сыйлық есебінде түрлі жолмен аллады. Ал қоғам барлығын бірдей ала алмайды, сондықтанда қай тауарды дереу алуының, қайсысын тоса түрудың, қайсысынан бас тарту керектігін анықтаған жөн.

Дамыған елдер бәсекелестік күресте жеңіл шығуы үшін өнім саласын арттыруға көп күш жүмсайды. Олар автомобилльдер немесебасқа тауарлар болуы мүмкін.


Еңбектің қоғамдық бөлінуін үш деңгейде қаралуға болады: кәсіпорындарда (участок, цех, бөлімшелер); қоғамда (әртүрлі салаларда және аймақтар бойынша) және халықаралық деңгейде (бір елдің бір өнім түрін өндіруге мамандануы). Еңбек бөлінісі өндірістің мамандануына се-

бен болады. Өндірістің мамандануы дегеніміз, бұл еңбектің қоғамдық бөлінуінің және оның ұйымдастыруының нақты қалпы. Бұл жағдайда өндірушілер өнімнің тек бір түрін ғана шығарады.


Еңбектің қоғамдық бөлінісінің тереңдеуі, өндіргіш күштердің дамуына ықпал жасайды. Сонымен қатар еңбектің қоғамдық бөлінісі жақсарады. Яғни өндіріс процессінде бірігуі (коопераціалау) болады. Өндірісті коопераціалау дегеніміз бұл белгілі бір өнім шығаруға дербес маманданған кәсіпорындар арасындағы өзара кәсіпкерлік, оперкесіптік байланыстар.

2.4. Өндіріс тәсілі мен қоғамдық экономикалық формация

Кез келген қоғам дамуының әрбір кезеңінде қоғам құрылымының мынандай басты бөліктері өзара қатынас жасайды. Олар өндіргіш күштер, өндірістік қатынастар және қондырғы. Осылардың негізінде мынандай маңызды түсінікті айтуға болады. Өндіріс тәсілі және қоғамдық экономикалық формация.



Өндіріс күштер мен өндірістік қатынастар:



Өндіргіш күштердің және өндірістік қатынастардың белгілі бір кезеңдегі бірлігі мен өзара әрекеті өндірісін тәсілін құрайды.

Экономикалық қатынастар жүйесі - бұл экономикалық база, қоғамның экономикалық қырылышы, оның кондырғысы болады. Кондырғы бұл қоғамдағы философиялық құқық, саяси, діни, ұлттық, жанұя және басқада көзқарастардың бірлігі мен қоғамдағы осыларға сәйкес үйымдардың қатынасы болып табылады. Кондырғы экономикалық қатынастар жүйесінің және өндіргіш күштердің дамуына ықпал етеді және ол керісінше әсер етуі де мүмкін.

Сонымен өндіргіш күштердің, экономикалық қатынастардың және қондырғының тұтастай қосылысы қоғамдық – экономикалық формацияны құрайды.


Қоғамдық–экономикалық формацияның аудиосуына еңбек күралдары мен Экономикалық қатынастардың өзара әрекеті себеп болады. Оның мәнісі мынада: еңбек күралдары өндіріс тәсілінің материалдық мәні де, ал өндірістік қатынастар еңбек заттары қызмет ететін пішін. Пішін өзінің мәніне сәйкес келуі керек, әйтпесе дамуға бөгет жасайды. Соңдықтан кез келген қоғамда өндірістік қатынастардың еңбек күралдарының даму деңгейіне сәйкес келу заңы әрекет етеді. Ал нақты жағдайда бұл сәйкестік бұзылады, өйткені өндіріс күралдары өндірістік қатынастардан тез дамиды. Соның нәтижесінде өндірістік қатынастар өндіріс күралдарына кері әсерін тигізе отырып, оның дамуына бөгет жасайды.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

3.1. Экономикалық жүйенің мәні

Адам қоғамы өзінің даму жолында түрлі экономикалық жүйені пайланады.

Экономикалық жүйе – бұл материалдық игіліктерді ондірушілер мен тұтынушылардың өзара байланысқан жүйесі. Бұл жүйелер негізгі экономикалық мәселелерді шешу жолдарымен бір-бірінен ажыратылады.



3.2. Экономикалық жүйенің түрлері

Экономикалық жүйені төрт түрге бөліп қаруаға болады.

Экономикалық жүйенін түрлері (келесі сурет):



Енді осы шаруашылық түрлеріндегі экономикалық жүйелерге жеке-жеке тоқталайық:

1. Натуралды шаруашылық – мұнда тек өз қажеттілігі ғана қанағаттандырылады, былайша айтқанда не өндірілсе, сонын бәрі тұтынылады.

Бұл шаруашылықтың сипаттамасы былайша:

Қоғамдық еңбек бөлінісі дамымаған, томен деңгейде.

Экономикалық жүйелерді 3 жіктелімге бөліп қаруаға болады:

1-жіктелім – ашық экономикалық жүйе, - экономикалық қатынастар сыртқы елдермен байланыста болса, жабық экономикалық жүйе, - барық іскерлік операциялар бір елдін ішінде жүреді.

2-жіктелім – негізіне менишік қатынастары мен экономикалық байланыстар алынады. Бұл көрсеткіштер бойынша экономикалық жүйе 4 топқа бөлінеді:

- 1) Дәстүрлі
- 2) Әкімшілік-әміршілік
- 3) Нарықтық
- 4) Арасынан анықталған

3-жіктелім – ФТП (ғылыми-техникалық прогресс) ерекшеліктеріне негізделген. Бұл көрсеткіш бойынша экономикалық жүйе 3 топқа бөлінеді:


- 1) Индустріяға дейінгі – мұнда қол еңбегі басым болады.
- 2) Индустріялық – экономикалық жүйе ірі машиналы өндіріске негізделген. Мұнда ақша-тауар қатынастары бар.

Оқу күралы

3) Индустрядан кейінгі экономикалық жүйеге басты ресурс – ақпарат жетекші сала – өндірістік емес сала;

Кез келген экономикалық жүйе экономиканың негізгі үші мәселесін шешеді: не, қалай және кім үшін?

Мұнда экономикалық жүйе бұрынғы өз дәстүріне не-тізделеді. Бұл елдерде қандай тауарларды, қалай өндіру дәстүрі жалғасып тұқым қуалайтын әдет-ғұрып сақта-




лады. Жеке адамдардың экономикалық орнын мұрагерлік немесе қоғамдық топ анықтайты. Техникалық прогресс дәстүрге қарсы келетіндіктен, сол қоғамның тұрақтылығына қауып туғызатындықтан үлкен қындықтармен іске асырылады.

Мұнда жәй ұдайы өндіріс басым, өндірісті ұлғайту мардымсыз және сирек кездеседі. Өндіріске көбінесе (жабайы) қарапайым енбек құралдары қолданылады.

Жоспарлы шаруашылықта бүйректы экономика жүйесі қолданылады. Мұнда экономикалық қатынас қоғамдық (мемлекеттік) меншікке негізделген, экономикалық шеңберді ұжым (коллектив) қабылдайды, бір орталықтан жонарлау экономиканың даму бағытын анықтайты. Осыған орай өндіріс факторлары орталықтан бөлінеді, мұның өзі жоспарлау органдарының нұсқауымен жүреді.



Нарықтық экономика жүйесі. Мұнда шаруашылықты жүргізу жеке меншікке негізделген, еркін көсіпкерлік, пайда табу, және бәсекелестік бұл жүйенің басты ерекшеліктері болып табылады.




Аралас экономика жүйесі – қазіргі заманда нарық жүйесі кең тараған елдерде экономиканы басқаруда аралас экономика жүйесі басым. Мұның мәні экономиканы басқару барысында нарықтық өзін-өзі басқару механизміне қоса экономикаға мемлекет араласады. Мәселе әр мемлекет экономиканы қай бағытта дамытуды қолдайды, қандай шешім қабылдайды, сонда болып отыр.

3.3. Аралас Экономика жүйесінің даму бағыттары

Аралас экономиканың негізгі түрлері мыналар:



I. Швед жүйесі – бұл жүйе экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жүне кірісті қайта бөлу үшін мемлекеттің экономикаға тығыз араласуын сипаттайды. Швед жүйесінің негізгі – әлеуметтік саясат. Бұл саясатты тиімді жүргізу үшін ең жоғарғы салық (ұлттық онімнің 50%) деңгейі белгіленген. Соның салдарынан елде жұмыссыздар саны басқа елдермен салыстырғанда ең төмен, халықтың арасында кіріс айырмашылығында онша алшақтық жоқ, халықтың әл-ауқаты жоғары, халық жұмыспен қамтамасыз етілген.



2. Жапондың жүйеде үкіметтің және жеке сектордың әрекеттерін үйлестіру үшін дамыған жоспарлауды пайдаланады.

Индикативті жоспар арқылы экономика басқарылады. Жоспар мемлекеттік бағдарлама ретінде басшылыққа алынады.

Жапон экономикасында ұлттық дәстүр қатаң сакталған. Бұл дәстүр басқа елден технологияны және басқару жүйелерін қабылдағанда жоғарғы тиімділікті қамтамасыз етеді.

Американ экономикасында мемлекеттік басты роль атқарады, әсіресе экономикалық ойын бағытын бекіткенде, білім саласын дамытуып жетілдіруде және бизнестік карқынды дамытуда пайдаланады. Дегенмен көп жағдайда шешім нарыққа және онда пайда болатын баға байланысты қабылданады,

Аралас экономиканың ерекшелігі қорларды тиімді пайдалану және өндірушілерге толық экономикалық бостандық беру болып табылады. Аралас экономика ресурстарды тиімді пайдалануға негіз болу мен қатар қазіргі заманғы жаңа технологияны кеңінен енгізуге жол ашады.

Жалпы экономикалық жүйенің өзіндік ерекше қасиеттері бар, сондықтанда экономикаға реформа жасағанда оны қатаң еске алу қажет болады. Негізінен қоғамдық өндірістің дамуы, сол елдің экономикалық жүйе үлгісінің сыртқы ортамен тұрақты байланыста болып осы жүйенің жаңа жағдайлармен жетіле беруін қамтамасыз етеді. Бұған орай экономикалық жүйенің үлгілері үнемі толықтырылып отырады. Мысалы, Қытайда экономиканы реформалау ауыл шаруашылығынан басталды. Жер пайдалануға 15-20 кейде 30 жылға беріледі. Еңбек құралдары мен ауыл шаруашылық техника көбінесе бірнеше үйдің меншігінде болады.

Шаруалар өндірілген өнімдердің бір бөлігін келісім арқылы мемлекетке тапсырады, келесі бөлігін – салыкты өтеу үшін тапсырады. Тағы бір бөлігін – жергілікті үкімет қорларына өткізеді. Ауыл шаруашылығындағы реформа 1984 ж. аяқталды.

Реформа 1984 ж. қалада басталды. Қытай ғалымдары экономикалық дамудың «аралас үлгісін» жасаған. Бұл үлгінің варианты Венгрияда, Чехия мен Словакияда пайдаланылған болатын. Осы үлгінің мәні: нарық механизмі мемлекеттік реттеу жағдайында әрекет етеді. Бұл жағдай жоспарлы экономиканы жетілдіруге көмек береді және үш жақтың мүдделерін үштастырады – мемлекеттің, кәсіпорының және жұмыскердің. Бұл макродәрежеде нарықтық реттеуді және мемлекеттік реттейтін әр алуан нарықтардың әрекет жасауын талаң етеді.

Казіргі таңда Қазақстан Республикасында шаруашылықты жүргізуң нарықтық үлгісі жасалып, дамуда.

Біз жоғарыда атап өткен экономикалық жүйелер және олардың одан әрі даму бағыттары мына жағдайларға тәуелді болады:

- географиялық орналасу;
- табиғи ресурстардың бар болуы;
- тарихи даму жағдайлары;
- халықтың дәстүрі, әдет-ғұрпы;
- өндіргіш күштердің даму деңгейі;
- қоғамның әлеуметтік жағдайы.

Бірақта барлық нарықтық экономикалық жүйелердің ортақ көрсеткіштері болады:

- менишіктің әр алуан формаларының брлуы;
- тауарлар мен қызметтерге көбінесе еркін баға болуы;
- еркін бәсекенің дамыған жүйесі;
- кәсіпкерлік әрекеттің кең таралуы;
- экономиканы мемлекеттік реттеудің белгілі жүйесі.

Фирмалардың басым көшілігі жұмысшыларды барлық өмірлік мерзімге жалдайды; жұмысшыларды ортақ ынта арқылы біріктіру; жұмысшыларды басқаруға және шешім қабылдауға тарту;

Жалақы дәрежелерінің айырмашылықтары көп емес-фирма бастығының жалақысы жабайы жұмысшылардің інде 17 ессе артық;

Үлгінің әлеуметтік бағытталуы. Әлеуметтік мәселелерді шешу көбінесе корпорация мен бірлестіктерге жүктелген.

Неміс үлгісі. Элеуметтік-экономикалық мазмұны жағынан бұл үлгі Жапониялық үлгіге ұқсас. Элеуметтік нарық экономикасының бас идеологі Людвиг Эрхард. Ол өз кітабында немістің жаңа экономикасының қызмет етуінің негізгі принциптерін баяндайды.

Неміс үлгісінің негізгі ерекшеліктері:

- Экономикаға мемлекеттің зор әсер етуі. Бұл жағдай әсіреле әлеуметтік мәселелерді шешуде байқалады. Мемлекет елеулі әлеуметтік міндеттер атқарады: тегін медицина, білім және т.б.
- 70-ші жж. басында Германияда негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге таргетирование (жоспарлау) принципін қолдану жүзеге асырылған. Осымен қатар жұмысшылар кәсіпорын меншігінде қатысады;
- Неміс үлгісінде, Жапониядағыдай, банктар шешуші ролі атқарады. Орталық банк толық автономия негізінде жұмыс істейді;
- Жапониялық үлгідегідей, жалақы дәрежесінің айырмашылығы елеулі емес-фирма бастығымен жалданған қызметкер жалақысының ара алшақтығы 23 есе.

Француздық үлгі. Бұл үлгінің елеулі ерекшеліктері американдық пен неміс үлгісінің орта шамасы. Француздық үлгіде мемлекеттің реттеуші ролі күшті. 1947 ж. бастап бес жылдық жоспарлау жүзеге асырылып отырады. Бұл үлгіде мемлекеттік кәсіпкерлікten жоғарғы дәрежесі тән. Капиталдың қорлануына мемлекет белсенді қатысады.

Оңтүстік Кореялық үлгі. Осы үлгі Оңтүстік Кореяның қысқа мерзімде алдыңғы қатарлы индустримальдық жоғары дамыған елге айналдырыды. Бұл үлгінің ерекшелігі - мемлекет экономиканың дамуына өте зор әсер етеді. Бұл әсердің экономикалық құралдары: экономикалық дамуды жоспарлау 70-шы жж. бастап директивтік жоспарлау индикативтік жоспарлаумен алмастырылды.

4 –такырып

ҚОҒАМДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ФОРМАЛАРЫ

4.1. Қоғамдық шаруашылықтың түсінігі мен формалары

Қоғамдық шаруашылық деп, кез келген қоғамда тұтынушылар қажеттілігін қанагаттандыру үшін өнім өндірудің айтамыз.

Қоғамдық шаруашылықты үйимдастырудың көне заманан бастап қалыптасқан формалары көп:

1. Натуралды шаруашылық.
2. Тауарлы өндіріс: а) жай тауар өндірісі; б) капиталистік тауар өндірісі.
3. Жоспарлы өндіріс.
4. Нарықтық шаруашылық.

4.2. Шаруашылықтың натуралды формасы, оның өзіндік ерекшеліктері

Қоғамдық өндірісті үйимдастырудың алғашқы формасы – натуралды өндіріс. Мұнда өндіріс нәтижесі өндірушілердің өз қажеттілігін қанагаттандыруға жүмсалады. Былайша айтқанда не өндірілсе, соның бәрі тұтынылады.

Натуралды шаруашылықтың үстемдігі феодалдық экономиканың елеулі ерекшелігі болды. Феодалдың, оның жан ұсының және көптеген жалышылардың қажеттері, шонжарлар шаруашылығында өндірілген немесе тәусілді шаруалар беретін өнімдер есебінен қанагаттандырылады. Феодалдың иелігінде егіншілікке қосымша қолөнер кәсіппшілігі болды. Осындай жолмен феодалдар өздерін

саналуан өнімдермен қамтамасыз етіп, натуралды шаруашылық негізінде ұдайы өндіріс проблемаларын шешті. Тек аздаған өмірлік маңызды өнімдер ғана, мәселен, тұз, темірден жасалған бүйымдар, сондай – ақ сән – салтанат заттарын әдетте көпестер өндірді.

Шаруалар шаруашылығы натуралды болды. Шаруалар тек ауыл шаруашылығымен ғана емес, сонымен қатар өздері өндіретін шикізатты өндірумен, жіп ірумен, тоқымашылықпен, аяқ киім, шаруашылық саймандарын дайындаумен айналысты.

Өндіргіш күштермен, қоғамдық еңбек бөлінісі дамудың бір шама тәмен дәрежесі феодализм тұсындағы натуралды шаруашылық үстемдігіне себеп болды.

Феодалдық қоғамда шаруаларды қанаудың үш формасы қолданылды:

1. Жұмыспен өтеу рентасы (бұл жер рентасының алғашқы формасы). Шаруа өзіне қажетті өнімді, өз шаруашылығында, ал қосымша өнімді – шонжар қонысында өндірді. Шаруа аптаның – үш және одан да артық күнін – мырзаның қонысында, ал аптаның қалған күндерінде өз шаруашылығында жұмыс істеді.

2. Өніммен өтеу рентасы.

3. Ақша рентасы.

Енді шаруа феодалға қосымша өнімді заттай формада емес, ақшалай формада берді. Енді қосымша өнімді өндіру жеткіліксіз болды, оны сату, ақшага айналдыру қажет болды. Міне, мұның өзі еңбек бөлінісін одан әрі да мытып, қолөнер кәсіппшілігін ауыл шаруашылығыннан одан әрі оқшаулай тұсуге, сөйтіп, тауар – ақша қатынастарының пайда болып, дами тұсуіне ықпал етті. Осылайша айырбас дами түсті.

4.3. Тауарлы шаруашылық: мәні, пайда болу себептері

Айырбас тауар өндірісінің негізі. Тауар өндірісі пайда болуы үшін екі объективті жағдай қажет.

1. Еңбек бөлінісі.

2. Тауар өндірушілерінің меншік иесі негізінде бір-бірмен оқшаулануы.

Тауар өндірісі деп – алыш, сату үшін ұйымдастырылған өндірісті айтамыз.

Тауар өндірісінің екі түрі бар: 1. Жай тауар өндірісі

2. Капиталистік тауар өндірісі .

Жай (қарапайым) тауар өндірушілер - ұсақ және жеке меншік иелері - өздері иемденетін өндіріс құрал-жабдықтарын қолданады. Еңбек өнімін олардың өздері иемденеді. Өндіріс белгілі бір өндірушінің жеке қажеттерін қанағаттандыру мүдделері үшін жеке еңбек арқылы жүзеге асырылады. Капиталистік қасіпорында өндіріс құрал-жабдықтарын капиталистер иемденеді, ал жұмысшылдардың өндіріс құрал-абдықтары болмайды. Капиталистер жалдама еңбекті қанайды және басқаның еңбек өнімінің елеулі бөлігін тегін иемденеді. Капиталистің басқаруымен бірлесіп жұмыс істейтін көптеген жұмысшылдардың еңбегі оның пайда алуы мақсатында пайдаланылады.

Сонымен, қарапайым және капиталистік тауар өндірісі арасында елеулі айырмашылықтар бар. Алайда өзінің табиғаты жағынан олар бір типтес, өйткені өндіріс құрал-жабдықтары жеке меншікке негізделген. Жеке меншіктің үstem болуы жағдайында қарапайым тауар өндірісі капиталистік қатынастардың немі туғызады. Осы қарастырылған проблемаларды Карл Маркс «Капиталың» бірінші томының I – III тарауларында зерттеді.

Тауар өндірісінің нәтижесінде тауар өндіріледі. Тауар – бұл алыш сату жолымен айырбасқа арналған еңбек өнімі. Таудардың екі қасиеті бар:

1. Адамның қандай да бір қажетін қанағаттандырады.
2. Басқа затқа айырбастауға қабілетті зат болып табылады.

Басқаша айтқанда, тауардың тұтыну құны және айырбас құны болады. Заттың тұтыну құны, жеке тұтыну заты ретінде, не өндіріс қурал–жабдығы ретінде адамдардың белгілі бір қажеттерін қанағаттандыруды болып табылады. Тұтыну құндары қоғамның материалдық байлығын құрайды.

Айырбас құны – тауардың белгілі бір пропорцияда басқа тауарларға айырбасталу қасиеті.

Айырбасталатын тауарлардың тұтыну құны жөнінен бір–бірінен айырмашылық болады, ал тауарларды тенестіру мүмкіндігін жасайтын олардың ортақ объективті қасиеті – оларды өндіруге қоғамдық еңбектің жұмсалуы болып табылады. Тұтыну құны ретінде тауарлар алудан түрлі, қоғамдық еңбектің көрінісі ретінде олар бір тектес болып келеді.

Тауарға сінген қоғамдық еңбек тауар құны болады. Құн дегеніміз – тауарда болатын еңбек жиынтығы. Қоғамның бүкіл өмірінің негізінде еңбек болады. Тауар айырбасы кезінде тауар өндірушілер бұл объективті жағдайымен санасуы тиіс. Тауарлардың айырбас құны, яғни бір тауар екінші тауарға айырбасталатын пропорция, олардың құнымен анықталады. Айырбас құны – бұл құн формасы, айырбас актісіндегі оның сыртқы көрінісі.

Өзі тұтыну құны болатын зат қана құнға ие бола алады. Екінші жағынан, кез келген пайдалы зат, әрбір тұтыну құны құнға ие болмайды; адам еңбегі жұмсалмаған заттардың (мәселен, өнделмеген жер, өзендер мен теңіздердегі су, жабайы жемістер және т.б.) құны жок. Сонымен бірге еңбек жемісі тек белгілі бір қоғамдық жағдайда – тауар өндірісі болған жағдайында ғана құнға ие болады. Құн – тарихи категория.

Тауар өндіруге жұмсалған еңбектің екі жақты сипаты бар. Еңбектің бірінші түрі нақты еңбек, екінші түрі – абстракттылы еңбек деп аталады.

Нақты еңбек белгілі бір пайдалы формада жұмсалатын еңбек, белгілі бір тұтыну құнын (көмір, металл, астық және т.б.) жасайды. Абстракттылы еңбек – тауар өндірісінің сипатты ерекшелігі. Ол тауар өндірушілердің қатынасын білдіреді, сондықтанда тарихи категория болып табылады.

Құн – бұл тауарда таза көрінетін абстракттылы еңбек.

Жеке және қоғамдық еңбек арасында терең қайшылық туын, дамиды. Жеке меншік тауар өндірісінің стихиялы түрде дамуын туғызады, тауар өндірушілер арасында бәсекені қоздырады. Тек рынокта ғана, тауарларды стихиялы түрде айырбастау және рынок бәсекесі процесінде өндірушілер еңбегінің қоғамдық сипаты, олардың бір – біріне тәуелділігі көрінеді.

Жеке және қоғамдық еңбек арасындағы қайшылық мынада: бәсеке процесінде тауар өндірушілердің біреулері байиды, ал екіншілері күйзеліп, күйрейді, бұл қайшылық барған сайын неғұрлым шиеленсе түседі және өндірістің қоғамдық сипаты мен иемденудің жеке капиталистік формасы арасындағы қайшылыққа ұласады.

Тауар құнның мөлшері оны өндіру үшін қажетті қоғамдық еңбектің мөлшерімен анықталып, жұмыс уақыттымен өлшенеді. Қоғамдық құнның көлемі еңбектің жеке дара шығындарымен анықталмайды. Тауардың қоғамдық құнны оны өндіру үшін қажет болатын қоғамдық қажетті уақытпен анықталады. Қоғамдық қажетті жұмыс уақыты – бұл өндірістің белгілі бір қоғамдық қалыпты жағдайында және белгілі бір қоғамда еңбектің шебер атқарылуы мен интенсивтігінің оргаша дәрежесі жағдайында тауар дайындауға жұмсалатын уақыт.

Тауар құнына мына факторлар әсер етеді:

Еңбек өнімділігі (бір өлшем уақытта өндірілетін өнім мөлшері).

Еңбек интенсивтілігі (бір өлшем уақытта жұмсалатын жұмыс күші).

Еңбек құрылымы: қарапайым және күрделі еңбек.

Қарапайым еңбек – мамандамаған еңбек, ал күрделі еңбек – мамандалған еңбек. Кез келген күрделі еңбек есепленген қарапайым еңбек ретінде көрінеді.

4.4. Ақша және оның пайда болуы. Құн заңы

Құнның ең қарапайым формасы – бұл бір тауардың екінші тауар құнының көрінісі болып табылатын жай (немесе бірегей, кездейсоқ) формасы. Мысалы:

1 балта = 1 қойға

Мұнда бір тауар (балта) өзінің құнын екінші тауармен (қоймен) білдіреді. Екінші тауар болса (қой) бійнші тауар (балта) құнның көрінісі болып табылады.

Оз құнын басқа тауармен білдіретін тауар құнның салыстырмалы формасында болады. Екінші тауар эквивалент формасында.

Еңбектің қоғамдық бөлінісінің дамуымен өндірістің одан әрі өсуі айырбастың дамуына себепші болды. Енді өнімдер кездейсоқ емес, айырбасқа жиі түсетін болды. Айырбастың бұл формасы құнның толық немесе кеңейтілген формасы деп аталады.

1 қой = 4 қап астық 1 балта немесе т.т.

Тауар өндірісінің, айырбастың одан әрі өсуі, қоғамдық еңбек бөлінісінің терендеуі тауар әлемінен бір тауардың бөлінуіне әкеліп соқтырады, бұл тауар қалған бүкіл тауарлар үшін эквивалент, жалпыға ортақ эквивалент болады. Сейтіп, құнның кеңейтілген формасы біртіндеп құнның жалпыға ортақ формасына айналады:

4 қап астық =1 балта =1 қой

жөне т.б.

Жалпыға ортақ эквиваленттің қызметін алуан түрлі тауарлар: мал, жабайы аңдар терісі, балық, інжілдер және т.б. атқарды.

Айырбас ұлғайып, жергілікті рыноктың шегінен шынайсан кезде бұл қызметті тауардың біріне бесіту қажеттілігі туды, ол тауар осылайша ақшага айналды. Сөйтіп, жалпыға ортақ эквиваленттің тиянақталған түрі, құның эквиваленттік формасымен тұтыну құны біте кийнасқан ерекше тауар болып табылады.

Тарихтың өн бойында ақшаның рөлін әр түрлі тауарлар атқарады. Алайда біртіндеп, өндірістің даму процесінде ол алғынға берік орнықты. Бұл жалпы алғанда өзінің қасиеттері жағынан бағалы мәттәллдар (бір текстестігі, болашектенуі, сакталуы, еңбек сиымдылығы – аз ғана салмағымен көп қоғамдық еңбекті аңғартады). Алтын ақша қызметінде басқа металлдардан кейінірек көріне бастады. Қогам бұл үшін мейлінше баюы тиіс болды, өйткені алтынды ондіруге көп еңбек қажет етіледі.

Ақшаның мәні және оның қызметі.

Ақша – бұл жалпыға ортақ эквивалент және ерекше тауар болып табылады. Ақшаның атқаратын қызметі: иқина – құн өлшем құралы, айналыс құралы, қазына жасау құралы, төлем құралы және дүниежүзілік ақша.

Ақша – құн өлшем құралы болып табылады. Бұл қызметті таза ақша атқарады. Ақшалай көрінетін тауар құны дегеніміз тауар бағасы. Тауар бағасы дегеніміз белгілі бір (алтын салмағы) құнның белгілі бір тауар саны құнына эквиваленттілігі деген сөз. Баға тауар құнына сұраным мен ұсынымның сай болуы жағдайында сәйкес келеді. Сөйтіп тауар бағасы сол тауарлардың құнына, ақша (алтын) құнына, сұраным мен ұсыным арақатынасына байланысты болады.

Тауарлар бағасы ақша түріндегі тауардың, алтынның белгілі бір мөлшерінде көрінеді. Алтынның мөлшері, масасы оның салмағымен өлшенеді. Алтынның белгілі бір салмақ мөлшері, оның массасы өлшемінің бұл өлшем баға масштабы деп аталады.

Айналысқа қажетті ақша мөлшері немесе ақша айналымның заңы: айналысқа қажетті ақша саны (C) уш фактормен:

тауарлар санымен (T); 2) олардың бағаларымен (B); 3) ақша айналысының жылдамдығымен ($AЖ$) анықталады:

$$C = TB/AЖ;$$

$$C = TB - CR + PI - CO$$

Құн заңы – тауар өндірісінің объективі экономикалық заңы. Құн заңының талабына сәйкес тауарлар айырбас кезінде эквивалентті болуға тиіс. Сондықтан құн заңы тауар өндірушілерді тауар өндіруге жұмсалатын шығындардың қоғамдық қажетті шығындардан артып кетпеудің қадағалауга мәжбүр етеді.

Құн заңы мынандай міндеттер атқарады:

1) Жеке меншік жағдайында құн заңы тауар өндірісін стихиялы түрде реттеуші ретінде көрінеді. Баға тауар құны мен сұраным мен ұсынымның теңесіү жағдайында сай келеді. Рынок бағасының құннан артып кетіу тауарлар өндірісін арттыруға ынталандырады. Ал рынок бағасының құн дәрежесінен төмен болуы тауардың аз өндірілуіне соқтырады.

2) Құн заңы тауар өндірушілерді қоғамдық қажетті шығындарға қарағанда еңбектің жеке – дара шығындарын азайтуға итермелейді.

3) Құн заңының әрекеті қарапайым тауар өндірушілердің жіктелуіне, олардың саралануына, капиталистік өндірістік қатынастардың дамуына әкеліп соқтырады. Бәсекенің әсерінен өндірушілердің бірі байи түсіді, ал, екіншісі кедейленеді.

5 – тақырып

МЕНШІК ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ РОЛІ

5.1. Меншіктің экономикалық және құқықтық негізі

Меншіктің экономикалық және заңды мазмұны болады: Экономиканың іргелі мәселелерін шешу. Не? Қалай? Кім үшін өндіру керек? Шаруашылық жүргізуі субъекттердің меншіктік құқығына байланысы. Меншік нысанды меншік объектілері кімге тиесілі екенін көрсетеді.

Меншіктің құқықтық мазмұны – бұл мұліктік қатынастар. Олар меншік объектісін, өндірілген өнімді, алынған табысты иелену, пайдалану құқығы арқылы анықталады.

ҚР Азаматтық кодексінде келесі категориялардың түсінігі берілген:

Иелену – бұл меншік объектісін иеленудің заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

Пайдалану – бұл мұліктен пайдалы қасиеттерін алып, сондай-ақ одан табыс алушың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

Билік ету – меншік объектісінің дағдырын анықтаудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

Меншік қоғамдық қатынастардың негізі болып табылады. Өйткені, алдыңғы тақырыпта біз экономикалық теорияның зерттеу объектісіне қоғамдық өндіріс алынатынын айтқанбыз. Қоғамдық өндірістің екі жағы болады: қоғамның өндірігіш күші және өндірістік қатынастар. Міне, сол өндірістік қатынастардың басты әлементі – өндіріс немесе меншік формасы, ал өндірістік қатынастардың басқа әлементтері: айырбас, бөлу және тұтыну қатынастары меншік формасына тәуелді.

Меншік қатынастары арқылы қоғамдағы әлеуметтік топтардың Экономикалық мұддесін жүзеге асыру механизмі айқындалады. Меншіктің субъектісі (мемлекет, заңды және жеке тұлға) және объектісі (жылжымалы мүлік: бағалы қағаздар, көлік, тұрмыстық техника, т.б.; жылжымайтын мүлік: өндіріс объектілері, жолдар, үйлер; интеллектуалдық еңбектің нәтижесі: білім, ақпарат, шығармашылық).

Меншік – бұл осы меншік объектілерінің кімге тиесілігі туралы пайда болатын адамдар арасындағы қатынастар. Ал, экономиканың негізгі мәселелері: Не? Қалай? Кім үшін өндіру керек? Деген мәселелерді шешу осы аталған субъектілердің шаруашылықты жүргізуіне және оның меншіктік құқығына байланысты. Олай болса, меншік – бұрынғы, қазіргі және болашақтағы кез-келген экономикалық жүйенің қызмет етуінің негізі болып табылады. Меншіктің екі жағы бар: объективті және субъективті

I– меншік = адам → зат

(ӨКЖ және еңбек нәтижесі)

II-меншік= _____
(Адам 1↔Адам 2)

Қазакстан Республикасы Азаматтық кодексінде мына категориялардың түсінігі берілген:

Илену – бұл меншік объектісін иленудің заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

Пайдалану – бұл мүліктің пайдалы қасиеттерін және одан табыс алудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

Билік ету – меншік объектісінің тағдырын анықтаудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

Затты және алынған пайданы иемденудің тәсілдері мен формалары көп. Мәселен, өнінді өндіру, оны бөлу, айырбастау сфераларынан өзінің еңбегі арқылы алса, сонымен қатар силық алу, мұрағы қалдыру арқылы да иеленеді. Негізінде, меншік иесі өз мүлкін пайдаланған кезде

Оку құралы

ғана өндірістік қатынастар пайда болады, яғни ол жұмыс күшін жалдайды, оны өз меншігіндегі құрал-жабдықтармен жалғастырады, басқарады, сонан соң өндіріс нәтижелерін иеленеді. Бұл меншіктік қатынастарды экономикалық жүзеге асыру болып табылады.

Меншік иелері үш топқа бөлінеді:

1. Потенциалдық (мұрагер) меншік иесі. Бұлар билік етуге кіріскеnde ғана нақты меншік иесіне айналады. Бұл жағдай құқық актісімен бекітіледі.

2. Меншік иесі заттың тұтынушысы (иелік етуші). Иелік етуші меншіктің толық иесі емес. Ол заттың тұтыну құнына ғана, бағалылығына емес, жарлық етеді. Сондықтан иелік етуші затты сата алмайды, оны мұраға қалдырыа алмайды, кепілдікке сала алмайды, сильк ретінде басқа адамға бере алмайды. Бірақ, иелік етуші, келісімге сойкес, өзіне түскен табыстың бір белігін меншік иесіне беруге туіс.

3. Толық меншік иесі. Затты сатуға, сыйлыққа беруге, кепілдікке қоюға, мұраға қалдыруға құқы бар, былайша айтқанда заттың бағалылығына иелік етеді.

Меншікке иелік ету, оны пайдалану және оған жарлық ету нақты құқық нормасы бойынша жүргізіледі.

Меншік құқықтары:

- **Пайдалану құқықтары**, яғни өзі үшін игіліктердің пайдалы қасиеттерін пайдалану құқығы;
- **Иелену құқығы**, яғни игіліктерге тек физикалық бақылау жасау құқығы;
- **Басқару құқығы**, яғни игіліктерді пайдалануды кім және қалай қамтамасыз ететінін шешу құқығы;
- **Табыс алу құқығы**, яғни игіліктерді пайдаланудың нәтижелерін иелену құқығы;
- **Жеке тұлға құқығы**, яғни игіліктерді алу, тұтыну, жою құқығы;
- **Қауіпсіздік құқығы**, яғни игіліктерді экспроприациядан және сыртқы ортамен келтірген зияндардан қорғау құқығы;

- **Жауапкершілік құқығы**, өндіріп алу ретінде, яғни ігіліктерді қарызын өтеп алу үшін төлеттіру мүмкіндігі;
- **Қалдық сипат құқығы**, яғни бұзылған құқыктарды қалпына кетіруді қамтамасыз ететін ережелер мен институттарды қолдану құқығы. т.б.

5.2. Меншіктің түрлері және оның объективті қажеттілігі

Нарықтық экономикады шаруашылықты жүргізуудің негізгі шарттарының бірі – бәсеке болып табылады. Ал бәсеке болуы үшін меншіктің бірнеше түрі болуы шарт. Бұл объективті қажеттілік. Бәсеке, негізінен нарық субъектілерінің өз арасында өнімді өндіру, оны бөлу және айырбастаудың қолайлы жағдайы үшін өрбиді. Ал меншік түріне токталсак, әлем елдерінде меншіктің екі түрі аталады: 1) Мемлекеттік меншік; 2) Жеке меншік (Акционерлік қоғам, муниципалды, коллективтік, аралас меншік). Қазақстан экономикасындағы меншіктің түрлерін төменде көруге болады.

Меншіктің әр түрін мемлекет қорғайды және олар тен құқықты пайдаланады:



5.3. Қазақстан Республикасындағы меншіктік қатынастардың қайта құрылуды және меншік қатынастарын жетілдіру

Қазақстан Республикасында экономикалық Реформа меншік реформасынан басталды. Өйткені, меншік экономикалық қатынастардың ішіндегі ең басты элементі, жалпы экономикалық қатынастардың негізі болып табылады. Меншік реформасы екі жолмен жүзеге асты:

- 1) меншікті мемлекеттен алу – акционерлік қоғамдарға айналдыру;
- 2) жекешелендіру – мемлекеттік мұлікті жеке тұлғаларға, мемлекеттік емес және шетелдік заңды тұлғаларға сату.

Мемлекет иелігінен алу – бұл мемлекетті экономикалық өмірді жоспарлау жөніндегі қамқорлығы мен жауапкершілігінен босату және тікелей шаруашылық басқару қызметінен босату болып табылады. Мемлекет иелігінен алушың негізгі принципі – бұл еріктілік, еңбек ұжымдары мен жекеленген азаматтардың қызығушылығы, жариялышы. Мұның өзі еңбек өнімділігінің өсуіне әсер етеді. Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бойынша ҚР Багдарламасы үш кезеңде жүргізіледі:

- 1) Жаппай жекешелендіру
- 2) Шағын жекешелендіру
- 3) Дербес жобалар бойынша жекешелендіру

Жаппай жекешелендіру 1992 жылдан басталды. Үш кезеңде отыз бір мың қәсіпорындарды жекешелендіру жобаланды. Бірінші кезеңде (1992-1993жж.) шағын жекешелендірудің 50 % объектілерін жекелешендіру белгіленді. Екінші кезеңде (1994-1995жж.) орта және ірі қәсіпорындарды жекешелендіру болды. Бұл кезеңде 20 мыңнан аса қәсіпорындар жекешелендірілді. Жекешелендірудің дер-

бес жобасы бойынша үшінші кезеңі әлі жалғасуда (холдингтік бірлестіктер, қаржы өнеркәсіптік топтар).

Қазір осы кабылданған заңдарға кәсіпкерліктің барлық формаларын қорғауға арналған заң актілерін қабылдап, меншіктің барлық формаларының теңдік құқын сақтап, олардың дамуына заң жүзінде және қаржылай қолдап, көмек беру қажеттілігі туып отыр.

Мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру нәтидесінде қазір ҚР-да меншіктің жана қатынастары пайда болды. Олар:

- Жеке мүлікті – жеке тұлға ретінде кәсіпкер иеленеді;
- Ұжымдық тұлғалар тобы мен ұжымдар мүлкінің иелері (заңды тұлға ретіндегі және халықтық кәсіпорындар қоғамдық шаруашылықтардың формасы);
- Мемлекеттік меншік пен оның халқының меншігін үкімет басқарады.

Сонымен қатар, бүгінде Республика заңы мен жеке және заңды тұлғалар мүлкін біріктіру негізінде меншіктің аралас формалары құрылуда.

Қазір әлемде меншікті мемлекет иелігінен алып, жекешелендіру нәтидесінде меншіктің жаңа қатынастарына көшу дамуда деп айтуға болады. Қазіргі кезеңде ҚР-да меншіктік қатынастарын жетілдірудің басты бағыты кіші және орта кәсіпкерлікті барынша қолдап, оны дамыту болып отыр.

Кәсіпкерлік фирма жалдамалы енбекті пайдаланады. Фирмалардың әр түрлі болуы олардың меншік түріне өндіретін өнімнің әр түрлілігіне, фирмаға кіру тәсіліне, бәсеке жүргізу жағдайына байланысты болады. Түрлері:

- Жеке меншіктегі фирмалар;
- Жауапкершілігі шектелген ұжымдық кәсіпорындар;
- Мемлекеттік және жергілікті (муниципалды) кәсіпорындар.

Жауапкершілігі шектелмеген = әр іске толық жауап береді (өздерінің барлық мүліктерімен): оған қарапайым толық серіктестіктер жатады. Ол фирмандың пайда – шияны үшін барлық мүліктерімен жауап беретін ұжым (уақытша келісім шарт бойынша жұмыс істейді).

Толық серіктестіктің, қарапайым серіктестіктің, кооперативтің, ұжымдық қасіпорынның жалпы белгісі = олардың құрамына кірушілердің жауапкершілігіне шекқойылмайды.

Жауапкершілігі шектелген серіктестіктер әрқайсысы фирмандың кірісіндегі үлесін анықтап, міндеттерін белгілең, мүлікті жауапкершіліктерінің үлесін ажыратады. Олар бекітілген устав негізінде жұмыс істейді. Жинальста әр меншік иесінің үлесі, олардың фирмандың дамуына ықпалы көрсетіліп, меншік иелерінің арақатынастары қаралып, құрылтай шарты және қоғам қаржысы бекітіледі.

Жауапкершілігі шектелген қоғамды құру үшін меншік иелерінің 10 мың теңге капиталы болуы керек (Қазақстанда бастапқыда әдетте жинальыс жылына 2 рет отеді, жан-жал көп болады, оны сот шешеді).

Жауапкершілігі шектелген қоғамға: серіктестік, арас-лас қоғамдар, акционерлік қоғамдар, мемлекеттік және мемлекеттік емес иелікке негізделген өндіріс қасіпорындары да жатады. Олар өзінің қосқан капиталының мөлшерінде жауап береді.

НАРЫҚТЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

6.1. Тауар-ақша қатынастарының әволюциясы және нарықтың қалыптасуы


Нарық – ертеден келе жатқан шаруашылыштың жүргізу құралы, оның дамуының өзіндік бай тарихы бар. Нарықтың пайда болып, қалыптасуы екі объективті жағдайға байланысты: біріншісі – қоғамдық енбектің бөлінісі, ал екіншісі – жеке менишік негізіне сүйенген тауар өндірушілердің экономикалық түрғыдан оқшаулануы. Нарық қатынастарының дамуын мынандай негізгі кезеңдерге бөлуге болады: 1) нарық әлементтерінің пайда болуы; 2) натуралдық айырбас кезеңі нарығы; 3) тауар баламасы кезеңінің нарығы; 4) тауар емес балама кезеңінің нарығы.

Бірінші кезеңде айырбас тұрақсыз, кездейсок болды. Әрбір жеке сауда - саттық көріністері өзінен артық өнім түрінде айырбаска түсті.

Екінші кезеңдегі тауар қозғалысын мына формуламен көрсетуге болады: T_1-T_2 . Балама айырбас көбіне – көп өндірістің шарты бола бастады. Осының нәтижесінде қоғамдық қажетті шығындар категориясы қалыптасты. Құн өлшемі болып бірнеше тауарлар көрінді.

Үшінші кезеңдегі тауар тепе-тендігі мына айырбас формуласы бойынша жүрді: T_1-T_2 , балама $-T_2$. Әрбір жергілікті нарыққа балама тауардың бір түрі тән. Дүниежүзілік нарықтың қалыптасуымен құнның жеке дара иеленушісі қызметін алтын атқара бастады.

Төртінші кезеңдегі тауар қозғалысының формуласы T_1 -емес балама- T_2 . Алтынға тікелей айырбастың тоқталуы, несие ақшалардың шығуы, қазіргі заманғы нарықты сипаттайтын құбылыс болып табылды.



Сонымен, нарық дегеніміз тауар және ақша айналымы катынастарының жиынтығы және бұл тауар өндірісі мен айналым заңдарына сәйкес ұйымдастырылғын айыrbас.

Тауар өндірісінің объективті қажеттілігі нарықтың және оған тән экономикалық категориялардың (баға, сұраным, ұсыным, конъюктура, тепе-тендік, бәсеке және т.б.) болуын талаپ етеді.

Көптеген себептерге байланысты кенес үкіметі экономикасында нарық толық мәнінде болған жоқ. Мұның басты себебі әкімшілік – бюрократтық басқару жүйесі деп айтуға да болады.

Нарықтың қалыптасуы үшін мынадай шарттардың орындалуы қажет:

Шаруашылық субъектілердің дербестігі мен тәуелсіздігі;

Меншік қатынастарының алуан түрлі нысандары;

Өндіріс қуатының белгілі – бір резерві мен бос жұмыскерлердің болуы;

Нарық инфрақұрылымын жасау;

Тауар өндірушілердің сан алуан түрлерінің болуы;

Контрагенттер өздерінің өнімдеріне баға белгілеу құқы.

Енді осы аталған шарттарға жеке – жеке тоқталайық:

Біріншіден, экономикалық субъектілердің дербестігі мен тәуелсіздігі, олардың келісім-шартқа отыруға және оздерінің тапқан табыстарына иелік жасауға мүмкіндік болады.

Екіншіден, меншіктік қатынастардың алуан түрлі нысандарының болуы, олардың өндірістегі тең құқылышы. Меншіктің әртүрлі нысандарын пайдалану тауарлы өндіріс және айналыс қатынастарының алуан түрлі агенттерінің пайда болуына, олардың еркіндігіне, бәсеке күресіне, былайша айтқанда тиімді қызмет жасайтын нарықтың құрылудың жеткізеді. Қазіргі кезеңде меншікті мемлекет иелігінен алу және өндірісті жекешелендіру барлық салада аяқталды. Нарықты экономикаға көшу кезінде ескеретін маңызды жайт – өл өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік және кәсіпкерліктің толық еркіндігін заң жүзінде бекіту. Онсыз шын мәніндегі нарықты экономикаға көшудің экономикалық мәні болмайды.

Ушіншіден, әлемдік тәжірибе көрсетіп отыргандай, нарықтың тиімді жұмыс істеу шарттарының бірі-өндіріс қуатының белгілі бір резерві мен бос жұмыскерлердің болуы. Нарықты экономика жағдайында өндіріс қуатының және жұмыскерлердің 100 пайыз қамтылуы мақтанышқа арқау бола алмайды, керісінше ол алаңдатушылық туғызуы қажет. Мұндай жағдай экономиканың маневр жасау кеңістігінен айырады, оның сұранымға икемділігін баяулатады. Ондай экономика тауардың жетіспеушілігіне, материалдық игіліктерді қайта бөлуде әкімшілік әдістердің басым болуына жол береді.

Төртіншіден, нарық механизмінің үзіліссіз қызмет істеуі үшін оның инфрақұрылымын жасау қажет. Оған тауар және қор биржалары, еңбек биржасы, коммерциялық банктер, кәсіпкерлердің ерікті бірлестіктері жатады. Мысалы, капитал нарығының басты институты болып табылатын қор биржасында акцияларды, мемлекеттік облигацияларды, басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және сату, валюталық келісім-шартқа отыру, акциялар мен валюталардың нарықтың курсын белгілеу сияқты операциялар жасалады да, кәсіпкерлік үшін аса қажет ресурстарының үздіксіз козғалысын, оларды кәсіпкерлердің шапшаң пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Нарықты экономика несие жүйесінсіз жұмыс істей алмайды. Оны коммерциялық, мемлекеттік, инновациялық, ипотекалық қор құрайды. Нарық жағдайындағы банк жүйесінің елеулі ерекшелігі – атқарушы әкімшіліктен ғоуелсіздігі.

Бесіншіден, нарық механизмінде мемлекеттік қаржы жүйесінің, оның негізін құрайтын орталық және жергілікті бюджеттердің алатын орны зор. Бюджеттің мөлшері нарықтың қабілеті жетпейтін, сондықтан да мемлекеттің нарық қатынастарына араласуын талап ететін қажетті шекте ғана болуы керек. Мемлекеттің экономикаға орынсыз араласуына жол беруге болмайды.

Алтыншыдан, өндірушілердің өнім өндірудегі және оны сатудағы монополиясына жол бермеу.

Жетіншіден, шаруашылық субъектілердің нарық туралы нақтылы мәліметі, олардың өздері шығарған тауарларға өздерінің баға белгілеу құқы да нарықтың экономиканың пайда болу шарттарына жатады.

Осы аталған шарттар нарықтың қалыпты жағдайда жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.


6.2. Нарықтың мәні және атқаратын қызметі. Нарық қатынастар жүйесі

Негізінде нарықтың мәні оның тақаратын қызметтері арқылы көрінеді.

Нарықтың атқаратын міндеттерінің негізгілеріне мыналар жатады:


Нарық өндіріс пен тұтыну сферасын жалғастырып, үдайы өндіріс процесінің үздіксіздігін және тиімділігін қамтамасыз етеді; 2) нарық ақпараттық қызмет аткарады: тауарлар бағасы мен қызмет ақыларының, несие және банк депозитінің үздіксіз өзгеріп отыруы арқылы өндіріске қатысушыларға олар сататын немесе сатып алатын тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын қоғамдық қажетті өндіріс шығындары, қоғамдық қажетті сапа және ассортимент туралы объективті ақпарат беріп отырады.

Сонымен бірге, нарық мынандай қызметтер атқарады: бәсеке күресінің жәрдемімен қоғамдық өндірісті тиімсіз шаруашылық бірліктерінен тазартады және керісінше олардың даму болашағы барларына тиімді жағдай жасайды, және еңбектің, тауардың қоғам үшін маңыздылығы осы нарықты анықталады; өндірістік шығындарды азайтуды ынталандырады.



Осы аталған қызметтер түрфысынан алсақ, нарықты әртүрлі тауар өндірушілер мен тұтынушылар арасында болатын экономикалық байланыстар мен қатынастар жүйесі деп сипаттауга болады.

Экономикалық қатынастар мен байланыстар



Мұнда, біріншіден, тауар өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы қатынастар, байланыстар анықталса, екіншіден, ол байланыстар қайтарымдылықты, тепе-тендекті, объективті түрде алдын-ала анықтайады, үшіншіден, бұл байланыстарды өзара бәсекелестік болады, өйткені, онсыз нарық болуы мүмкін емес. Соның нәтижесінде экономикалық жағынан әлсіз шаруашылық бірліктерінен тазарады, ал, тиімділігі жоғары, келешегі бар шаруашылық субъектілеріне жол ашылады.

6.3. Нарықтың мәні жөніндегі теориялық көзқарастар: либерализм, неолиберализм

Негізінде, нарықтың мәні жөнінде екі теориялық көзқарастар бар: оның біріншісі – еркін нарықты және экономикағы мемлекеттің араласпауын жақтайтындар. Еркін нарықты жақтайтындарда либерализм, ал оның қазіргі заманғы жақтастарын «неолиберализм» мектептерінің оқилдері деп атайды.

Екінші бағыттың өкілдері экономикаға мемлекеттің белсенді түрде араласуын жақтайды. Бұл пікірді алғашқы жақтаушылардың бірі ағылшынның экономисі, қоғам қайраткері Джон Мейнард Кейнс (1883-1946ж.ж.) болды. Оның пікірінің қалыптасуына 1929-1933 жылдарды болған бүкіл дүниежүзілік экономикалық дағдарыс түрткі болды. Ол өзінің басты еңбегі «жұмыспен қамтудың, проценттің және ақшаның жалпы теориясы» деген еңбеттіңде пікірлерді «классикалық теория» деп атады және жаппай жұмыссыздықты тек қана сұранымды көтермелесу, ынталандыруарқылы шешуге болады деп корытынды жасады. Жұмыспен қамту процесінде мемлекеттік реттеу жүйесіне көшу Дж.М.Кейнстиң жұмыссыздық туралы концепциясының негізгі қорытындысы болып табылады. XX ғасырдың 30-80 жылдары бойына Батыс елдерінде кейнсиандықтардың әсерімен нарықты реттеу жүйесі әрекет етті. Оған Дж.М.Кейнстиң ізбасарлары, француздардың «дирижистері» жатады. Олар, бір жағынан реттелмелі нарықтың кейбір кемшіліктерін мойынданай отырып, сонымен қатар нарықтың автоматты түрде экономикаға озін-өзі реттеу мүмкіндіктеріне сенімдерін жогалтқан болатын. Өздерінің зерттеулерінде, олар, бірінші кезекте үлттық табыс, қорлану және тұтыну, ҚЖӘ, ұсыным сияқты макроэкономикалық көрсеткіштерді басшылыққа алды. Мемлекет салық жүйесі арқылы пайданың едәуір

бөлігін алып оны тиімді сұранымды және толық жұмыспен қамтуды колдау үшін пайдаланады: экономикада мемлекеттік сектордың үлесі кеңейеді, қосымша жұмыс орындары жасалады, азаматтарды әлеуметтік қорғау шараларының жүйесі жүзеге асырылады. Бұл бағыттағы экономисттердің пікірінше мемлекет экономикалық дамудың бағыт беруші қүшіне айналады, оның жәрдемімен нарыктың қолайсыз жақтарын салып, реттеп отырады.

XX ғасырдың 70 жылдарында болған экономикалық дағдарыс және кәсіпкерлік белсенділіктің баяулауы мемлекеттік реттеудің зияндылығы туралы пікірдің қайтадан туындалап дамуына себеп болды. Еркін нарық пікірінің өкілдері нарық механизмінің бәсекенің негізінде балансталған өсуді, яғни сұраным мен ұсынымның тере-тендігін қамтамасыз етуі мүмкін деп есептеді. Олар өздерінің зерттеулерінде микроталдауды басшылыққа алады.

Шын мәнінде, қоғамдық өндіріс нарық арқылы байланысқан шаруашылық бірліктерінің жиынтығы болып табылады. Бұл экономисттер мемлекеттің рөлі еркін бәсекеге қолайлы жағдайды жасаумен шектеледі деп тұжырым жасайды. Олар Экономикалық бостандықты, мемлекеттің экономикаға араласуының қажетсіздігін қоғамда болатын «табиғи, универсалды заңын» әрекетімен түсіндіреді. Мұндай неоконсервативті бағыттағы пікірлердің негізінде пайдаға салынатын салық нарқын төмендету жолымен ұсынымды көтермелеу, мемлекетсіздендіру және бәсеке күресі жағдайында жеке кәсіпкерлікті қүшетту шаралары көзделген. Олар жалпылама жұмыспен қамту пікіріне қарсы және әлеуметтік бағдарламаларды барынша азайтуды жақтайды. Бір жағынан әлеуметтік мақсаттарға қажетті шығындарды мойындей отырып, олар екінші жағынан әлеуметтік кепілдіктер тегін қызмет пен төлем түрінде болуы дұрыс емес деп есептейді. Корыта айтқанда, бұл мектептің жақтастарының пікірінше, өндірісті ұлғай-

ту мен қоғамдық дәuletтілікті арттырудың негізі және көсіпкерлікті дамыту болып табылады.

Соңғы кезде негізгі екі бағыттың өз ішіндегі бой көрсетіп келе жатқан жіктелу олардың жақындастына себеп болып отыр. Бұған АҚШ экономисі Поль Самуэлсонның (1915 ж. туылған) неоклассикалық синтез теориясы барынша айқын дәлел бола алады. Оның пікірінше, неоклассикалық синтез макроэкономика мен дәстүрлі микроэкономиканың арасындағы алшактықты жояды. Реттелмелі экономика теориясының жақтастары сияқты Самуэльсонда «еркін бәсеке» адамдар мен ресурстарды толық қамти алмайды, тек қана мемлекеттің араласуы ғана дагдарысты, жұмыссыздықты болдырмайды деп есептейді. Сонымен бірге, «белгілі бір ақылға сыйымды шекте бәсекені қорғаудың» қажеттігін атап көрсетеді. Нәтижесінде жеке көсіпкерліктің және мемлекеттің көсіпкерліктің белгілері құрмаласқан аралас экономика пайда болды. «Толық жұмыспен қамту» жағдайында «шекті пайдалылық», «шекті сәбек өнімділігі» теориялары түрінде көрінетін, сөйтіп Самуэльсон үшін құн және табыстарды бөлу теориясының негізі болып табылатын классикалық принцип толықтай «заңды құш» алады.

Жалпы неоклассикалық синтезді жаңа теория деп есептеуге болмайды, ол экономиканы реттеудегі мемлекеттің жетекші рөлі жағдайындағы жоғарыда көрсетілген екі бағыттың әклектикалық құрмаласуы болып табылады.

П. Самуэльсон өзінің «неоклассикалық синтезінде» гылыми техникалық революцияға, экономиканы реттеуде мемлекеттің ірі корпорациялар мен кәсіподактардың арасында болатын ұзак мерзімді келісім-шарт сияқты пысандарға үлкен мән беретін АҚШ экономисі Джон К. Гилбрейттің негізгі жағдайларында қосады. Осындағы ұсыныстардың мақсаты – мемлекеттік бақылауды күшей-

ту, әлеуметтік жанжалдарды бәсендешту үшін әлеуметтік маневр жасау әдістерін кеңінен қолдану.

Біздің Республикада да нарықты экономиканы реттеудің дүниежүзінде жинақталған бай тәжірибесін қолдану қажеттігі тұр. Біз үшін қазіргі басты міндег әлеуметтік жағынан қорғалмаған тұрғындар тобына қолдау көрсете отырып, барлық азаматтар үшін қасіпкерлік пен өзінің қабілетін еркін қолдануға мүмкіндік беретін әлеуметтік жағынан бағдарланған нарықты экономиканы құру және дамыту болып табылады.

6.4. Нарық механизмі. Сұраным, ұсыным, баға және бәсеке категориялары

Осы аталған теориялық бағыттардың бәрі де нарық механизмінің мәнін, мағынасын анықтауга бағытталған. Ал, нарық механизмі дегеніміз нарық жүйесіне кіретін неғізгі үш элементтің өзара қатынасы мен тәуелділігін айтамыз. Ол категориялар: баға, бәсеке және сұраныммен ұсынымының өзара қатынастары.

Сұраным – бұл қажеттіліктің көріну формасы, ақша қаржысымен қамтамасыз етілген. Былайша айтқанда сұраным дегеніміз төлей алатын қажеттілік. Ал, ұсыным дегеніміз – бұл нарықтағы тауар жиынтығы. Баға деп – жекелеген тауардың немесе қызмет көрсету түрінің белгілі бір кезеңіндегі қалыптасқан нарықтық наркын айтамыз. Бұл өндірушілердің немесе нарыққа қатысушы тұтынушылардың өз арасындағы бәсеке нәтижесінде қалыптасады. Бәсеке деп – қолайлы өндіріс жағдайы үшін немесе нарықтың үлесі үшін қатысушылардың өзара күресін айтады. Сұраным, ұсыным, нарықтық баға және бәсеке категорияларының өзара байланысына және тәуелділік заңдылықтарына келесі тақырыптарда тоқталатын боламыз.

6.5. Нарықтың түрлері, құрылымы жіне инфрақұрылымы

Қазіргі нарық құрылымы жағынан сан-алуан элементтерден тұрады. Оның құрылымын әртүрлі белгілеріне қарай озара байланысты бірнеше түрлерге бөлуге болады.

Территориялық белгілеріне қарай нарық мынадай түрлерге бөлінеді: дүниежүзілік нарық, ел аралық бірлестіктер нарығы, ұлттық нарық, аймақтық нарық және жергілікті нарық.

Дүниежүзілік нарық – сатушылар мен сатып алушылар арасындағы тауарлар мен қызметтерді айырбастау жүйесі түрінде көрінетін бүкіләлемдік шаруашылықтың құрамдас бөлігі. Ол халықаралық еңбек бөлінісінің, валимоталық несие және қаржы қатынастарының негізінде құрылыш орнықты. Дүниежүзілік нарық өндірістік кооперация және интеграция, сыртқы сауда, тауар айырбасы операциялары арқылы ішкі нарықпен айналыста болады. Қазіргі кезеңде нарықтар арасындағы байланыстар ұлғаюда, соның ішінде, әсіресе, Шығыс Еуропа және Еуропалық Экономикалық қоғамдастық (ЕӘС), бұрынғы Совет одағы құрамында болған, қазірде тәуелсіздік алған егеменді мемлекеттер арасындағы нарық қатынастары. Осының нәтижесінде шын мәніндегі бүкіл дүниежүзілік нарық қалыптасуда.

Еларалық бірлестіктер нарығы - деп экономикалық айырбастың ерекшеле формалары мен шарттары, терең сінбек бөлінісі арқылы байланысқан, бірнеше мемлекеттердің қатысуымен құрылған нарықты айтады.

Ұлттық нарық – бір елдің мемлекеттік шекарасының аумағы мен шектелген жалпы ішкі нарық. Ұлттық нарықта, белгілі бір нысанда өндірістің нәтижелері мен шарттарына байланысты экономикалық қатынастар да-миды. Бұл қатынастар - нарық нарық қызметінің шарты

ту, әлеуметтік жанжалдарды бәсендету үшін әлеуметтік маневр жасау әдістерін кеңінен колдану.

Біздің Республикада да нарықты экономиканы реттедің дүниежүзінде жинақталған бай тәжірибесін қолдану қажеттігі тұр. Біз үшін қазіргі басты міндег әлеуметтік жағынан қорғалмаған тұрғындар тобына қолдау көрсете отырып, барлық азаматтар үшін қасіпкерлік пен өзінің қабілетін еркін қолдануға мүмкіндік беретін әлеуметтік жағынан бағдарланған нарықты экономиканы құру және дамыту болып табылады.

6.4. Нарық механизмі. Сұраным, ұсыным, баға және бәсеке категориялары

Осы аталған теориялыш бағыттардың бәрі де нарық механизмінің мәнін, мағынасын анықтауға бағытталған. Ал, нарық механизмі дегеніміз нарық жүйесіне кіретін негізгі үш элементтің өзара қатынасы мен тәуелділігін айтамыз. Ол категориялар: баға, бәсеке және сұраныммен ұсынымыңың өзара қатынастары.

Сұраным – бұл қажеттіліктің көріну формасы, ақша қаржысымен қамтамасыз етілген. Былайша айтқанда сұраным дегеніміз төлей алатын қажеттілік. Ал, ұсыным дегеніміз – бұл нарықтағы тауар жиынтығы. Баға деп – жекелеген тауардың немесе қызмет көрсету түрінің белгілі бір кезеңіндегі қалыптасқан нарықтық нарқын айтамыз. Бұл өндірушілердің немесе нарыққа қатысушы тұтынушылардың өз арасындағы бәсеке нәтижесінде қалыптасады. Бәсеке деп – қолайлы өндіріс жағдайы үшін немесе нарықтың үлесі үшін қатысушылардың өзара күресін айтады. Сұраным, ұсыным, нарықтық баға және бәсеке категорияларының өзара байланысына және тәуелділік заңдылықтарына келесі тақырыптарда тоқталатын боламыз.

6.5. Нарықтың түрлері, құрылымы жіне инфрақұрылымы

Казіргі нарық құрылымы жағынан сан-алуан элементтерден тұрады. Оның құрылымын әртүрлі белгілеріне қарай озара байланысты бірнеше түрлерге бөлуге болады.

Территориялық белгілеріне қарай нарық мынадай түрлерге бөлінеді: дүниежүзілік нарық, ел аралық бірлестіктер нарығы, ұлттық нарық, аймақтық нарық және жергілікті нарық.

Дүниежүзілік нарық – сатушылар мен сатып алушылар арасындағы тауарлар мен қызметтерді айырбастау жүйесі түрінде көрінетін бүкіләлемдік шаруашылықтың құрамдас бөлігі. Ол халықаралық еңбек бөлінісінің, вәштоталық несие және қаржы қатынастарының негізінде құрылыш орнықты. Дүниежүзілік нарық өндірістік коопeração және интеграция, сыртқы сауда, тауар айырбасы операциялары арқылы ішкі нарықпен айналыста болады. Қазіргі кезеңде нарықтар арасындағы байланыстар ұлғаюда, соның ішінде, әсіресе, Шығыс Еуропа және Еуропалық Экономикалық қоғамдастық (ЕӘС), бұрынғы Совет одагы құрамында болған, қазірде тәуелсіздік алған егеменді мемлекеттер арасындағы нарық қатынастары. Осының нәтижесінде шын мәніндегі бүкіл дүниежүзілік нарық қалыптасуда.

Еларалық бірлестіктер нарығы - деп экономикалық айырбастың ерекше формалары мен шарттары, терең сибек бөлінісі арқылы байланысқан, бірнеше мемлекеттердің қатысуымен құрылған нарықты айтады.

Ұлттық нарық – бір елдің мемлекеттік шекарасының аумағы мен шектелген жалпы ішкі нарық. Ұлттық нарықта, белгілі бір нысанда өндірістің нәтижелері мен шарттарына байланысты экономикалық қатынастар да-миды. Бұл қатынастар - нарық нарық қызметінің шарты

– ақша және тауар айналысының болуын анықтайтын тауар-ақша формасы түрінде көрінеді.

Аймақтық нарық – бұл бөлек территориялық бөлімшесе нарығы (Республика, облыс, аймақ, аудан).

Жергілікті нарық – кейбір елді мекендердің жиынтығы болып табылатын нарық. Негізінен мұнда халық тұтынатын тауарлар мен ақылы қызмет көрсетіледі.

Нарықтық қатынастардың жетілу деңгейіне қарай нарықты: дамыған (кемелденген) нарық, қалыптасу үстіндегі нарық және әртүрлі деңгейде бәсекені шектеу нарығы (олигополиялық, монополиялық және т.б.) деп атайды.

Олигополиялық нарық – баға белгілей саясатына тым сезімтал және бірегей немесе дифференцияланған өнімдерді өндіретін аз ғана сатушылардан тұрады. Сатушылардың аздығын, үміткерлердің бұл нарыққа енуінің қыындығымен, әрбір сатушының бәсекелестерінің стратегиясы мен әрекетіне қарай шапшаң шешім қабылдауымен түсіндіруге болады. Егер бір компания өз өнімінің бағасын 10 процент төмендесе, сатып алушылар тез соған ауып кетеді. Сондай өнім шығаратын басқа өндірушілерге не бағаны төмендетуге, не сол өнімді пайдалануға байланысты қоپтеген қызмет түрлерін ұсынуға тұра келеді.

Монополиялық бәсеке нарығы, сапасы, касиеті, сыртқы безендірілуіне қарай ерекшеленетін тауарлардың әртүрлі вариантын ұсынатын қоپтеген сатушылар мен сатып алушылардан тұрады. Осыған байланысты нарықты «сатушылар нарығы» және «сатып алушылар нарығы» деп те бөледі. «Сатушылар нарығында» сатушылардың үстемдігі орын алады, ал сатып алушыларға нарықтың «белсенді қайраткерлері» болуға тұра келеді. Нарықтың бүндай жағдайы өндірушілердің монополиялық үстемдігі қалыптасқан елдерге тән. «Сатып алушылар нарығында» экономикалық үстемдік тұтынушылар, сатып алушылар жағында болады, мұнда сатушыларға нарықтың ең «белсенді іскерлері» болуға тұра келеді.

Колданылып жүрген заңдылықтарға сәйкес нарықты колеңкелі (астыртын) және реңми (ашық) нарық деп атайды. Нарықтың дамуының сәйкестігіне байланысты теңестірілген және теңестірілмеген нарық деп болінеді. Сұраным мен ұсынымның арасында толық сәйкестік орынқан нарықты теңестірілген нарық деп атайды. Теңестірілмеген нарықта сұраным мен ұсынымның арасында толық сәйкестік болмайды, ол сәйкестіктің бір немесе бірнеше шарттарының орындалмауына байланысты.

Тауар ерекшеліктеріне қарай нарық – салалық және сала ішіндегі нарық болып бөлінуі мүмкін. Откізу обьектісі, халық шаруашылығының бір дербес саласының онімі болып табылатын нарықты салалық нарық дейді. Қоғамдық өндірістің бір саласының өз ішіндегі онім өткізу нарығын сала ішіндегі нарық деп атайды.



Нарықтың құрылымы және инфрақұрылымы

Нарықты қөлемді тауар топтары (азық – тұлік және ондіріс тауарлары), белшек тауарлар (көкөніс, мата, аяқ – киім, теле аппараттар, автомобиль, т.б.) нарығы деп те бөледі. Тауар топтары нарығына нан-белк, макарон өнімдері, т.б.нарығы жатады. Дегенмен, қандай жағдайда да болмасын ішкі нарық, оның барлық тармақтарының (сегменттері) қызмет жасауы да дамуы өзара байланысты және бір-біrine тәуелді.

Адамдардың әрекет ету ортасына сатып алу – сату ортасына қарай жалпы ішкі ұлттық нарықты шартты түрде бірнеше түрлерге бөлуге болады. Олар біртұтас болып табылатын ұлттық нарықтың жеке элементтерін құрайды, бір-бірімен өзара байланысты және өзара тәуелділікте болады. Мәселен, өндірістік және өндірістік емес салалар – өндіріс құрал – жабдықтары, тұтыну және жұмыс күші нарықтарын құрайды. Дегенмен, нарық түрлерін сарапал көрсететін терең құрылым жасау факторы – нарық қа-тынастары объектілерінің экономикалық бағдары болып табылады. Осы фактор бойынша олар өндіріс құрал–жаб-дықтары, тұтыну және қызмет көрсету, қаожы, еңбек, ғылыми–техникалық, ақпарат астыртын экономика на-рықтары болып бөлінеді.

Экономикаға қажетті әлементтердің бірі – нарықтың инфрақұрылымы. Ол наркытың дамуын және оның қа-лыпты жұмыс жасау жағдайын қамтамасыз ететін ин-ституттардың жиынтығы түрінде көріні. Нарықтың инфрақұрылымының әлементтеріне тауар, шикізат, қор, еңбек биржалары, делдалдық және маркетингтік қызмет-тер, ақпараттық жүйелер, коммерциялық банктер, көтер-ме сауда орталықтары, аукциондар, жәрмеңкелер жатады.

Ұлттық нарықты құру, оның дүниежүзілік нарық жүй-есіне енүі – жоғары талаптар деңгейінде жасалған жолдар жүйесінсіз, транспорт пен байланыс құралдарының жү-зеге аспайды. Бұл салада бізде көптеген проблемалар мен шешілмеген сұрақтар барынша жеткілікті.

Қазақстанның «Дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар және әлеуметтік–экономикалық реформаларды терең-дету бағдарламасында» нарықтық инфрақұрылымның инвестиция мен қорлары және холдингтері, сақтанды-ру компаниялары мен қорлары, аудиторлық фирмалар,

консультация орталықтары мен фирмалар, сауда – өнеркәсіп палаталары, көлік – әкспедиция, заң, консалтинг орталықтары мен фирмалары сиякты ызмет салаларын үлгайтуға ерекше көңіл бөлінген. Бұл құрамалар бәсеке негізінде шаруашылық жүргізуши субъектілерге алуан түрлі қызмет көрсету нарығын қалыптастырумак.

6.6. Нарықтық экономиканың артықшылықтары мен кемшіліктері

Нарықтық экономиканың артықшылықтары:

Ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалануға ықпал етеді;

Өндіріс жағдайының өзгеуіне те бейімделуінің қажеттілігін тудырады;

Жаңа тауарды өндіруде, жаңа технологияны енгізгенде, өндірісті басқару және үйымдастыру тәсілдерін жетілдіруде ФТП-ты пайдалануға ынта туғызады;

Өндірушілер мен тұтынушылар әрекетін еркін таңдауды қамтамасыз етеді;

Өндірушілер қажеттілігін қанағаттандыруға және тауар мен қызмет көрсету сапасын жаксартуға бағыттайды.

Кемшіліктері:

өндірілмейтін ресурстарды сақтауга ықпал етпейді; қоршаған ортаны қорғауға еш қорған бола алмайды; үйым пайдаланатын тауар өндірісі мен қызмет көрсету түрлерін дамытуды қамтамасыз ете алмайды;

ғылым мен білімді дамыту үшін жағдай жасалмайды; енбек ету, демалу, табыс алуға кепілдік бермейді;

әлеуметтік әділетсіздікке тосқауыл қоятын меанизмі жок;

жұмысқа толық қамтуға және баға деңгейінің түрақтылығына кепілдік бермейді.

7 – тақырып.

СҰРАНЫС ЖӘНЕ ҰСЫНЫС ТЕОРИЯСЫ

7.1. Сұраныс және оның өзгерісі. Сұраныс қисық сыйығы

*

Сұраным – бұл нарықтың баға құрылуының санкілі үрдісінің бір жағы болып табылады. Бұған тұрақты қайталанып отыратын, әдетте, себеп – салдарлық байланыстар мен тәуелділіктерді бейнелейтін экономикалық заңдар әрекеті тән келеді. Солардың бірі – сұраным заңы. Ол мынаны көрсетеді:

- сатып алынатын тауар саны мен оның бағасының арасындағы кері байланысты;
- қызмет көрсету мен тауарға мұранымның біртіндеп төмендеуін.

Сұраным заңы бойынша қызмет көрсету немесе сатып алынатын тауар саны қалыпты тен жағдайда оның бағасына байланысты болады. Мұнда неғұрлым баға жоғары болса, соғұрлым тұтынушы аз тауар сатып алады немесе аз мөлшерде қызмет көрсетіледі. Егер тауар бағасы өсетін болса, сұранымның азая түсіне байланысты тауар салының көлемі де кемиді. Бұған керісінше, егер баға арзандайтын болса, онда бұл тауардың сатылу көлемі немесе қызмет көрсетуі арта түседі. Бұл тәріздес тәуелділік мынандай ситуациялық жағдайларда болады: қандай болмасын бір тауардың тапшылығында, оның жетіспеуінен оның бағасы сезсіз артады. Керісінше, егер нарықта бұл тауар түрі көп болатын болса, онда оны сату үшін оның бағасын кеміту қажет болады.

Сұраным заңы – сұранымның біртіндеп төмендеуін анықтай алады. Белгілі бір тауар түрінің сатылуының немесе қызмет көрсетілуінің азауы тек баганың өсуінен

Оку құралы

гана болмайды, сондай-ақ, тұтынушылық сранымның аса көп молаюы да әсер етеді. Сұранымның біртіндеп томендей тұсу себебі мынада: тауардың бір түрін тұтынушының әрбір қайталап сатып алуы оған алғашқыға қарғанда салыстырмалы түрде аз түсім береді, қанағаттандырылу деңгейі де төмендейді.

Сұраным қисық сзығының өзгерісі – бұл жағдайда сұраным заңы экономикалық игіліктердің кемі тұсу заңының әрекетімен сабактас келеді. Нарықта бұл былайша көрінеді: әр тауардың келесі бөлігінің сатылуы тек ғана оның бағасын кеміткенде ғана мүмкін болады. Былайша айтқанда тауардың бұл түрін тұтынушылар оның бағасын түсіргендеге ғана қайталап сатып ала алады.


Тауар бағасы мен оның сатылым мөлшері арасындағы тәуелділік пен өзара байланысы және сұранымның біртіндеп төмендеуі төмендегі суретте берілген.

Сұраным қисық сзығының төмен еңкеюі теріс байланысты көрсетеді. Өйткені баға мен тауар сатылымының көлемі және әрбір қайталап алынған тауар пайдалылығының кемуі кері байланыста болып тұр. Мұның өзі оның бағасының төмендеуін байқатады.

Егер тауар бағасы В нүктесінен А нүктесіне дейін осетін болса, онда сатылым көлемі кемиді. Егер баға А нүктесінен В нүктесіне дейін төмендейтін болса, онда сатылым көлемі артады. Сұранымның D D қисық сзығы бойында жаткан кез келген A, B және басқа нүктелер баға мен сатылым көлемінің белгілі бір мәнін анықтайды.

Сұраным қисық сзығының бойымен бір нүктеден кез келген нүктеге қозгалысы бағаның сатылым көлеміне кері озғалысты көрсетеді. Егер сұранымның D D қисық сзығы ешбір жақа қозғалмай, өзгеріссіз болатын болса, онда бұл жағдай сұранымның өзгермей, бұрынғыша қалғанын байқатады. Былайша айтқанда, бағаның өзгерісі сұранымды емес, тек сатылым көлемін ғана өзгетеді.

Сұранымның қисық сзығы



Тауар сатылымының көлемі


Енді бұдан басқаша жағдайды қарастыралық. Мәселен, баға мен сатылымның көлемінің ара қатынасы емес, бағага жатпайтын факторлардың өзгерісін көрелік: сатып алушылардың табысы, олардың субъективті талғамдары, тауардың тұтынушылық қасиеті және тағы басқалары. Мұндай жағдайда сұраным қисық сзығында қандай өзгерістер болуы мүмкін? Мұнда тек бір-ақ жауап бар. Сұранымның бағага жатпайтын факторлы әсерінен сұраным қисық сзығының еңкеюі сол баға бойынша тауар сатылымы көлемінің өзгерісін көрсетеді. Сұраным тұрақты болмайды, бағага жатпайтын факторлар әсерімен әрдайым өзгереді. Тағы да еске салған жөн, сатып алушылар сұранымның өзгеруіне әсер ете алатын бағага жатпайтын факторларға мыналарды атауға болады:

- қоғамдағы кіріс деңгейі;
- осы тауар түрі нарығының көлемі;
- тұтынушылардың бұл тауарға субъективті көзқарасы;
- сатылатын тауарға сервис көрсетілуіне кепілдік берілуі;

Мына төмендегі суретте бағага жатпайтын факторлар әсерімен сұранымының өсуі берілген.


Оқу күралы

Бағаға жатпайтын факторлар әсерінен сұранымның өсуі



Тауар сатылымының көлемі

Бағаға жатпайтын факторлар әсерінен сұранымның кемуі.



Тауар сатылымының көлемі

Сұраным өсkenде барлық қисық сзызық онға және жоғары қарай бұрылады, демек бұл тауар сатылымы көлемінің артқанын байқатады.

Ал, келесі суретте сұранымның кемітіні көрсетілген. Мұнда пунктир сзызығымен сұранымның солға және төмен қарай жылжығанын көреміз. Сұранымның мұндай кемуі бағаға жатпайтын факторлар әсерінен болып отыр. Мұның өзі сатылым көлемінің азаюын байқатады. Есте болатын бір жай бұл аталған өзгерістердің бәрінде де бір өлшем тауар бағасы өзгеріссіз қалып отыр.

7.2. Нарық сұранымын зерттеу

Әр адам затты сатып алғанда өзінің нақты бір қажетін қанағаттандыруға үмтүлады. Демек тауарды алу үшін оның қасиетін алдын – ала білу шарт.

Бірлестік нарыққа шығуы үшін маңызды информация алуы қажет.

Потенциалды сатып алушынына информацияны алуы қажет:

- Тауардың болуы жөнінде;
- Осы тауармен қанағаттандырылатын қажеттілік;
- Қажеттілікті қанағаттандыру сапасы;
- Бұл тауармен қанағаттандырылмаған сатып алушы мүддесін қорғауда кепілдік болама.

Потенциалды клиенттерді хабарландыру тәсілдері:

1. Жарнама (журнал, газет, радиохабары, теледидар)
2. Көрме және жәрменке.
3. Баяндамалар, симпозиумдар, конференциялар, фильмдер.

Информация тауар алуға шешім қабылдаған адамдардың бәріне ықпал жасай алады:

Сұраным түрлері:

1. Ұнамсыз сұраным – егер нарықтың басым бөлігі тауарды жек көрсе және одан құтылу үшін кейбір шығыннан да қашпаса, онда сұраным ұнамсыз болғаны. Мысалы: адамды егуге, операция жасауда сұраным негативті болады. Кәсіпкерлердің сottалған немесе маскунем адамға сұранымы ұнамсыз.

2. Сұранымның жоқтығы – мақсатты тұтынушылардың тауарға қызығушылығы болмауы немесе оған талғасыз қарауы мүмкін. Мәселен, фермерлер жаңа агротехникалық әдістерге, ал субъектілер шетел тілін окуга қызықпаулары мүмкін. Маркетингтің міндеті – тұтынушыларға тауардың өзіне тән қасиеттерін түсіндіру.

Оқу кұралы

3. Бұкпе сұраным – көптеген тұтынушылардың тілектерін нарықта бар тауарлар мен қызметтермен қанагаттандыру мүмкін болмай қалады. Сондықтан залалсыз темекілерге, қауіпсіз тұрғын мөлтек аудандарға және экономикалық тиімдірек автомобилдерге т.б. бұкпе сұраным болады.

Маркетинг міндепті – нарықтың мүмкіндігін есептеп, сұранымды қанағаттандыра алатын тауарлардың жаңа тиімді тұрларін табу.

4. Құлдыраушы сұраным – кез–келген фирма ертелікеш өз тауары сұранымының құлдырауына кездеседі. Құлдырау себептерін талдаң жаңа тауар тұрларін табу, тауар өтімділігін ынталандыру керек. Маркетинг міндепті – тауарды ұсыну тұрларіне көзқарасты өзгерту арқылы сұраным құлдырауын тоқтату.

5. Жүйесіз сұраным – көптеген мекемелерде тауарларды өткізу маусымдық, қунделікті немесе сағаттық негізде атқарылады. Маркетинг міндепті – ынталандыруды икемді бағалады және тағы осыларға ұқсас тәсілдерді пайдалану арқылы сұранымды бір жүйеге келтірудің жолын іздеу.

6. Толық бағалы сұраным – толық бағалы сұраным ұйымдар өз ақша айналысын қанағаттандырғанда ғана болады. Маркетингтің міндепті – бәсеке деңгейіне қарамай сұранымды осы деңгейде сақтап қалу.

7. Шамадан тыс сұраным – кейбір ұйымдарда сұранымның деңгейі осы сұранымды қамтамасыз ету мөлшерінен жоғары. Маркетинг міндепті – сұранымды жою емес, тек оның деңгейін төмендету.

8. Рационалды емес сұраным – деңсаулыққа зиянды тауарлардың сұранымына қарсы әрекет жасау. Темекіні, спиртті ішімдіктерді және есірткі заттарды, қару – жарактарды сатуға қарсы тұрлі шарлар қолданылады. Маркетинг деңгейі – әуесқойларға аталған тауарлардың зиянды әрекеттерін түсіндіре отырып, бағасын көтеру арқылы оларды сатып алуды қындару.

Негізгі міндеттері нарыққа тауар түсіріп, нарықтан ез үлесін алатында жағдайға ие болып, алғашқы өнімді сату, нарыққа жаңалық енгізу.

Өнім өткізу ді ынталандыру

Бұрын пайдаланбаған тауарды әркім алуға ұмтылады. Бұл жағдайды еске ала отырып өнім өткізу үшін ынталандыру жүйесін қолданудың маңызы аса зор.

Ынталандыру жүйесінің міндеті – келешекте бұл тауарды сатып алуға ынта туғызу, тіптен ірі – ірі партиямен әрқашан алуға дайын болса, сатушымен коммерциалық тұрақты байланыста болса істің оңды болғаны.

Ынталандыру жүйесінің аса қажеттілігі, әсіресе, нарықта сапасы біркелкі конкуренттер тауары түскенде анық байқалады. Ынталандыру шаралары сатып алушылар үшін де және сатушылар үшін де белгіленеді.

Сатып алушыларды ынталандыру жүйесі:

Белгілі бір бұйымды ірі партиямен тұрақты алатын болса, оның бағасын кеміту.

Тауарды несиеге беру.

Тауарды ірі партиямен көтеріп алушыларға тауар үлгісін тегін тарату.

Тауарды уақытша пайдалануға тегін беру.

Потенциалды сатып алушы өкіліне арнағы жана тауар көрсету (егер бұйым өндірістік бағытта болса).

Жаңа тауарды нарыққа түсіру жайында пресс–конференция өткізу.

Бағаны күрт түсіру (бұл тауардың жаңа үлгісін шығарага байланысты болады).

Аралықта жүретін делдалдарды ынталандыру:

(Мұның мақсаты бұл адамдар бар ынтағамен тауар сатып, сатып алушылар аумағын кеңейте түсү):

Делдалдарға тегін жабдықтар беру немесе оларға жеңілдік жасау.

Оларға сату бағасын кемітіп беру.

Еңбекақысын арттыру.

Оқу құралы

Тауарды нарыққа түсіру алдындағы дайындау сатысы

Алдымен потенциалды сатып алушыларды көсіпорынмен таныстырады. Соңсона жаңа тауарды нарыққа түсіру стратегиясы анықталады. Стратегия потенциалды сатып алушылардың тауардың тұтыну қасиеттерін білуіне, алушылардың тауар бағасын төлей алатын мүмкіндіктеріне байланысты болады.

Әдетте стратегияның төрт түрі болады: *интенсивті маркетинг, ірікten енүi, кең көлемде енүi, пассивті маркетинг (енжар).*

Интенсивті маркетинг

Бұл, егер, сатып алушылардың бірсынырасы бұл тауар жөнінде хабардар болмаган жағдайда пайдалы. Тауарға жоғары баға белгіленеді, өзара бәсеке тым жоғары. Макаты – көп пайда алып, нарыққа тез енү.

Ірікten енүi

Бұл тәсіл нарық сыйымдылығы аса кең болмаған жағдайда пайдаланылады, олар қымбат баға төлеу келісіміне дайын. Өзара бәсеке тым көп емес, сондыктанда, ынталандыруға, өнім өткізуге көп шығынның қажеті жоқ.

Кең көлемде енүi

Мұнда нарық сыйымдылығы аса үлкен, сатып алушылар бұл тауар жөнінде жақсы хабардар емес, баға жоғары шиеленіскең бәсеке. Өнім шығару көлемін арттыру есебінен өнімнің өзіндік құнын кемітуге мүмкіндік бар. «Баға сыйысина» түсуге болады. Бұған орай сұранымды қалыптастыруға және өнім өткізуді ынталандыруға дәрежесінде шығын бөлу қажет, бірақ сату бағасы жоғары болмайды.

Енжар маркетинг стратегиясын – нарық сыйымдылығы тым кең жағдайда пайдалануға болады. Тауар туралы алушылар жақсы хабардар, тауарды арзан бағаға

сатып алуға ынталы. Әзірge бәсеке бәсеке. Бұл жағдай сұранымды қалыптастыруға және өнім өткізууді ынталандыруға көп шығын жүмсауды қажет етпейді.

Тауар өткізу үшін сатушыларды ынталандыру (Мұның негізгі мақсаты – бұл адамдар көмегімен өнім өткізу-дің жоғарғы көрсеткіштеріне жету):

- тиісті деңгейде ақшалай сыйлық беру;
- қосымша демалыс күнін беру, фирма есебінен демалыс сапарына шығу;
- бағалы сыйлықтар бөлу;
- рухани жағынан көтермелеу формаларын қолдану, және оны қызметкерлерге түгел жеткізу, от басына айтып жеткізу.

7.3. Нарықтағы тауар ұсынымы. Ұсыным қисық сызығы


Нарықтағы тауар ұсынымы – бұл өндірілген және сатылуға ұсынылатын тауар мөлшері мен баға арасындағы тікелей байланысты көрсетеді. Тауар көлемі мен оның бағасы бір бағытқа қарай өзгереді. Мәселен, егер баға көтерілетін болса, онда сату үшін нарыққа көп тауар түседі. Ал, керісінше, егер бұл тауардың бағасы төмен болатын болса, онда ол тауарды өндіру және нарықта оны ұсынуда оған сәйкес қысқарады.

Мұндағы негізгі және анықтаушы фактор – баға болып саналады. Бағаға қарай көп тауардың ішінен оны өндіруді азайту керек болады, егер оған сұраным тәмендесе немесе ол тауар өндірісін арттыруға да болады, егер оған сұраным артатын болса. Жалпы алынатын түсім мен пайда да ұсынылатын тауар бағасының деңгейіне байланысты болады. Негұрлым баға жоғары болса, соғұрлым нарықта тауар ұсынысы көбейеді. Нарықтағы тауар ұсынысының бұлай ауытқуы аса күрделі процесс. Өйткені, ол тауар шығаруға ынталандырады немесе тауар өндірісінің бағытын тұтынушылар талабына сәйкес өзгерте де алады. Егер тауар бағасы қанағаттанғысыз болса, онда кәсіпкерлік қындей түседі, тіптен ресурстарды, технологияны, өнім

Оқу кұралы

Шығару көлемі мен тауар сатылымы көлемін де өзгертуі ықтимал. SS ұсыным қисық сзызығында жатқан A нүктесі ең жоғарғы P, бағасының дәрежейін және нарықтағы сату үшін ұсынылған тауар көлемінің көбейе түскенін көрсетеді.

Ұсынымның қисық сзызығы




Тауар сатылымының көлемі

Ұсыным қисық сзызығында жатқан В нүктесі өзгерген ситуацияны көрсетеді; бағаның P_2 деңгейіне төмендеуін және бұған сәйкес сатылуға ұсынылатын Q_2 тауар санының азайғанын көрсетеді. Суретте ұсыным қисық сзызығы екі өлшемнің тауар бағасы мен санының немесе нарықтағы сатылым көлемінің арасындағы тікелей байланыс көрсетілген. Ұсыным қисық сзызығы кездейсок жағдайды емес, қолмақ-қол суретке түсіргендегі ұсыным заңын бейнелейді. Былайша айтқанда нарық бағасын анықтап немесе оны теріске шыгаратын экономикалық пайдалылыққа сәйкес келетін өндіріс қозғалысын көрсете алады. Ұсыным заңының мәні тепе-тең жағдайда, тауар бағасы неғұрлым жоғары болатын болса, соғұрлым сол тауар көп өндіріледі және ол нарықта сатылу үшін ұсынылады. Ұсыным қисық сзызығының В нүктесінен А нүктесіне дейінгі қозғалыс, баға есімі әсерінен тауар көлемінің өсікенін бейнелесе, ал, А нүктесінен В нүктесіне қарай кері қозғалыс бұл тауар бағасының төмен түсүі әсерінен нарықта бұл тауар көлемінің азаятынын көрсетеді.

Нарықтағы ұсыным ерекшеліктері

Нарықтағы тауар ұсынмына кем дегенде аса маңызды екі ерекшелік тән. Біріншіден, тауар бағасы мен оның нарықта сатылу көлемі арасындағы тікелей байланыс. Бұл түрғыда ұсыным қисық сыйығын былайша ұғынуға болады: кәсіпкерлер үшін өзгеше түрде ресурс болу альтернативі іспеттес. Ұсыным қисық сыйығынан жоғары жатқан кеңістік – бұл пайда белгісі бар альтернатив, ал бұл қисық сыйықтың астындағы кеңістік – зиян шегетін белгіні көрсететін тауар бағасының бір қалыпты жағдайдағы ұсыным өзгерісі.

Альтернатив



Тауар сатылымының көлемі

S₁ S₁ – ұсынымның төмендеуі

S₂ S₂ – тауар ұсынымының өсуі

Ең жаксы альтернатив деп, тауар өндіруге бөлінген сондай қаржыны айтамыз, егер бұл өндіріс шығыны нарықта сұранымы бар сатылған тауар бағасы есебінен қайтатын болса. Екіншіден, тауар көлемі мен оның саны туралы ұғым «тауар ұсынмына» пара-пар емес. Тауар көлемі мен оның саны, оның бағасының өзгеуіне сәйкес өзгеріп отырады.

Егер тауар бағасы бірқалыпта болатын болса, нарықтағы тауар ұсынымы қандай жағдайда, қалайша өзгерер еді? Шынын айтсақ, нарықта тауар ұсынымы көбінесе мұна факторлар әсерінен де өзгере алады:


- тауардың осы түрін ауыстыра алатын және оны то-лықтыра алатын өндірістік бағыттағы тауарлар және оның бағасының өзгерісі;
- өндірісте қолданылатын технология деңгейі;
- субсидия және салықтар;
- ресурстар сапасы және өндіріс факторлары;
- нарықтағы біртүрлі тауарлар арасындағы бәсеке, са-тылым жағдайы, жарнама, маркетинг және тағы басқа.

Бұл аталған факторлардың бәрі де осы тауар өн-дірісінің шығындарына әсер етеді және нарықтағы рын-тауар ұсынымның өзгерісіне елеулі ықпал жасайды.

7.4. Сұраным мен ұсыным бағасының нарықтық тере – тенденция

Нарықтық баға белгілеу процесін сұраным мен ұсыным заңы басқарады. Нарықта баға тере–тенденция – сұраным мен ұсынымның өзіндік ерекшелігі мен оның тенденци-ясының әсерінен болады. Бұл процесс жоғарыда қисық сзызық пен оған сәйкес оның графигі арқылы берілген. Бірақ нарық механизмі ондағы көрсетілген модельдер де аса күрделі.

Баға тере–тенденция. Төмендегі суретте баға мен тауар қозғалысындағы болатын әрқылы және динамикалық процестер жалпылама түрде көрсетілген. Нарықтық тере – тең баға болғанда нарықта тауардың осы түрінің әркай-сысында не артық, не жетіспеушілік деген болмайды. Бұл сұраным мен ұсынымның сәйкес келу нәтижесінде ғана болады. Ал, сұраным мен ұсынымның тең келуі нарықтық бәсекенің нәтижесі болып табылады.



Тауар сатылымының көлемі

Сұраным мен ұсыным бағасының нарықтық тереңдігі

Сұраным мен ұсыным қисық сыйықтарының қылышқан жеріндегі Е нүктесі РЕ баға деңгейіне және QE тауар көлеміне осы баға терең-төндігі түсінда сәйкес келеді.

Суретте көрсетілгендей, кандай тауар болмасын молдығы немесе оның артық болуы, тауар бағасының түсінне ықпал жасайды, былайша айтқанда баға Е нүктесінен төмен түседі, ал егер нарықта тауар аз болса, оның бағасы қымбаттаپ, Е нүктесінен жоғары көтеріледі. Осында ауытқу нәтижесінде РЕ баға терең-төндігі тұрақталады да нарықта QE тауар мөлшері сатылатын болады.

7.5. Сұраным мен ұсынымның көлеміне бағаның әсері

Ұсыным (мың дана)	Бағасы (сан)	Сұраным (мың дана)
0	3	70
25	4	50
35	5	35
45	6	25
50	7	20
55	8	15

Бұл мысала ең төменгі баға 3 сом болған жағдайда сұраным ең жоғары, және 70 мың бүйімға тең. Алайда мұндай баға кезінде ұсыным нөлге тең болар еді, өйткені

онім шығару өндірістік шығындарды өтей алмайды. Егер осындаған бағамен өнім шығару үйімдастыру ниеті туа қалса, оны өндіруге арналған дотация болу қажет. Бағалардың арттырылуына байланысты тауарлар ұсыну тез осе бастайды, бірақ сонан соң баяулайды. Өйткені басқа міндеттерді шешу: қуаттарды ұлғайту, шикізат бағасын көңейту және тағы басқа қажеттілігіне келіп тіреледі. Сонымен бірге, бағалардың өсуіне байланысты сұраным айтарлықтай қысқарады.

7.6. Сұраныс пен ұсыныстың икемділігі

Сұраныстың проценттік өзгерісінің бағаны проценттік өзгерісіне еселік қатынасы, бағага байланысты сұраныстың икемділігі, немесе икемділік коэффициенті болып табылады:

$$Ed = \frac{\% Q}{\% P}, \text{ немесе } \frac{\% Q/Q}{\% P/P}$$

Ed – бағага байланысты сұраныстың икемділік коэффициенті

Q – сұраныстың көлемі

P – тауардың бағасы

Икемділіктің бірнеше түрі болады:

Бірлік икемділік – бағаның әрбір 1-ке өзгеруіне сұраныстың көлемі де сәйкес 1-ке өзгереді ($Ed=1$)

$$Ed = \frac{\% Q}{\% P} = \frac{2\%}{2\%} = 1$$

Икемді сұраныс көлемінің проценттік өзгерісі бағаның проценттік өзгерісінен тез жүріп отырады ($Ed>1$)

$$Ed = \frac{\% Q}{\% P} = \frac{4\%}{2\%} = 2$$

Икемді емес сұраныс – сұраныстың көлемінің проценттік өзгерістері бағаның проценттік өзгерістерінен төмен болады ($Ed<1$)

$$Ed = \frac{\% Q}{\% P} = \frac{2\%}{2\%} = 0,5$$

Өте икемді емес ұсыныс – бұл баға қандай болмасын өзгеріс жүрсе де, сұраныстың көлемі өзгермейді ($Ed=0$)

$$Ed = \frac{\% Q}{\% P} = \frac{0\%}{4\%} = 0$$

Шексіз икемді сұраныс – бұл баға өте азөзгерсе де, сұраныстың көлемінің шексіз көп өзгеруі ($Ed=\infty$)

$$Ed = \frac{\% Q}{\% P} = \frac{49\%}{0} = \infty$$

Сұраным мен ұсыным икемділігі *

Сұраным мен ұсынымды жан-жакты қарап ұғыну экономикалық талдау жасадың маңызды инструменті болып табылады, ері оның практикалық мәні де зор, өйткені, мұның өзі тауар сатылымынан алынған сауда түсіміне тіке-лелей әсер етеді. Жоғарыда атап өткендегі тауар бағасының артуы, атылым көлемінің азауын туғызады және оған көрісінше де болуы мүмкін. Бұл әсердің интенсивтілігі, ері айналымның интервалы мен өлшемі бірдей емес, яғни баға мен сатылым көлемі.

Эластикалық. Бұл термин экономикаға физика пәнінен кірген, сатылған тауар көлемі мен бағаның өзара байланысы болатын ара қатынасының өзгерістерінен өлшеудің үшін қолданылады. Мысалы, егер жеңіл машинаның бағасы 10 процентке өссе, онда оның сатылу көлемі қаншаға және қандай уақыт интервалында өзгеретін болады? Немесе халықтың айлық, жылдық табысы 12 процентке көбейсе, онда автомобильге сұраным қалайша өзгереді?

Икемділіктің негұрлым қолайлы бірегей өлшемі – процент. Өйткені процент кез келген экономикалық өзгерістердің дәрежесін, оның бастапқы өлшемі қандай болса да көрсете алады. Кәсіпкерлік нақты практикада әр айналымның бір процентке ауытқуындағы өзгерісті пайдаланып проценттік өлшемдегі өзгерісті анықтайды.

Баға икемділігінің көрсеткіштері. Тауардың бір данасының бағасы бір процентке өзгергенде, тауар сатылымының көлемі қанша процентке өзгеретіні анықталады. Бұл өзгерісті анықтау үшін сұраным көлемінің проценттік өзгерісін 1 баға өзгерісіне бөледі.

НАРЫҚ ЭКОНОМИКАСЫНДА КІРІСТІ БӨЛУ

8.1. Пайданың экономикалық табиғаты

Пайда – нарық экономикасының негізгі категорияларының бірінен саналады. Өйткені, коғамдық өндірістің барлық салаларының, түгел есіпкерлердің негізгі мақсаты да пайда табу болып табылады. Бірақ, нақты өмірде пайда ала алмайтын жеке өндіріс, фирма және кәсіпкерлік те кездеседі.

Пайда туралы түсінік әртүрлі және сол түсінік туралы шілдесінше ғасырлар бойы осы кезге ейін жалғасып келеді. Мәселен, көптеген оқулыктарға, соның ішінде «Экономика» оқулығында «Пайда» категориясы: өндіріс, капитал, оның мөлшері, ұстамдық, тосу сиякты ұғымдармен байланыстырады.

Пайда түсінген шығындарды алып тастаандагы қалдықта тең болады. Шығындарға: енбекақы, арендалық төлем, материалдардың құны, отвн, амортизация, қарыз бойынша процент, салықтар, қорлар кіреді. Ал, К.Маркс «Капиталға» пайданы қосымша құнның өзгерген түрі деген анықтама берген.

$$W = MIII + K_a \Theta + K_o \epsilon$$

$$III = MIII + K_a \epsilon$$

$$W = III + K_o \epsilon$$

$$W = 80 + 20K_o \Theta = 100$$

Мұндағы: МІІІ – материалдық шығын;

$K_a \Theta$ – қажетті өнім;

$K_o \Theta$ – қосмаға өнім.

Марксше косымشاқұн капиталистік өндірістік қатынастардың негізі ретінде алынады. Былайша айтқанда пайда қанаудың негізі болып көрінеді. Бұлай түсінуге болмайды. Өйткені, қанауды тек жеке меншікпен байланыстыруға еш келісе алмаймыз. Мәселе жеке меншіктеге емес, оны қалай пайдалану және қалай басқаруда, екіншіден, қанауды төлнебеген еңбектің нәтижесі десек, онда капитализм барлық адам цивилизациясының барлық тарихын қамтиды. Сондықтан, қанауды капитализмге тән деуге болмайды. Үшіншіден, төленбөген еңбектің өнім иелігінен алу оның қаншасы және кімнің мүддесіне пайдаланатындығында. Мысалы, Швейцарияда жалдамалы еңбектің өнімін иелендіруді фирмалар мен қоса салық алу арқылы мемлекетте іске асырады. Салық мөлшері бұл елде барлық Еуропа елдерінен жоары, сонымен қоса, халықтың, оның ішінде жалдамалы жұмыскерлердің әлауқаты да жоғары; төртіншіден, Маркс қанаудың негізгі есебінде құнның еңбек теориясын ұсынған. Бірақ осы уақытқа дейін жұмысшы күшін және отбасын ұдайы өндіруге қажетті қоғамдық еңбектің не екенін анықтай алмай келеміз.

Ал, егер де пайда Маркс айтқандай қанау нәтижесі болmasa, онда оны қалайша түсінуге болады? Пайданың экономикалық табиғаты және оны анықтаушы факторлары қандай?

Пайда кіріс және төлем есебінде. Қазіргі кезде экономикалық теория пайданы енбек, жер және капитал сияқты өндіріс факторларын қолдану арқылы алынатын кіріс есебінде қарайды. Мәселені осы тұрғыдан алатын болсақ, онда пайда, біріншіден, кәсіпкердің көрсеткен қызметі үшін төлем деп анықтама беруге болады, екіншіден, пайда кәсіпкерлік әрекеттің тәуекелге баруы үшін төленетін төлемі ретінде алынады, үшіншіден, пайда жаңашылдық фирманны басқарудағы ерекше дарын үшін төлем, төртіншіден, монополдық пайда. Бұл пайда өндірушінің немесе

сатушының нарықтағы монополдық жағдайы немесе табиғи монополиядан алынады. Көбіне монополдық пайда тұрақты емес.

Пайда мөлшерін анықтаудың фирма үшін мәні аса зор. Айталық, 10 млрд. Тг капиталы бар фирма, ал ол 100 млрд. Тг капиталы бар фирма 10 млрд. Пайдадан көп томен. Бірақ, мұнда екі фирмада да пайда нормасы 10%.

8.2. Капиталға процент: мәні, динамикасы, оның факторлары

Пайда мен капиталға процент бір–біріне өте жакын үғымдар, бірақ оларды жеке бөліп қарауға да болады. Кірістің негізгі түрлері рентаға (табиғи корларды, жерді, уды, әуе кеңістігін) және ең бек ақыға, негізгі өндіріс фактолярына пайданы тек адекватты қарауға да блады. Сонымен, капиталдың қызметінен алынатын кірісті капиталға процент есебінде алып қарауға болады. Оны капиталға процент демей–ақ процент деп атайды.

Проценттің негізінде пайданың мөлшері жатыр. Таза кіріс немесе таза арендалық төлем осы объектіге жұмсалған инверситациялардың сомасы болып табылады.

Көбінесе процент мөлшерін бір жылға санайды. Процентті басқаша да анықтауга болады: ол фирмалардың және халықтың қаржы активінен алынатын кіріс. Халық өзінің жеке кірісін банктерде сақтау арқылы түрлі қарыз беруші мекемелерді инвестициялайды, ал кәсіпкершілік фирмалар инвестициядан процент алады. Тәжірибеде процент мөлшерін белгілеудің бірнеше түрі бар: қысқа мерзімді, ұзақ уақытты, белгіленген, қалқымалы.

Процентті пайдалану мақсатына қарай қарызға алынған ақшаның төлемі деп анықтама беруге болады немесе процент – қазіргі сәтте қорларды пайдалану құқығы үшін төлем. Басқаша айтқанда процент – өз мақсатына белгілі бір қорлард пайдалану мүмкіншілігі үшін төлем.

Адамдар бұрыннан қазіргі қорлардың бағасы келешектегілерден құнды екенін білге. Оған себеп: қазіргі қорларды пайдалану арқылы кәсіпкер өз мүмкіншілігін арттыра алады.

Бірақ ол үшін төлеу керек. Бұл төлем – процент. Процентті, қарызға алған ақшаға төлем болғандықтан, өндіріс шынындарына жатқызады. Процентті бүгінгі игіліктің келешектегі игіліктен артық құндылығы деп түсінуге болады.

8.3. Капитал

Практикада және нақты өмірде, экономикалық теорияға капиталдан жиі колданатын ұғым жоқ. Капитал деп келешек игілікті молайту үшін пайдаланатын қазіргі игілікті айтуға болады. Бастапқыда «капитал» (лат) деген сөз «басты мұлік», «басты сома» деген ұғымда пайдаланылды.

Капиталдың анықтамалары көп, олардың арасында, маркстің анықтамасын қоспағанда, айтарлықтай айырмашылық жоқ.

К.Маркс капиталға үш түрлі анықтама берді. Біріншіден, капитал өздігінен өсетін құн, екіншіден, қосымша құн әкелетін құн, үшіншіден экономикалық қатынас, қанау қатынасы.

Егер капитал өздігінен өспесе нарық экономикасы да болмаған болар еді. Бірақ Маркс қосымша құнды жалдамалы еңбекті қанаудың нәтижесінде алынатын құн деп түсіндіреді. Бұл пікірмен келісуге болмайды. Капиталдың белгілі–бір өндіріс қатынасы екенін жоққа шығармаймыз, бірақ капитал қанау қатынасы емес, экономикалық агенттердің арасындағы материалдық игілктерді өндіру және қызмет көрсету үшін қорларды пайдалану жөніндегі қатынастар.

Қосымша құнды, яғни пайданы пайдаланған қорлардың құны емес, пайдаланған қорлардың өзі әкеледі. Егерде қозғалыс болмаса, яғни қорлар пайдаланбаса өндіріс те болмайды, келешек материалдық игілік экономикасы тіпті экономиканың өзі де болмайды.

Капиталдың қазіргі кездегі анықтамасы. Алдымен капиталды процент көзі деп түсінуіміз керек. Бұл жағдайда капитал абстракталы өндіргіш күштер ретінде қаралады. Л. Вальраспен пірлес Дж.Кларктың позициясы бойынша капитал процент әкеледі, бірақ ол белгілі бір өндіріс құралдары беретін процент емес, рента. И.Фишер де, осыған үқсас позицияда. Ол капиталды «дисконтталған» кіріс тасқыны деп анықтاما берді. Бұл жағдайда кіріс мөлшері капиталды дисконттау жолымен анқталады.

Кейбір экономистер бәріне бірдей қажетті, іскер топтар арасында пайдаланылатын жан-жакты тауар, ақшаны капитал деп түсінеді. Капиталдың барлық істер адамдарға керектігі барлығымызға да белгілі, бірақ, ақшаны капитал деп түсіну қысынға келмейді. Инфляция кезінде немесе капиталдық тауарлар болмаған жағдайда ақша процент әкелмейді, қайта үсті–үстіне құнсыздана береді. Қөшілік зерттеулерде және окулықтарда капиталдың табиғи түріне, яғни капиталдық игіліктерге көніл аударылады. Мысалы, қазіргі экономикада: «талдау және пайдалану» атты екі томдық оқулықтың авторы Д.Хайман мынандай анықтама береді: «Капитал – бұл көп мөлшерде тауар өндіру және қызмет көрсету мақсатында ұзақ мерзімде пайдаланылатын қорлар». Капиталға машиналар, ғимараттар және қондырғылар, жылу құралдары, саймандар, шикі заттар және жартылай фабрикаттар жатады. Ал, адам капиталының бұдан айырмашылығы олардың дағдысынан, еңбекке қатысу ерекшеліктерінен, мысалы, практикада дәрігерлер түрлі медициналық қызмет көрсетеді. Капи-

талға осыған ұқсас анықтаманы П.Хейне, Ә.Долан, П.Самуэльсон тағы басқа авторлар береді. Самуэль сонда «капитал, өндірістің аралық факторы», яғни экономикалық жүйенің өзі жасайтын іргелі иғліктер ретінде қарайды.

Осы аталған анықтамалар бірін–бірі толықтырады. Олардың бір тобы таза экономикалық жағын анықтаса, ал екіншісі – капиталдық тауарларды пайдалану мақсатын аша отырып табиғи жағдайына көніл аударған.

8.4. Қорлардың ағымдағы құндылығының анықтау – дисконттау

Біз жаңа ғана Фишердің «капитал – дисконтталған кіріс тасқыны» дегенін айтқанбыз. Қазіргі сәттегі капиталдық иғліктиң құндылығы келесі жылға қаағанда процент мөлшерінен артық. Бүгінгі капиталдық иғлікten келесі жылы қанша алатынымызды дисконттау операциясын жүргізбей анықтай аламыз.

Дисконттау деп төмендегідей операцияны айта аламыз. Бізге нарықтық процент мөлшері белгілі делік. Биылғы жыл мен келесі жылдың кірісі тең емес. 1998 жылдың 1 млн. Тенгелік кірісі келесі 1999 жылдың сол сомасының кірісіне тең болмайды. Оған дәлел: нағыз іскер адам 1998 жылғы 1 млн. теңгені 1999 жылдың бірнеше миллионға жеткізеді, немесе бір миллионға белгілі процент мөлшері қосылады.

Дисконттау операциясын мына математикалық жолмен жүргізуге болады. Мысалыға, сіздің капиталыңыз жылдан N кіріс береді еken, ал нарықта процент мөлшері j – ге тең болса, онда сіздің капиталыңыздың ағымдағы құндылығы төмендегі формуламен анықталады:

$$V = \frac{N}{j}.$$

8.5. Еңбекақы, оның мәні, түрлері және жүйесі

Еңбекақы – бұл жұмыскерлерге, оның еңбегі үшін сапасына және қажетті өнім көлеміне сәйкес берілетін толем.

Қалыпты жағдайда еңбекақы өндірілген қажетті өнім құныны тең және оның ақшалай түрі болып табылады. Бұлардан басқа еңбекақыны мынандай факторлар анықтайды: жұмыс күшінің құны, еңбек өнімділігінің өсуі, жұмыс күшінің квалификациясының артуы, еңбек нарығындағы конъюнктура мен инфляция. Енді осы аталғандарға жеке–жеке тоқтала кетейік.

Жұмыс күші құны яғни жұмыскерлердің өніміне қажет және оның еңбекке қабілетін қалпына келтіруге жәрдемдесетін заттар жиынтығының құны. Атап айтсақ:

- жұмыскерлердің қажеттілігін қанагаттандыратын мүлік құны;
- оны мамандыққа оқытуға шыққан шығындар;
- оны отбасының өмір сүруіне қажет заттар құны.

Нак жұмыс күшінің құны қажетті өнім көлемін анықтайды. Оның өзінде жұмыс күшінің құны әр елде әр түрлі және уақыт өткен сайын өзгеріп отырады.

Жұмыскерлердің еңбек өнімділігінің өсуі. Ол еңбекақыны ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бірақ, оның өзінде еңбек өнімділігінің өсуі еңбекақы өсуінен шапшаң болады (әйтпесе, барлық пайда қажетті өнімге кетеді, ал қоғамға қажет қосымша өнім ұлғаймайды).

Жұмыс күшін квалификациялау және еңбектің түрі. Мысалы, күрделі, қызын жұмыстардың ақысы негұрлым жоғары болады; сирек және қайptі мамандық немесе ерекше талантты адамдардың шығармашылық еңбектері т.б. жоғары бағаланады.

Еңбек нарығындағы конъюнктура мен инфляция. Бұл негізінен алғанда жұмыс күшіне ұсыныс пен сұраныстың

қатынасы, жұмыссыздық жағдайы. Бұған қоса еңбек нарығында бәсекенің шиеленісуі дәрежесі де, ақшаны, сондай – ақ жалақыны арзандататын инфляция жұмыс күші құнының өзгеруіне әсер етеді.

Бұл аталғандардан басқа жұмыс күші құнының өзгериуіне қажетті өнімнің әлеуметтену дәрежесі әсер ететінін атап кеткен жөн. Қазіргі қоғамда қажетті өнімнің барлығы жұмыскерлерге жеке еңбекақы түрінде берілмейді. Қажетті өнімнің бір бөлігі әлеуметтенеді және әр түрлі салық, есептеп беру арқылы мемлекетке қоғамдық тұтыну қорына кетеді. Алайда, бұл шараның кері әсер етуі де мүмкін, сондықтан бұған аса абай болуды талап етеді, өйткені, еңбекке ынтаны жоятын салық салуды ұлғитудан сақтану қажет болады, сондай – ақ адамдарды масылдықпен бұзбауды қатаң еске алыш, теңгермешілікке жол бермеу керек.

Бұл индекстердің дамуын білу еңбекшілерге өз еңбекақысын индекстеуді талап етуге мүмкіндік береді. Әйттеде, жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасындағы еңбек дамуы әрқашан болып тұрады. Бірақ оны әр түрлі жолмен шешуге болады. Мысалы, көтеріліс – бұл еңбекшілердің негізгі демократиялық құқы, бірақ бұл екі жаққа да шығын әкеледі. Сондықтан да кәсіпкерлер мен жалдамалы жұмыскерлер бір – біріне бірдей дәрежеде қажет. Бұл жағдайды түсіну бір мәмілеге келуге мүмкіндік береді. Көбінесе солардың арасындағы өзара қатынасты мемлекеттің реттеп отыруы керек.

Кәсіпкерлер мен жұмыскерлер арасындағы келісім негізінен екі жолмен шешілуі мүмкін: макроконсенсус және микроконсенсус арқылы.

Макроконсенсус деп – еңбек қатынастарын макроденгейде реттеп отыруын айтамыз. Ал микроконсенсус деп – бір фирмандың өз ішінде тікелей келісім арқылы неғұрлым пайдалы жолмен шешуді айтамыз.

**Еңбекақының негізгі формалары мен жүйелері.
Еңбекке ақы төлеудінкірігі кездегі жүйелері мен
оны реттеудің тәсілдері.**

Еңбек төлемін өлшеуге байланысты еңбекақының ек түрі болады: мерзімдік, келісілген.

Мерзімдік еңбекақы – бұл төлем көлемі жұмыс істеген уақытына байланысты анықталады. Мұндағы қолданатын өлшеуіш – сағаттық өлшем – жұмыс уақытының бағасы. Оны жұмыс істеген сағат санына көбейтіп бір күн, апта, айлық еңбекақысын есептеуге болады.

Мерзімдік жалақы уақыты белгіленген технологиялық режимде қатал кестеге енгізілген конвейерлік, әсіресе автоматты өндірісте пайдаланылады.

Қазіргі кезде батыс елдерінде ұлты, жынысы, діні және т.б. белгілері бойынша еңбекақы әр түрлі болады. Бұл жағдайлар біраз елдерде әр түрлі дәрежеде болып тұрады. Еңбекақының салық пен инфляцияға тәуелділігіне байланысты номиналды және нақты жалақыны бөліп қарастыруымызға болады.

Номиналды жалақы – бұл еңбеккерлердің еңбегіне төленген ақша саны. Мұны да екіге бөлуге болады: есептелген және төленген. Номиналды еңбекақыға салықтар кіреді және ол тұтыну бағаларының дамуын, өсуін ескермейді.

Ал, ғылыми – техникалық революция дәуірінде бұл еңбекақы үстем болады.

Келісілген еңбекақы – жұмыскерлердің өндірген өнімі көлеміне байланысты анықталады. Ол көбіне қол еңбегі көп өндірісте өнім өндіру көлемін ұлғайтуға пайдаланылады. Оның мынадай элементтері бар:

Өнімділік қалпы – белгілі – бір уақыттың ішінде жұмыскерлердің міндетті түрде өндіретін өнімінің көлемі.

Уақыт қалпы – бір өнім өндіруге қажет уақытты көрсететін көрі өрсеткіш.

Әр данасын бағалау – еңбекақының күндік ставкасын өнім шығару қалпына бөлу.

Еңбекақының әрбір формасының өзі жүйелерге бөлінеді.

Еңбекақының формалары					
Мерзімдік			Келісілген		
Жай мерзімдік	Мерзімдік сыйлық	Тіке келісім	Келісілген сыйлық	Келісілген дамушы	Аккордты
Еңбекақының жүйелері					

Қарапайым – уақыттық – ставка мен нақты істелген уақытты есептеу арқылы төлеу.

Уақыттық – сыйлық – бұл да сол сандық, сапалық көрсеткіште белгілі бір жетістікке жеткені үшін берілетін сыйлық.

Тіке келісілген – қалыпты орындағаны ескерілмей, белгілі бір тарифпен берілген ақы.

Келісілген сыйлық – бұл да сол белгілі бір көрсеткіште жетістікке жеткені үшін берілетін сыйлық.

Келісілген дамушы – қалыпты көлемінде төлем негізі өзгемейтін тариф бойынша, ал қалыптан жоғары болса – ұлғайған тариф бойынша төленеді.

Аккордтық – соңғы нәтижеге берілетін төлем (орындалған жұмыстың көлемі мен сапасына байланысты).

Мерзімдік еңбекақының келісілген еңбекақы мен ұштастырылуының негізінде еңбекке ақы төлеудің көптеген икемді және тиімді жүйелері пайдада болды. Олардың неғұрлым жалпы белгілері мыналар: еңбекақыны еki бөлікке бөлу.

1. Базалық (әдетте 70–80 % – тен аспайды) жұмыскерлердің дәрежесіне байланысты төленеді.

2. Сыйлықтық (жалпы еңбекақының 50 %-не дейін) жоғарғы қызметкерге бонус «тантъемалар» төлеу.

Еңбекақы ставкаларын дараландыру – жұмыскерлердің өзі жақсарта алатын мынандай көрсеткіштер негізінде жүзеге асады:

- еңбек сапасы, өнімділік деңгейі
- материалдар мен жұмыс уақытын үнемдеу, еңбек қуралдарын күту және оның сақталуы
- жұмыскерлердің бірлігі, оның бірнеше мамандықты итеріш, қызмет көрсету аймағын кеңейту
- жұмыскерлердің белсенділігі, оның фирмаға берілгендейтін және әріптестік қабілеттілігі.

Фирма жұмысының нәтижелері мен капиталына қатыу жүйесін дамыту. Бұл мыналарды қарастырады: қайтадан үлес алу – өндіріс тиімділігін арттырудан түсken қосымша пайданы бөлу. Мұның өзі иегерлер мен фирма жұмыскерлерін жақындастырыады және соңғылары тек өз еңбегінің нәтижесі ғана емес, барлық кәсіпорындардың нәтижесіне ие олады. Бұған қоса фирмалар өз қызметкерлеріне акцияларды женілдікпен сатады. Мұндағы аса бір ерекшеліктің бірі фирмалық финансстық жағдайы туралы сұрақта жариялышық пен еңбекақы жүйесін анықтауға бүкіл ұжым мүшелрі қатысып, оның жолдарын өздері талдайды.

Еңбекақының Ұжымдық мердігерліктің таралуына байланысты, ұжымдық-аккордтық жүйе өз дамуын бастады. Мұның өзінді ерекшелігі мынады, олар бекітілген базалық төлемді (аванс) соңғы нәтижеге берілетін сыйлық төлемдері ұштастырыады. Аккордтық сыйлық жүйесінің де өзіндік артықшылығы бар. Мұндағы максат – жұмыс уақытын аяқтау емес, бекітілген тапсырманы шапшаң орындау, жұмыстың икемді кестесін қолдану мүмкіндігін алу, көршілес участкереге көмек көрсетуге мүдделілігі, жаңашылдық әрекет пен фирмалы меншеруге қатысуға кеңшілік алу.

Ең басты мәселелердің бірі – еңбекақыны реттеу. Өндіруші қызметкерлер үшін бұл шара ұжымдық шартарқылы жүзеге асады. Ал, жұмыскерлердің еңбегін бағалау тәртібі енек төлемінің формалары мен жүйесі «тарифтер» және «үстемелер» мен анықталады.

Басқару мен инженерлік – техникалық қызмет жұмыскерлерінің еңбегін төлеу жағдайы келісім – шартта көрсетіледі. Ол белгілі бір кезеңге жұмыскер мен әкімшілік арасында жасалады.

Еңбекақыны реттеу сұрақтарында белгілі – бір аралық қызметі кәсіподақ пен мемлекет жасайды. Мемлекет еңбекақының қажетті минимумын, сондай-ақ кәсіпорындарға бағыт – бағдар қызмет көрсететін негізгі тарифтік – квалификациялық бір өлшемдерді анықтай алады.

Нақты жалақы – бұл номиналды еңбекақыға сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің саны. Бұлнегізінен үш факторға байланысты болады: номиналды жалақының көлемі, салынған салық көлемі, тұтыну бағасының деңгейі.

Нақты жалақы еңбекке төленген ақшаның сатып алушылық қабілетін, оның нақты тұтынуышылық мағынасын көрсетеді. Өдette нақты жалақыны мынандай индекс анықтайды.

Номиналды еңбекақы индексі. Кезеңнің басы мен аяғындағы номиналдық ЕА-сомаларының, % катынасы. Мысалы еңбекақы 1000–нан 1100-ге өскенде оның индексі = 11%.

Тұтыну баға индексі – бұл кезеңнің басы мен аяғындағы тұтыну қоржыны құнның %-ке катынасы. Мысалы тұтыну қоржыны құны 1000–нан 1250 теңгеге өссе, бұл индекс 125 %-ке тең болады.

Нақты еңбекақы индексі мына формуламен анықталады:

көрсетілген еңбекақы индексі

емір құны индексі

Біздің мысалымызда:

$$\frac{110}{125} = 88;$$

Демек, бұл нақты жалақының 12%-ке түскенін көрсетеді.

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ, ОНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ МЕН ФОРМАЛАРЫ

9.1. Кәсіпкерліктің пайда болуы және оның өрістегі

Кәсіпкерліктің тарихы орта ғасырдан басталды. Ол кездегі көпестер, саудагерлер, қолөнершілер өз жұмысын бастаған алғашқы кәсіпкерлер болатын. Капитализм пайда болғаннан бастап, байлыққа көп пайда алуға ұмтылу басталды. Кәсіпкерлер әрекеті профессионалды және мәдениетті сипат ала бастады.

Казіргі заманғы көзқараспен кәсіпкерлік түсінікті алғаш рет қолданған ағылшын экономисі Ричард Кантильон (XVIII ғ. басында) болды. Оның пікірінше: кәсіпкер – бұл тәуекелділік жасай алатын адам. Байлықтың қайнар көзі - экономикалық иғіліктің нақты құнын анықтайдын жер мен еңбек деп санады Р.Кантильон.

Бұдан кейінірек XIX ғ. басында француз экономисі Ж.Б.Сэй (1767-1832) «Саяси экономиканың трактаты» еңбегінде кәсіпкерлік қызметтің анықтамасын өндірістің үш факторының: жер, капитал, еңбектің қосындысы деп берді.

Кәсіпкерлердің энциклопедиялық сөздігінде кәсіпкерлік түсінігі былай берілген:

«Кәсіпкерлік – табыс алу үшін өз атынан жүргізетін, өз жауапкершілігіне алатын азаматтардың дербес ынталы қызметі. Кәсіпкер кез келген шаруашылық қызмет түрін жүргізуі мүмкін егер ол заңға қайшы болмаса, мәселен: коммерциялық, аралық, сауда саттық, кеңес беру және қызметтерді, сондай-ақ бағалы қағаздар операциясы»

Кәсіпкерліктің өмір сүру жүйесінің екі түрі болады: жабық - өзін-өзі қамтамасыз ету және ашық жүйе – мұнда

фирмалар сыртқы ортамен өзара байланыста ғана , одан өзіне қажетті көмекті алғып пайдаланады.

Фирманың еңбек нәтижесі Питер Драккер (1954) теориясы бойынша жеті анықталады:

Еңбек белсенділігі - қолжеткен нәтиже / белгіленген нәтиже

Тиімділік – белгіленген шығындар / нақты шығындар

Өнім сапасы – фирмандың бүкіл жұмысының нәтижелілігімен анықталады.

Еңбек өнімділігі – еңбек нәтижесін / нақты шығындар

Пайдалылық – фирмандың қаржы жағдайымен анықталады .

Инновациялық – өндірісті модернизациялауға және оны ұйымдастыруға жұмсалған қаржының , қордың нәтижелілігімен анықталады.

Еңбекті өмірдің сапасы – материалдық және рухани көрсеткіштер жиынтығымен сипатталады.



Нарықтық кәсіпкерлік окулығында кәсіпкердік сипаттамасы толығырақ берілген: Кәсіпкерлік – қарқаржы жұмсақ , пайда алуға бағытталған қызмет.Онда қоғамның және жеке адам мүддесін , пайдасын үйлестіру негізге алынған.

Кәсіпкерлік ғызметпен жеке адам немесе бір топ адам айналысуы мүмкін.

Кәсіпкердің әлеуметтік – экономикалық бейнесі әр түрлі және ол тікелей меншік формасына байланысты болады. Кәсіпкер – кішігірім меншік иесі немесе кооператор, арендатор, жұмысшы немесе капиталист болуы мүмкін.

Барлық кәсіпкерлер үшін ортақ нәрсе, оларға тән ерекшелік: инициативалылық (ынталылық) ,тапқырлық, творчествалық, тәуекелділік , жаңалыққа құштарлық.

Кәсіпкерлік қызметті қалыптастыру үшін өзіне тән нақты орта қажет: экономикалық, мәдени-әлеуметтік, құқықтық, саяси , технологиялық және т.б.

Экономикалық әлеуметтік жағдайлары: Тауар сұранымы мен қысынымы, ақша ресурстары, табыс деңгейі, тұтынушылар табысы,талғамы және т.б.

Кәсіпкерліктің әлеуметтік жағдайлары: Тауарлардың дәмі, ұлгісі, ұлт өнегесі мен діни нормалар еңбек ақының көлемі.

Кәсіпкерлік қызметтәң қалыптасуына: кәсіпкер кадрларды дайындау, қайта дайындау және олардың квалификациясы жетілдіру әсер етеді. Сонымен қатар кәсіпкерлік қызметтің жетіле түсіне оны реттейтін заң жүйесіде әсер етеді. КР да Кәсіпкерлік қызмет туралы, Меншік туралы, жеке кәсіпкерлік, Шағын кәсіпкерлікті мемелкеттік қолдау туралы заңдар жиынтығы (1998) жарық көрді.

Казіргі экономика аймағында кәсіпкерліктің мынандай түрлері қолданылады: **өндірістік, коммерциялық және қаржылық.**

1. Өндірістік кәсіпкерлік – мұнда кәсіпкер тәкелей ақпарат, қызмет көрсету, жұмыс істеу, тауар және өнім өндірумен шұғылданады. Осы жағдайда кәсіпкер - өндіріс қызметінің түрін таңдайды , содан кейін тұтынушылармен байланысқа түседі.

Өндірістік қалыптасуы үшін кәсіпкер өндіріс факторларын: жұмыс күшін, өндірістік өорларды, ақпараттарды өолданады. Егер кәсіпкерде алғашқы капитал болмаса, ол несие алуына тұра келеді.

2. Коммерциялық кәсіпкерлікте басты рөлді акша атқарады. Мұнда тауарларды сату мен сатып алу, сату бағасы және тауарлар көлемі болжанады.

3. Қаржы қасіпкерлігінде сату сатып алу объектісіне тауар – ақша, валюта, бағалы қағаздар жатады. Қаржылық кәсіпкерлікте қызметтің ерекше түрлері көрінеді, егер кәсіпкер бағалы қағаздарды өткізу ретінде көрінсе, оны белгілі жағдайларда орналастырады және оның кәсіпкерлік қызметінің мәні сонымен қорытындалады.

9.2. Кәсіпкерлікті ұйымдастырудың негізгі формалары

Кәсіпкерлікті ұйымдастыру негізінен меншік формасына тікелей байланысты. Меншік түрлерінің көптілігіне байланысты ұйымдастырудың да формалары әр түрлі болады.

Нарықтық экономика қалыптасқан елдерде классикалық жеке меншік түрі тек бір-ақ адамның жеке меншігі түрінде сирек кездеседі. Мұндай меншіктер көбіне ұсақ кәсіпкерләк түрінде болады. Мысалы, Американың ауыл шаруашылық саласында 11 миллион дербес фирмалардың орташа жылдық кірісі 50 мың доллар.

Кәсіпкерлікті жүргізетін кәсіпорындар жауапкершілігі шектелген және шектелмеген деп екіге бөлінеді.

Жауапкершілігі шектелмеген ұжымдық кәсіпорны деп, ұжымның барлық мүшелері әрбір іске толық жауап беретін, қалыптасқан, заң жүзінде бескітілген статусы бар, кәсіпкерлік әрекеттердің тириң айтамыз. Олардың әр қайсысы өздерінің мүліктерімен жауап береді. Жауапкершілігі шектелмеген ұжымдық кәсіпорындарына жай және толық серіктестік жатады. Жай серіктестіктер 1917 жылға дейін және жаңа экономикалық саясат кезінде болды.

Капиталдарын біріктіріп, серіктестіктің мүддесі үшін іс жүргізетін ұйымды жай серіктестік дейміз. Ал толық серіктестік негізінен уақытша келісім шарты бойынша жұмыс істейтін адамдар ұйымдасады. Серіктестік мүшелері қосқан үлесіне қарамастан, өзінің барлық мүлкімен

жауап береді. Толық серіктестікке сауда және кеңес беруші әрекетімен шүғылданатын шағын фирмалар жатады.

Көп елдердің заңы бойынша, оның ішінде ҚР-да, мұндай серіктестіктердің өз аттары болуға тиіс (К. Смағұлов компаниясы) деген белгі қойылады. Сонымен, толық серіктестік, жай серіктестіктің, кооперативтің ұжымдық қәсіпорынның жалпы белгісі – олардың құрамына кірушілердің жауапкершілігіне шек қойылмайды. Мұнымен қатар жауапкершілігі шектелген серіктестіктерде кездеседі. Ондай фирмаларда иелерінің жауапкершілігі шектелген деген белгі болады. Әр фирмандың жауапкершілігі капитал мөлшеріне тікелей байланысты болады. Мұндай фирмалар құрамы құрылтайлық келісім арқылы немесе заңды құқы бармекемелер үйымдастыrsa, онда фирманды жалдамалы қызметкерлер басқарады. Ал егер фирманды азаматтар уйымдастыrsa, онда бұл азаматтар фирмандың барлық жұмысын тікелей басқара алады. Мұндай фирмалар түрі 1990 жылдың екінші жартысынан бастап өріс алды.

Жауапкершілігі шектелген қоғамның тобына шаруашылықты бірігіп жүргізетін заң арқылы бектілген азаматтардың бірлестіктері немесе заңды құқы бармекемелер жатады.

Жауапкершілігі шектелген ұйымдарға бұдан басқа аралас қоғамдар сондай-ақ мемлекеттік және мемлекеттік емес иелікке негізделген өнеркәсіп орындары да жатады.

Аралас серіктестік – бірнеше азаматтардың және заңды құқығы бар мекемелер бірлескен шарттары арқылы құрылады. Аралас серіктестіктердің мүшелері серіктестіктің міндеттемесіне өзінің қосқан капиталының мөлшеріне жауап береді.

Заң бойынша кіші қәсіпкерлік қызметке жеке тұлға қәсіпорын ашып, жылдық орташа жұмыскерлер саны 50

адамнан аспайдал бір жылда актив құны 60 мың есепті көрсеткіштен аспайтын өнім өндірген жағдайда шағын кәсіпкерлікке жатады.



Өндіріс шығындары

10.1. Шығындар, олардың мәні және құрылымы

Өндіріс шығындары - бұл өндіріс ресурстарын пайдаланудың ақшалай сипаты, оның нәтижесінде өнім өндіріледі.

Нарық экономикасы жағдайында фирмандың ең негізгі мақсаты пайданы көбейту. Ал бұл пайда мөлшері өнім өндіруге жұмсалған шығындар мен сол өнімнің сұранымына байланысты. Сондықтан да фирма басқарушысы өнім ондіруге жұмсалатын шығындарға жан – жақты талдау жүргізбей жаңа өнім өндіруге шешім қабылдамайды. Өндіріс шығындарын көптеген ғалымдар зерттеген. Шығын классикалық саяси экономиканың зерттеу объектісіне алынған. А.Смитт абсолютті шығын түсінігін енгізген. Д.Рикардо салыстырмалы шығын теориясын апты. Класиктер шығынға бір өлшем тауарға жұмсалған қоғамдық орташа шығынды алды.

К.Маркс шығынды құрал – жабдықтар мен жұмысшы күшіне төленген ақының жалпы қосындысы ретінде қарайды. Былайша айтқанда тұрақты және өзгермелі капитаңдың қосындысы ретіндей. $Ш = С + V$

Өндіріс шығындары жөніне түсінік арқылы. Мысалы, К. Маркс – тауар өндіру үшін қоғам тірі еңбек (қажетті және қосымша еңбек) және затқа айналған еңбек шығынын жұмсайды деп тұжырымдады (шикізат, жабдықтардың және жанар – жағармайдың құны). Бұл аталған шығындар тауардың құнын құрайды, оны қоғамдық шығындарға жатқызамыз.

Капиталист тауарды сатқаннан алған түсімнен шикізатқа, отынға, жабдықтарға, энергияға жұмсалған шығын-

ның орнын жауып, қажетті еңбектің ақысын төлейді. Ал қосымша еңбекке ақы төленбейді. Демек, қоғамдық шығыннан капиталитердің өнім өндіруге жұмсалған өндіріс шығындары төленбеген қосымша еңбек көлемінен аз болады.

$W=C+(V+m)$ – қоғам шығыны, мұндағы C – өлі еңбек,

$(V+m)$ – тірі еңбек шығыны;

$P=C + V + \text{өндіріс шығыны}$

Сонымен Марксше пайда – шығынға кірмейді;

Маркс өндіріс шығынымен қатар байланысты шығындар (транспорт, тауарды сақтау, буып тую, орау, өндеу, сату, т.б.).

Маркстің түсінігі бойынша шығындардың бәрі бірдей бағаның құрылуына қатыспайды.

Қазіргі кездегі батыс елдерінің экономистерінің Маркстен айырмашылығы олар шығынды шаруашылықты жүргізуші, тұргысынан қарастырады. Олардың ойынша кәсіпкер кез келген шығыннан табыс күтеді. Олар осы негізге сүйеніп кәсіпкерлер пайдасын шығынға жатқызыады, өйткені бұл тәуекелділік үшін төлем ретінде бағалағылады.

Дж. Кларк, Дж. А. Гобсон шығындарды түбегейлі зерттеген:

10.2. Шығынның түрлері

Өндіріс шығындары тұрақты және өзгермелі болып екіге бөлінеді.

Тұрақты шығындар (FC) - бұлар өндіріс көлеміне байланысты емес. Мысалы бұған жататындар құрылыш объектілердің амортизациялық жарнасы, рента көлемі, әкімшілік – басқару шығындары және т.б. Бұл шығындар тіптен өндіріс тоқтап қалған жағдайда да төленетін болады.


Озгермелі шығындар (VC) - бұл өндірілетін өнім салынына байланысты болатын шығындар: шикі зат, матери-

Оқу күралы

алдар, еңбек ақы және т.б. Өндіріс көлемі өскен сайын бұл шығындар көбейе түседі.

Тұрақты және өзгермелі шығындардың қосындысы жиынтық немесе жалпы (TC)

Жалпы, өзгермелі және тұрақты шығындарды график түрінде сзызуға болады



Өндіріс көлемі

Бір өлшем өнім өндіруге жұмсалған шығындарды өлшеу мына категориялар пайдаланылады: орташа жалпы шығын (ATC), орташа тұрақты шығын (AFC) және орташа өзгермелі шығын (AVC).

Орташа шығындар фирмандың пайдаланылған анықтау үшін қажет: егер баға орташа шығынға тең болатын болса, онда фирмандың тиімділігі нөлге тең, пайда болмайды.

Егер баға орташа шығыннан аз баоса, онда фирма зиянмен істейді, тіптен банкротқа ұшырау ықтимал.

Егер баға орташа шығыннан жоғары болатын болса, онда фирмада пайда осы айырмашылық көлеміндей болады.

Орташа жалпы (жиынтық) шығын – жалпы шығынды өндірілген өнімге бөлгендеге тең болады.

$$ATC = \frac{TC}{Q}$$

Орташа тұрақты шығын жалпы тұрақты шығынды өндірілген өнімге бөлгендеге тең болады.

$$AFC = \frac{TFC}{Q}$$

Орташа өзгермелі шығын – жалпы өзгермелі шығынды өндірілген өнім көлеміне бөлгендеге тең болады.

$$AVC = \frac{TVC}{Q}$$

Шығындарды бағалау әдісіне қарай: бухгалтерлік және альтернативтік деп бөлуге болады.

Бухгалтерлік шығын – бұл белгілі көлемде өнім дайындауға жұмсалған нақты факторлар шығындары (олардың сатып алу бағасы бойынша). Біракта сол ресурстің өзін әр түрлі альтернативті мақсатта пайдалануға болады. Сондықтанда айырылып қалған мүмкіндіктер немесе шығындар болады. Мысалы, кәсіпкер холодильник (тоңазытқыш) өндірісін ұтымды кірістерден айырылады.

Альтернативті шығын – бұл ресурстарды пайдаланудың барлық альтернативті тәсілдердің ішіндегі ең тиімді кіріс экелетіні, соның нәтижесінде алынған ақша суммасы.

Шығындар: ішкі және сыртқы болып екіге бөлінеді:

Сыртқы шығындар – бұл фирмандың шикізат, жабдықтар, транспорт, энергия алуға жұмсалған шығындары: кәсіпорынның өз құрамына кірмейтін шығындар.

Ішкі шығындар – бұл өз меншігіндегі еркін пайдаланылатын ресурстарына төленбекен шығындар. Мысалы, фирма өзінің өсірген астығының біразын тұқымға қалдырыды.

Фирма ең көп өнім шығаруды анықтау мақсатында оған кететін шегіне жеткен (шекті) шығынды есептейді.

Шекті шығын (MC) – бұл белгілі өнім көлемімен салыстарғанда әрбір қосымша өнім бірлігін өндіруге жұмсалған қосымша шығын:

$$MC = \frac{\Delta TC}{\Delta Q}$$

Бұл фирмандың стратегиясын анықтау үшін қажет. Өйткені тұрақты шығын өзгермейді, ал шекті шығын озгермелі шығынның өсіміне тең, байлаша айтқанда шикізат, жұмысшы күші және т.б.

10.3. Өндіріс шығындарын азайтудың негізгі бағыттары

Өндіріс шығындарын азайтудың үш жолы бар:

1. FTП өндіріске енгізу
2. Өндірісті еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру
3. Экономикалық процестерді мемлекеттік реттеу

Әрбір фирма өндірісті бастау үшін келешекте қанша пайда алатынын білуі керек. Ол үшін сұранысты зерттеу қажет және өнімді қандай бағамен сатуға болады, соны есептеу керек.

Фирманың барлық шығыны, негізінен өнімді өндіруге қолданған өндірістік фактордың орнын толтырады. Бұған кіретіндер енбек ақы түрінде еңбекке төлеу, жер – рента төлемі, капитал негізі және айналмалы қорлар шығындары. Сонымен бірге кәсіпкердің еңбегіне төленетін төлемдер өндіріс және сатуды ұйымдастыру шығын орына жатады. Мұның бәрі ашық шығын деп аталады. Ашық шығынның барлық жиынтығы өнімнің өзіндік құны болып есептеледі.

Бұдан басқа тікелей және жанама шығындар болады. Тікелей шығындарға мыналар жатады: шикізат пен материалдар құны, жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақысы, амортизациялық өтемдер, жал төлемі, салықтар.

Жанама шығындарға: әкімшілік шығындар, жалдау ақысы, амортизациялық өтемдер, қарыз пайызы т.с.с.

Қысқа мерзім кезінде шығынды: тұрақты (жылдық төлем, сақтандыру жарнасы) екіге бөлуге болады. Ал, фирма ұзақ мерзімдік уақытта пайдаланылатын өндіріс факторларының барлығын өзгертуі мүмкін. Әр фирма пайда алуға ұмтылады.

Пайда дегеніміз – жалпы түсім (ЖТ) мен жалпы шығындар (ТС) арасындағы айырма: $P = \text{ЖТ} - \text{ТС}$.

Фирма барынша аз зиян шегуге жағдай жасайтын өндіріс көлемін тандайды.

Өндіріс жабылғанда зиян (З) шығындарға (ТШ) тең болады: $Z = \text{ТШ}$. Ал, фирма ТШ-нан кем зиян шексе, онда өндірісті жүргізуге болиайды.

Баға орташа шығындардың ең төменгі деңгейінен жоғары болса РАС, онда фирма экономикалық пайда болады.

$MR \geqslant MC$ өндіріс көлемін ұлғайту қажет. Мейлінше көп пайда $P = MC$ болғанда алынады (пайданың ең жоғарғы деңгейі).

Фирма өз жұмысының түпкі нәтижесін анықтау үшін көптеген көрсеткіштерді пайдаланады. Оның ішіндегі неғізгілер: жалпы, орташа және шекті табыс. Фирма ең алдымен осы көрсеткіштерді есептейді.

Жалпы табыс – бұл бүкіл өткізілген өнімнен түскен барлық түсім. Ал, орташа табыс – бұл сатылған әрбір өнім бірлігінен түсітін табыс.

Шекті табысты да есептеудің өзіндік мәні бар, өйткені мұнда жалпы табыс өсімі өспей әрбір қосымша сатылған өнім бірлігіне есептеледі.

Ал фирманның пайдасы жалпы табыс пен өнім өндіруге жұмсалған өндіріс шығындарының айырмасына тең болады. Бұл көрсеткіштерді есептеп фирма өз жұмысының әрбір кезеңдегі деңгейін, бәсекелес көрсеткіштерімен салыстырып және болашаққа іс – әрекет жасаудың нақты бағдарламасын бекітеді.

ӨНДІРІС ФАКТОРЛАРЫНАН ТҮСЕТІН ТАБЫС

11.1. Факторлардан алынатын табыс және оның түрлері

Бәсекелестік нарыктағы өндіріс факторларынаналынатын табыс теориясы мынадай -зекті мәселелерді түсінуге мүмкіндік береді: жер рентасын, еңбек ақы мөлшерін және пайыз мөлшерін анықтауға және құрылуын түсінуге мүмкіндік береді. Алдымен табыс деп нені айтамыз. Соны қарастырайық.

Табыс – бұл жеке тұлғаның және фирмалардың ақша формасында алатын еңбек ақысы, пайыз, пайда және жұмыссыздыққа төленетін жәрдем ақы, зейнет ақы және өндірісфакторларын сатқаннан түскен кіріс және т.б. кез-келген жалпы кіріс. Табысты оның тұсу жолдарына қарай ажыратуға болады. Жалдамалы жұмыспен келетін ақша – бұл еңбекпен тапқан табыстың барлық түрі кіреді: жалпы еңбек ақы, әлеуметтік қамсыздандырудан түскен түсім және әлеуметтік қосымша төлемдер. Ал өндіріс факторларын меншік иесінің кірісіне: пайыз, жер участекісімен гимараттарды арендаға бергені үшін алынатын арендалық төлем, кәсіпорынның бөлінген және бөлінбеген пайдасы. Аталған табыс түрлерінің болуы осыған сәйкес нарықтарың жұмыс істеуінен деп түсіну керек: оған еңбек нарығы, капитал нарығы, қозғалмайтын мұлік және финанс нарығы жатады.

Өндіріс факторларына сұранымның өзгеруі еңбек ақыға, экономикалық ренттаға, пайыз деңгейіне және т.б. әсер етеді. Жер участекінің ұсыну әрдайым икемді бола бермейді, ал жалдамалы еңбектің бір сағаттық ставкасы үкіметке және кәсіподақ комитетіне тәуелді болады.

Капитал нарығының өзіне тән ерекшеліктері бар. Мұнда инвестиция мен сақтық қордың өзіндік әсері болады. Жалпы капитал нарығының жұмыс істеу бағалы қағаздардың (акция, облигация) қозғалысымен байланысты болады. Өйткені инвестиция жасау жолымен бірінші жағдай (акция сату арқылы) капитал көбейеді, ал облигация көмегімен капитал иесіңе алуға қалып жеткізеді. Өндірістің әр факторына табыстың белгілі бір түрі сәйкес келеді.

Өндіріс факторлары	Табыс түрлері
Еңбек	Еңбек ақы және айлық түріндегі кіріс
Жер	Арендалық төлем түріндегі кіріс
Капитал	Процент түріндегі кіріс
Кәсіпкерлік қызмет	Кәсіпкерлік пайда

11.2. Ресурстар нарығында бағаның құрылуды

Қоғам мүшелерінің кажеттілігін қанағаттандыратын ресурстар бір-бірінің тиімділігін күшайте түседі, кейде бірін-бірі ауыстыра алады және олар өзара бәсекелесте болады. Ресурстардың осындағы өзара әрекеті нәтижесінде белгілі бағадағы ресурстардың сұранымымен ұсынымының арасында байланыс қалыптасады.

Әр фактордың нарықтық бағасынан келетін табыс олардың шекті өнімділігімен анықталады. Бұл теорияның негізінде фирмандың шығынды барынша азайтып, максимум пайда алу, сөйтіп әрбір фактордың өнімділігін арттыру алынған. Мәселен жұмысшылардың еңбекақысы олардың өндірген шекті өнімінің ақшалай формасына сәйкес келуі тиіс. Мұның өзі ресурстарға қарағанда бағаның құрылудың көрсетеді. Өйткені мұндағы негізгі проблема еңбек ақы.

Ресурстарға сұраным, сол ресурстардың ұсынымынанда байланысты болады. Оны сипаттайтын негізгі көрсет-

кінштер: еңбек нарығы, жер, капитал, кәсіпкерлік қызмет. Енді осы категорияларды қалай анықтауға болады, соны қарастырайық: еңбек ақы – бұл жалдамалы еңбеккерлердің еңбегін пайдаланған үшін төленетін төлем, немесе бұл өндіріс факторларын падаланғаны үшін төлем ретінде болады. Еңбек ақы (номинальды, нақты) әр аптада төлеңеді және жұмыс алтасындағы істеген жұмыс сағатына, салық ставкасына байланысты. Мұның үстіне жалдамалы жұмыскерлер артық(сағат) уақыт жұмыс істеп, еңбек ақысын көбейтуі мүмкін .

Мерзімдік еңбек ақы – істеген уақытына байланысты анықталады. Ал келісілген еңбек ақыда еңбек ақы жұмыскердің өндірген өніміне байланысты анықталады.

1. Номиналды еңбек ақы индексі =бұл кезеңнің басымен аяғындағы номиналдық ЕА-сомаларының қатынасы. Мысалы: еңбек ақы 1000-нан, 1100-есті. Индексі=(1100:1000)=110

2. Тұтыну бағасы индексі – бұл кезең мен басы мен аяғындағы тұтыну қоржыны құнының процент қатынасы. Мысалы тұтыну қоржыны құны 1000-нан 1250-ге ости, бұл индекс 125%-ке тең болды (1250:1000).

3. Нақты еңбек ақы индексі – мына формуламен анықталады:

$$\frac{\text{Көрсетілген еңбекақы индексі}}{\text{емір құны индексі}} = \frac{110}{125} = 88;$$

демек бұл нақты еңбек ақының 12%-ке түскенін көрсетеді.

Жұмыскер мен жұмыс берушілер арасында әрдайым еңбек даму болады, оны әр түрлі жолмен шешуге болады: мысалы: көтеріліс – бұл еңбекшілердің демократиялық құқы, бірақ бұл екі жаққа да үлкен шығын әкеледі. Сондықтан да кәсіпкерлер мен жалдамалы жұмыскерлер бір-біріне бірдей дәрежеде қажет. Бұл жағдайды түсіну бір

мәмілеге келуге мүмкіндік береді. Көбінесе олардың арасындағы қатынасты мемлекет реттеп отырады.

Кәсіпкерлер мен жұмыскер арасындағы келісім не-гізінде екі жолмен шешілуі мүмкін: макроконсенсус және микроконсенсус арқылы. Макроконсенсус – деп, еңбек қатынастарын орталықтан (кәсіподак пен мемлекет арқылы) реттеп отыруын айтамыз. Ал, микроконсенсус – деп, бір фирмандың өз ішінде тікелей келісім арқылы неғұрлым пайдалы жолмен шешуді айтамыз.

Енді экономикалық рентаны қаруға болады. Бұл өндіріс факторының ақшалай формасы. Былайша айтқанда пайдаланған жер және басқа да табиғи ресурстар үшін төлем. Бұл ресурстар көлемі шектеулі болады.

Жоғарыда талдаған →EA, рента, пайыз=мұның бәрі пайда түрлеріне жатады.

Пайда –жалпы түсім мен өнім өндіруге жұмсалған барлық шығындардың айырмасы.

P=ω-III


1. К.Маркс пікірінше пайда қосымша құнының өзгерген түрі, қанау нәтижесі–деп берілсе

2. оқулықтарда, пайда кәсіпкерлік көрсеткен қызметі үшін төлем – деп анықталған.

11.3. Табыстың бөлінуі. Лоренц қисығы. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты

Сонымен табыстың құрылуы өзара байланысты болатын және бірін-бірі ауыстыра алатын өндіріс факторларын колдануға байланысты болатын болса, ал сол табыстың бөлінуі-мемлекеттің әлеуметтік саясатына байланысты. Экономикалық теорияда қоғамдағы табыстың нақты бөлінуін және оның әділетті түрде бөлінуін көрсететін М.Лоренцтің қисық сзығы пайдаланылады:

Табыс деңгейі



ОЕ – табысты әділетті бөлу

ОАВСД – табыстың нақты бөлінуі

$$\frac{\text{ОАВСД көлемі}}{\text{ОЕ көлемі}} = \text{Джини коэффициент немесе табыстың теңсіз бөліну коэффициенті}$$

Табысты бөлуде экономикалық тенсіздікті бәсендеді ту үшін жүргізілетін мемлекеттің әлеуметтік саясаты «тұтыну қоржынын» анықтауды қажет етеді. Мұның еzi рационалды төменгі деңгейіне сәйкес келуге тиіс.

Егер кімде-кімнің табысы «тұтыну қоржынын» құнының төмен болатын болса онда ол кедейлікте өмір сүргені. Мұндай жағдайда үкімет (мемлекет) олардың өмір сүру деңгейін жақсарту үшін тиісті әлеуметтік бағдарламны жүзеге асырады. Мұндай бағдарламаның басты бағыты: халықты жұмысқа қамтуды жақсарту және жұмыссыздықпен күрес.

БӘСЕКЕ ЖӘНЕ МОНОПОЛИЯ

12.1 Бәсеке, оның мәні және түрлері

Нарық өзін өзі реттеуші қызметін тек экономикалық бәсеке болғанда атқара алады. Бәсеке (латын сөзі concurecze – соғысу) нарық қатынасына қатысушылардың тауар өндіру, оны сату, сатып алушың ыңғайлы жағдайлары үшін экономикалық сайысы.

Бәсеке тауар шаруашылығының заңдылығы. Бәсеке нарықта төле тәң бағаны ұстап тұруға мүмкіндік береді. Бәсекенің түрлері көп: жетілген бәсеке, жетілмеген бәсеке, монополистік бәсеке, олигопия.

Жетілген бәсеке. Жетілген бәсеке жағдайында нарық ізара бәсекелуші көптеген сатушылардан тұрады. Олардың әр қайсысы кіптеген сатып алушыларға стандартты бір түстес өнім ұсынады. Жеке өндірушілер жағынан өндірістің және ұсынымның нарықтағы тауардың өте аз үлесін құргандықтан, нарық бағасына әсер ете алмаған соң, нарықтағы осы бағаға келісіп оны берілген параметр есебінде қабылдайды.

Нарық бәсекесіне қатысушылардың барлығы да ақпарат туралы бірдей еркін мәлімет алады, яғни барлық сатушылардың баға, өндіріс технологиясы, алатын пайдасы туралы түсініктер, онда болатын өзгерістер туралы хабарлар болады. Демек фирма қажет десе кез келген тауарды өндіріп, сатып алады немесе оны өндіруді тоқтатып кедергісіз нарықты тастанап басқа салаға кете алады.

Баға бұл жағдайда жиі ауытқып отырады, ол жеке сатушылардың ықпалынан емес, нарықтағы ұсыным және сұранымның өзара әрекетіне байланысты болады.

Жетілмеген бәсеке. Таза бәсекенің тек бір жағдайы орындалмagan жағдайда жетілмеген бәсеке пайда бола-

ды. Нарықта өнімніңбасым көпшілігін ұсынатын фирмалардың саны шектелген, ұсынымның едәуір бөлігі бір қолға шоғырланған. Ирі коorporациялардың нарықтық ортамен қатысы ерекше болады. Біріншіден, олар нарықта үстемдік жасап, өнімді сатуға әсерін тигізеді. Екіншіден, нарыққа қатысушылардың да қатыстары өзгереді: өндірушілер өз бәсекелестерінің тәртібін қызыптылық пен бақылап отырады және олардың тәртібіндегі өзгерістерге үақытында қарсы қымыл жасайды. Мұндай конкуренттік қатынастарды жетілмеген бәсеке теориясы зерттейді.

Бәсеке түрлері аса көп.Мәселен:

1. Монополиялық фирма арасындағы бәсеке: өнім өткізу нарығы, шикізат көзі, пайдалы тапсырыстар мен несиелер, патент, лицензия және т.б. үшін өрістейді
2. Монополиялық бірлестік ішінде: нарық бөлісі кезінде пайдалы жағдай, баға белгілеу үлестерді өндіру басшы орындар үшін өрістейді
3. Монополиялық және монополиялық емес фирмалар аутсайдерлер арасында. Тауарды өндіру мен өткізудің пайдалы жағдайлары үшін өрістейді.
4. Аутсайдерлердің өздерінің арасында сатып алушылар үшін дәстүрлі еркін бәсекелес түрінде өрістейді.

Мұның бәрі капиталды пайдалы орналастыру және сатып алушылар үшін өрістейтін сала аралық бәсеке болып табылады.

Ал, бұдан да басқа бәсеке түрлеріне тоқталсак:

1. Баға бәсекесі. Еркін бәсеке дәүірінде кең тараған ашықтан ашық бағанды тәмен түсіру, мысалы, демпинг. Бүгінде баға бәсекесі жасырын жүреді, мысалы ірі пайдалы әріптеске тауарды арзан сату.
2. Бағага қатысы жоқ бәсеке. Техникалық артықшылық, шығарылған өнімнің жоғары сапасы мен сенімділігі, тұтынушыларға аралық қызмет көрсету, ақы төлеудің ыңғайлы жағдайын жасау.

3. Бәсекенің нарыққа қатысы жок түрі. Мемлекеттік тапсырыс үшін күрес, мамандарды өз фирмасына тарту, өндірістік шпиондық, қаржылық, рәкет ,т.б.

Қазіргі заманғы бәсеке сипаты өзгеруде. Егер бұрын әр firma өз бәсекелесіне жалғыз өзі қарсы тұра алатын болса, бүгінгі кәсіпорын басқа фирмаларды тек қана бәсекелес емес, болашақ мақсаттас әріптесдеп қарастыратын ашық жүйе.

Бәсекенің атқаратын қызметі:

- Өндірісті кеңейтеді;
- Еңбек өнімділігін арттырады ;
- Баганы түсіреді;
- Тауар сапасын көтереді;
- Тиімділікті арттырады;
- Тиімсіз кәсіпорындарды жояды.

Бәсекелестік күрес әдістері:

- Тауар сапасы мен түрлерін өзгертпей, бағасын төмендету; өндіріс шығындарын азайту
- Қаржылық айла жарғы; құнды қағаздарды алып сату, тыңшылық
 - Тауар қасиеттерін өзгерту , оған сапалы жаңа қасиеттер беру, сатылғаннан кейін техникалық қызмет көрсету.
 - Нарықты жандандыратын бәсекеге фирмалардың өзара келісімі арқылы, оладың экономикалық күштерінің шоғырлануы қауіп төндіріп отырады. Соның нәтижесінде бәсекенің жауы монополия пайда болады

12.2. Монополияның пайда болуы, оның ерекшеліктері және оған қарсы шаралар

Монополия (гр. Monos- біреу, poleo-сатамын) кең мағынада алғанда, әр жеке адамның топтың немесе мемлекеттің бір экономикалық әрекетке ерекше құқығы; тар мағынада алғанда бір сатушының ерекше шаруашылық жағдайы.

Монополияны екі сферада қарастыруға болады:

Нарықтағы және өндірістегі, олардағы негізгі белгілері мыналар: а) шаруашылық әрекетінің бір өндірісінің жоғары дәрежеде шоғырлануы; ә) белгілі бір фирмандың белгілі бір тауар нарығында үстемдік құруы; б) нарықта монополиялық бағаның орнауы және аса ірі фирмалардың монополиялық жоғары пайда табуы.

Монополиялық бағаның екі түрі бар: а) монополиялық жоғары баға қоғамдық құннан жоғары болады. Бұл монополистер сататын тауарларға қойылады; ә) монополиялық тәмен баға. Ол қоғамдық құннан тәмен болады. Бұл монополистердің сатып алғатын тауарларына ғана қойылады.

Монополистік жоғары баға (МЖБ) мен қоғамдық құн айырмашылығы монополиялық жоғары пайданы құрайды (МЖП).

МЖП=МЖБ – құн

Монополияның пайда болуының басты себебі: өндіріс пен капиталдың шоғырландырылуы.

Монополия мақсаты - монополиялық пайда алу.

Мақсатқа жету қуралы - монополиялық баға.

Шоғырландырудың негізгі бағыттары:

- Көлденең шоғырландыру өндірістің бір саласында қызмет ететін компаниялардың біріктірілуі.

- Тек бірігу өндірісі бір технологиялық сзықпен байланысты әр салалы компаниялар біріктірілуі.

- Диверсификация технологиялық жағынан байланысы жоқ әр салалы компаниялар біріктірілуі.

Монополияның әлеуметтік-экономикалық салдары:

- Таза бәсекелестік нарыққа қарағанда аз тауар көлемін шығарады;

- Таза бәсекелестік нарыққа қарағандажоғары баға белглейді;

- Монополиялардың сақтандыруға үлкен шығындар жұмсалады.

Монополиялық билікті қысқарту тәсілдері:

- Монополияға қарсы саясат;
- Экономикалық реттеу;
- Мемлекеттік мешікті қалыптастыру.

Монополияның мақсаты нарықтық бағага немесе өндіріс көлемін бақылау жасау арқылы ең жоғарғы табыс алу. Пайданың негізгі қайнар көзі нормадан артық табыста қамтамасыз ететін монополиялық баға. Негізінде ең жоғарғы пайданы алудың екі жолы бар: біріншісі бағаны өзгерту болса, екіншіден өнім шығару көлемін азайту.

Монополияның күшін бағалау үшін А Лернер индексі қолданылады:

$$L = \frac{P - m}{P} = \frac{1}{E}$$

Мұнда Е - сұраным икемділігі

Егер басқа факторлар тұрақты болған жағдайда монополияның күші сұраным икемділігіне кері пропорционал болады.

Ең жоғарғы жалпы пайдаға мына жағдайда қол жеткізуге болады: $D \approx N$. Егер $D > M$ болса, онда өндірісті кенектігеп, ұлғайтуға болады.

$P < M$ болса, өндірісті қысқарту керек.

Фирманың терең тенденциялық нүктесі және пайданың ең жоғарғы деңгейене жету шекті табыс пен шекті шығын тен болған жағдайда ғана мүмкін болады. Былайынша айтканда фирма терең тенденциялық нүктесі жағдайда орнайды: $MC=MR$

Негізінен, монополияның екі түрін белгілі бір өнімнің өндірісі мен сату өткізу жоғарылату арқылы, қолдан жасалған монополия.

Жасанды монополия бұл бір қолда белгілі бір өнімнің өндірісі мен сату өткізу жоғарылату арқылы, қолдан жасалған монополия.

Табиғи монополия барлық дәуірде де өмір сүрді, ал жасанды монополия капитализм пайда болғаннан бастап, әсіресе XIX ғ. Соңынан бастап тез дамыды.

Нарықтық билік және жоғарғы пайда табу үшін монополиялық одақтардың формалары әр түрлі.

Олар мыналар:

Картель - бір саланың кәсіпорындары. Олар өндіріс үлесі және баға деңгейі туралы келісімге келеді. Олардың ондірісік және коммерциялық дербестігі сақталады.

Синдикат - бұл біртекtes өнім шығаратын кәсіпорындар. Олар өндіріс үлесі, өнімді бірлесіп сату және баға туралы келісімге келеді. Ол кәсіпорындар өзінің коммерциялық дербестігін жояды, ал өндірістік дербестігін сақтайды.

Трест - бірлескен мешітік, өндіріс пен тауар сатуды жалпы басқару негізінде бірлесу. Мұндағы кәсіпорындар өзінің өндірістік және коммерциялық дербестігін жояды.

Концерн - бір қаржылық орталығы бар көп салалы фирмалардың біріктірілуі.

Конгломерант - бас компанияның өзімен қызмет жағынан байланысы жоқ басқа компанияларды және қосылуы нәтижесінде пайда болған бірлестік.

Ұсақ және ортақ өндірушілерге қарағанда жоғарыда айтылған ірі компаниялардың тиімділігі ете жоғары. Бірақ, бүкіл қоғам көзқарасымен қарағандаолар мынандай жағдайларда туындауы мүмкін:

- Жасанды ділгерлік және сұраным мен ұсыным тепе тенденциінің жойылуы;
- Бағаның жоғарылауы және өнім сапасының нашарлауы;

- Басқалардың есебінен монополисттердің өте көп пайда табуы;
- Билікті өз пайдасына бұру;
- Гылыми техникалық прогрессің тоқырауы мен құлдырауы және т.б.

КР монополияларға заңдар келесі заңдарға негізделеді:

- Табиғи монополиялар туралы;
- Арам бәсекелестік туралы;
- Бәсекелестік және монополиялық қызметті шекте утуралы.

Қазіргі монополияға қарсы заңының екі бабы бар: бағалардың және компаниялардың бірігуіне бақылау жасау. Монополияға қарсы заң ең алдымен баға туралы келісімге тиым салды. Баға белгілеу үшін фирмалардың арасындағы жасырын келісім заңсыз деп саналады.

КАПИТАЛДЫҢ АУЫСПАЛЫ АЙНАЛЫМЫ МЕН АЙНАЛЫМЫ

1. К. Маркстің айтуынша, **Капитал** – бұл өздігінен өсетін, қосымша құн әкелетін құн.

2. В.Д. Камаевтің айтуынша, **капитал**- бұл тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін қолданылатын турлі ресурстар мен өндіріс құралдары -табыс әкелетіннің барлығы.

3. А.С. Булатовтың айтуынша **капитал**- бұл өз иесіне кәсіпкерлік қызмет жүргізуге мүмкіндік беретін материалдық, парасаттық жабдықтардың белгілі бір сомасы.

4. Райзберг Б.А., Лозовский Л.Ш. және т.б. **капитал** (**латын тілінде capitalis-** басты, басты мұлік, басты сома)- бұл табыс әкелетіннің барлығы немесе адамдардың тауарлар мен қызметтер өндіру үшін жасаған ресурстары- деп есептеген.

Ү. Нургалиевтің пікірінше- қазіргі кездегі табыстың қайнар көзі- адам капиталы. Адамсыз (жұмыскерсіз) табыс болмайды және басты мұлік пен сомада өспейді.

13.1. Өндіріс және ұдайы өндіріс. Жеке ұдайы өндіріс. Фирма (кәсіпорын) нарықтық экономиканың субъектісі

Біз өткен тақырыпта нарықтық қытынастарды, нарық механизмін, ондағы сұраным және ұсыным заңын қарастырдық. Онда өндіріс көлеміне әсер ететін баға және бағага жатпайтын факторларды талдадық, олардың арасындағы байланысты сұраным және ұсыным қисық сыйзығы арқылы көрсеткенбіз. Ал бүгінгі қаралатын капиталдың ауыспалы айналымы мен айналымы және оның жылдамдығы сол өткенде қаралған өндіріс көлемінің

артуына тікелей әсер етеді. Демек сол өткен мәселенің жалғасы деуімізге болады. Өйткені, өндіріс әрдайым тоқталмауы керек. Өндіріс деп біз, факторлардың өзара жалғасуын айтамыз. Ал өндіріс нәтижесінде өндірілген материалдық және рухани игіліктер тұтынылады. Қоғам тұтынуды тоқтатпайды. Демек өндіруді де тоқтатпақ емес. Адамдар өмір сүруі үшін, еңбек істеу үшін тағам өнімдеріне, киімге, тұргын үйге және т.б. ие боуы қажет. Қоғам өндірісті бір жылға ғана емес, бір айға тоқтатса, онда оның жойылуы әбден мүмкін. Өндірістің ең басты міндеті- айқындылығы, үздіксіздігі және тұрақты түрде түрленуінде. Өндіріс процесінің қоғамдық түрі қандай болса да, ол үздіксіз болуы керек, яғни белгілі бір сатыларды кезеңмен қайталанып және қайта қайталанып жүріп отыруы қажет.

Өндіріс процесінің тұрақты қайталануы және үзіліссіз жасауры үдайы өндіріс деп аталаады.

Үдайы өндіріске пайда табуды мақсат етіп қойған миллиондаған шаруашылық жүргізетін субъектілер қатысады. Солардың ішінде үй шаруашылығы, бүтіндей мемлекет және оның шаруашылық жүргізетін құрылымдары, банктер, сактандыру және қарыз қоғамдары т.с.с. Одан басқа әр елде өзінің ұлттық шаруашылығына тән экономикалық агенттер қызмет істейді.

Ал нарық экономикасы фирманды өзінің ең тиімді қызмет атқаратын экономикалық агенті есебінде таңдал алды. *Демек, фирма нарықтық экономиканың негізгі экономикалық агенті.*

Бір немесе бірнеше кәсіпорыннан тұратын, пайда табу үшін тауар мен қызметтер жасап шыгаруға ресурстарды пайдаланатын ұйымды firma деп атайды. Фирмаларды жіктеу үшін әр түрлі корсеткіштер колданылады, олардың маңыздысына меншіктің формалары және фирмандың көлемі жатады.

Оқу кұралы

Меншіктің формасына сәйкес фирмалардың үш түрі аталаады:

- индивидуалдық немесе жеке кәсіпкерлік
- серіктестік
- корпорация

Кәсіпкерліктің сферасының қандайында болмасын, кәсіпкер капитал жұмысын өзіне тезірек пайда табуды алғашқы жұмсалған (аванс етілген) сомадан артық сомаға ие болуды мақсат етіп қояды. Ол үнемі пайда табуды көздейді. Бұл үшін ол өндірісті үзбей, жалғастыра жүргізу керек, яғни жеке ұдайы өндіріс болуы қажет.


Ұдайы өндіріс өнеркәсіптік капиталды пайдалану негізінде жүреді. Капитал үнемі қозғалыста болады. К. Маркстің пікірінше «... капиталды қозғалыс ретінде түсіну керек, оны тыныштықтағы зат деп емес».

Капитал буржуазиялық өндіріс қатынасы ретінде, тоқтаусыз қозғалыста болады. Өйткені, ұдайы өндіріс капиталсыз жүзеге аспайды.

Капитал жинақталған мүлікте және байлықта емес. Ол үнемі қозғалыста болатын құн, осының нағијесінде қосымша құн әкелетін құн.


Капиталдың үнемі қозғалыста болатынын Карл Маркс «капиталдың» екінші томында жан-жақты баяндаған. Капитал өз қозғалысында үш сатыдан өтеді және әр сатыда нақты функционалды міндет атқарып, белгілі бір форма-да болады.

Бірінші сатысы. Кез-келген капиталдың қозғалысы ақша формасынан басталады. Кәсіпкер тауар және еңбек нарығына сатып алушы ретінде келеді. Өзінің мұнда алып келген ақша қарожатын тауарға айналдырады. Ол нарықтан ӨҚЖ және ЖК сатып алады. Мұны мына формуламен жазуга болады.



Мұнда капитал ақша формасында болады. Ақша капиталының қызметі- қосымша құн өндіруге қажетті жағдайларды дайындау болып табылады. Капиталдың ауыспалы айналымының бірінші сатысы аяқталады. Капитал одан ері қозғалысы екінші сатыдан басталады.

Екінші сатысы. Мұнда кәсіпкер сатып алған тауарларын өндіріс процесінде пайдаланады. Соның нәтижесінде жаңа құн өндіріледі ($V+m$) ($K_a\Theta+K_o\Theta$)



Мұнда ақша капиталы өндіргіш капиталға айналады немесе мұны капиталдың өнімділік түрі ретінде қаруаға болады.

Өндіргіш капиталдың негізгі қызметі - жаңа құн өндіру, оның ішінде қосымша құн бар.

Құн мөлшері тек қана өндіріс процесінде өседі. Сонымен капитал қозғалысының екінші сатысы - негізгі, анықтауыш саты.

Үшінші сатысы. Капитал қозғалысының үшінді сатысында өндірілген тауар, ақша формасына айналады. $T^l-A^l=$ тауар формасында=міндетті- қосымша құнды сату, өткізу.

Кәсіпкер нарыққа қайта оралады. Енді сатушы ретінде барады. Мұнда бір ерекшелік бар.

Ол T^l - құрамында қосымша құн болады. Алғашқы сатыдығы A мен оның соңғысатысындағы A^l бір-біріне тең емес. Себебі оның A^l -ның құрамында алғашқыда авансыланған капитал құны мен қосымша құн ($A+\Delta d$) бар.

Сонымен капитал үшінші сатыда тауар формасында болады. Тауар капиталының міндетті осы қосымша құнды сатып алып өткізу.

Оку құралы


Капитал ауыспалы айналымының салаларынан өткенде әр түрлі қызмет атқарады. Оны капиталдың функциялық формасы деп те атайды. Олар: ақша, өндіргіш және тауар формасындағы капиталдар.

Сонымен капиталдың ауыспалы айналымы ұғымын қалай түсінуге болады?

13.2. Капиталдың ауыспалы айналымы


Капиталдың ауыспалы айналымы дегеніміз- қозғалыс процесінде біртіндеп бір формадан екінші формага айналып, әртүрлі қызмет атқарып, бастапқы формасына өскен көлемде қайта оралуын айтамыз.

Капиталдың ауыспалы айналымының толық формуласы мынадай:




Ақша капиталы

Ақша, өндіргіш және тауар капиталдары өзара тәуелділік байланыста болады. Әр форма жүйелі түрде келесін қажет етеді. Бірақ, капиталдың әр формасы белгілі бір мерзімді, уақытты қажет етеді. Сондықтан да капиталдың әр функционалдық формасы өз алдына жеке толық ауыспалы айналам жасай алады:



Өндіргіш капиталы



Тауар капиталы

Ауыспалы айналымның әрқайсысының нәтижесінде, кәсіпкерге ақшалай формада авансталған капиталдың тек бір бөлігі қайтып келеді; барлық капиталдық құн өз иесіне өзінің бастапқы ақшалай формасында толық қайтып түскенде ғана, капитал айналым жасайды.

Демек, “Жеке акт емес, мерзімді процесс ретінде қаралатын капиталдың ауыспалы айналымы капитал айналымы” – деп аталады.

Сонда капитал айналымы бірнеше ауыспалы айналымнан тұрады. Капитал өз қозғалысында бір өндіріс салтысынан және екі айналыс салтысынан өтеді.

13.3. Негізгі және айналмалы капитал. Негізгі капиталдың тозу. Тозу түрлері

Капиталдың әр түрлі әлементтерінің айналымы бірдей журмейді. Капитал құрамындағы әлементтердің функцияларына сәйкес, тек өндіргіш капитал (ақша және тауар капиталы емес) негізгі және айналмалы болып екіге бөлінеді.

Негізгі капитал - бұл өндіріс процесіне тұтас катынасатың, бірақ өз құнын өнімге бірте-бірте ауыстырып, меншік иесіне ақшалай формада бірте-бірте оралатын капитал. Негізгі капиталға барлық жабдықтардың, машиналардың, өндірістік ғимараттардың, құрылыштардың құны жатады. Шикізат, отын, материалдар айналымы капиталға жатады, бұлардың құны әрбір ауыспалы айналым актысынан кейін қайтып оралып отырады. Осыған жұмысшы күшінің төлем құны да жатады.

Айналмалы капитал өз құнының өндірілеттін өнімге берген, түгемімен қошіріледі. Иесіне капиталдың әрбір ауыспалы айналымынан кейін, ақша формасында түгелдей қайтып келеді. Мысалы, шикізат, материалдар, отын, жұмыс құші құндары меншік иесіне осындағы жолмен оралады.

Негізгі капитал табиғи және моральді тозады. Еңбек құралдары пайдалану кезінде тұтыну құнын біртіндей жоғарлатады. Өнімге көшіру арқылы жоғалтып отыру процесін негізгі капиталдың табиғи тозуы деп айтамыз. Белгілі бір мерзімде өндіріс құрал-жабдықтардың тозығы жетіп, пайдалануға жарамсыз болады.

Негізгі капиталдың моральдық тозуы, табиғи тозу дәрежесіне байланыссыз тиімсіз болып қалуы. Мысалы, өнім шыгаратын станок бар делік. Станок өндірісте он жыл жұмыс істеуге тиісті. Алайда бес жыл өткеннен кейін осы типтегі жаңа, өте икемді, жоғары өнімді станок пайда болады. Енді ескі станок өндірісте пайдаланбайды, себебі- тиімсіз. Жаңасымен ауыстырылады. Бұрынғы станок табиғи жарамдылық құйіне қарамастан он жыл қызымет істей алмай өндіріс процесінен ығыстырылады, демек, ол моральдық тозуға ұшырады. Мұны экономикалық әдебиеттерде *сапалық тозу* деп те атайды. Өндірілген тауарларға қошірілген және ол тауарларды өткізгеннен кейін ақша формасында меншік иесіне қайтып оралатын еңбек құралдарының құны *амортизациялық* (*негізгі капиталдың орнын толтыру қорын*) жарнама құрайды. Негізгі капиталдың табиғи және моральдық тозуы ескеріліп отырады. Өлшем құралы амортизация нормасының дәрежесі. Ол амортизациялық жарнасы сомасының еңбек құралдарының құнына процент арқылы бейнеленген қатынасы. Өндірісті ұлғайту көздерінің бірі.

Капиталдың нәтижелі пайдалануын бейнелейтін негізгі көрсеткіштер көп. *Олар капиталдың айналым уақыты; өндіріс уақыты; жұмыс кезеңі; капиталдың айналым саны және айналым жылдамдығы; жалты және нақтылы айналымы т.б.*

Өндіріс уақыты дегеніміз- капитал өндіріс саласында болатын уақыт. Ол өзіне, біріншіден, еңбек затына тікелей әсер ету уақытын, екіншіден, табиғат күштерінің еңбек затына әсер ету уақытын, сондай-ақ өндіріс технологиясына байланысты өндіріс процесіндегі үзілістерді, үшіншіден, өндіргіш капиталдың өндірістік қорлар түрінде болу уақытын қамтиды.

Жұмысшының еңбек затына тікелей әсер етуі жүзеге асырылатын уақыт жұмыс кезеңіндей құрайды. Бұл еңбек заты нақты еңбектің тікелей әсеріне үшіншідей уақыт. Нақ жұмыс кезінде құн және қосымша құн жасалады.

Жұмыс кезеңінде үзактығы авансталған капиталдың айналым жылдамдығына және көлеміне әсер етеді. Жұмыс кезеңі неғұрлым аз болса, капитал соғұрлым жедел айналым жасайды, демек, өндіріске капитал соғұрлым аз жұмсалуға тиіс. Капитал айналымын тездету үшін кәсіпкер еңбек өнімділігін және оның интенсивтілігін арттыру, көп сменалы жұмысты енгізу, әр алуан техникалық жетілдірулерді іске асыру т.б. арқылы жұмыс кезеңін қысқартуға ұмтылады.

Өндіріс уақыты сондай-ақ, өндірістегі табиғи процестердің жеделдеуі нәтижесінде де қысқарады. Өндіріс дамуының негізгі нәтижесі, химия, биология және басқа ғылымдар саласында ірі-ірі жетістіктер өнеркәсіп өндірісінде табиғи процестерге жұмсалатын уақытты құрт қысқартуға, ол процестерді интенсивтендіруге мүмкіндік береді, мұның өзі капитал айналымын тездете түседі.

Белгілі бір себептерге байланысты өндіріс процесі тоқтайтын уақыт та өндіріс уақытына жатады. Бұл босқа қарап түрулар. Мұның өзі кәсіпорындардың жұмыспен толық қамтамасыз етілмеуімен, өнім өткізу проблемаларының шиеленісүінен, ереуілдерден және басқа да себептерден туады. Өндіріс уақыты сондай-ақ өндіріс құрал-жабдықтары ұдайы өндіріс процесінің қалыпты барысын қамтамасыз етуге қажетті қорлар ретінде кормаларда жататын уақытты да қамтиды. Бұл қорлар ықпалды өндіргіш капитал болып табылады.

Оқу кұралы

Капитал айналымының ұзақтығына айналыс уақыты зор әсер етеді. Тауарды өндірушілерден тұтыншыға тасымалдау, тауар қорын сақтау, дайын тауарларды сату, өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күшін сатып алу уақытынан құралады. Сату уақытының ұзақтығы байланыс пен транспорт құралдарының дамуына, нарықтық конъюнктурасына, зат өткізу нарығының қашықтығына, еңбекшілердің төмен қабілетіне, тауардың бәсекелестік қабілетіне т.б. байланысты болады. Капиталдың транспорт, байланыс құралдарын, қойма үйлерін және басқаларды пайдалануға жұмсалатын белгі арта түсude.

Айналыс уақытын қысқарту айналыс саласындағы капиталдың азауына себепші болады, сондықтан өндірістік капиталдың көбеюі үшін, демек қосымша құнның көбеюі үшін алғы шарттар жасайды.

Капиталдың барлық авансыланған құн өндіріс және айналыс салаларынан өтетін мерзімді капиталдың *айналым уақыты* деп атайды.

Авансыланған барлық капиталдың айналым уақыты неғұрлым қысқа болса, капитал жыл үшінде соғұрлым көп айналым жасайды. Капиталдың айналым саны төмендегі формуламен анықталады:

$$n = \frac{O}{Y}$$

О- қабылданған уақыт өлишемі (бір жыл).

У- бір мэрте айналымға кеткен уақыт.

Капиталдың айналым жылдамдығы оның бір жыл ішіндегі айналым санымен есептеледі. Мысалы, капитал алты айда бір рет айналады делік, сонда бір жылда екі рет айналым жасайды. (12:6=2).

Авансыланған капиталдың жалпы айналымы негізгі және айналмалы капитал айналымдарының ішіндегі орташа айналым ретінде калыптасады. Капиталдың барлық құрама бөліктерінің құны және натуралды-заттай формасы күйіндегі үлесі қайтарылуын капиталдың *нақтылы айналымы* деп атайды.

Өзгермелі капитал айналымының жылдамдығы капиталдың жылдық массасы және жылдық нормасына әсер етеді.

Жыл ішіндегі өндірілген қосымша құнның сомасы қосымша құнның жылдық массасын құрайды. Ал бір жылдың ішінде алынған қосымша құн массасының авансыланған өзгермелі капиталга қатынасы қосымша құнның жылдық нормасын құрайды. Ол өзгермелі капиталдың бір айналымында алынып, оның бір жыл ішіндегі айналымдарының санына көбейтілген қосымша құнның нормасына тең болады.

Өзгермелі капитал неғұрлым жедел айналым жасаса, кәсіпкер иемденетін қосымша құнның массасы соғұрлым көп болады.

Мысалы: өзгермелі капиталдың бірдей (5 мың доллар) екі кәсіп орын бар делік, бұлардағы $m=100\%$. Бірақ бірінші кәсіпорында өзгермелі капитал жылына 12 айналым жасайды, ал екінші кәсіпорында- тек бір ғана айналым жасайды. Бірінші кәсіпорын жыл бойы 60 мың доллар қосымша құн (5000×12) алады, ал екінші кәсіпорын- тек 5000 доллар ғана алады. Мұның өзі қосымша құнның жылдық нормасына да әсер етеді. Бірінші жағдайда ол $1200\% \left(\frac{60000}{5000} \cdot 100 \right)$ ал, екінші жағдайда - $100\% \left(\frac{5000}{5000} \cdot 100 \right)$ болады. Қосымша құнның жылдық массасы мен жылдық нормасындағы бұл айырмашылықтың себебі бірінші кәсіпкердің авансыланған өзгермелі капиталының тезірек айналым жасайтындығында болып отыр.

$$n_1 = 12$$


$$n_2 = 12$$

13.4. Қорланудың мәні және факторлары, инвестиция және оның түрлері

Капиталдың әрбір айнымалы кезінде бастапқы авансыланған сумма өсіп отыrsa, онда бұл ұлғаймалы ұдайы өндіріс болғаны. Ұдайы ұлғаймалы өндірісте өндірілген қосымша өнімнің бір бөлігі жыл сайын функционалды капиталға айналып отырады. Қосымша құнның капиталға айналуын капиталдың қорлануы дейміз.

Капитал қорлануының факторлары:

- қосымша құнның нормасы 100-200%;
- қызмет атқаратын капитал мөлшері =Аванс=100-200;
- еңбек өнімділігінің артуы- 2 есе артады;
- қосымша құн бөлігінің қорлану және тұтыну арасындағы пропорция.



Осы аталған факторлардың барлығы да бір мезгілде жүзеге асады. Капиталдың қорлану процесінде оның органикалық құрылымы ($c:v$) өзгереді, яғни өндіріс құрал-жабдығын (c) алуға жұмсалатын капитал тезірек өседі. Ал жұмыс күшін (v) сатып алуға жұмсалатын капитал үлесі азаяды, себебі, кәсіпкер бәсекелестік жағдайында кәсіпорынды (фирма) техникалық жарықтандыруға барынша ұмтылады. Капиталдың техникалық құрылымы өзгеруінің нәтижесі- бұл с мен в арасындағы өзгеру, яғни өндіріс құрал жабдығы санының жұмыскер санына қатынасы.

Капиталдың қорлану процесі екі түрге бөлінеді:

1. Капиталдың шоғырлануы;
2. Капиталдың орталықтануы.

Капиталдың орталықтануы - бұл қосымша құнның есебінен капитал мөлшерінің өсуі. Капиталдың орталықтануы дегеніміз - бірнеше капиталдың бірге жолымен ірілену процесін айтамыз. Осы процесте бастапқы капиталдың өзі жойылады немесе басқаларға қосылады.

Капитал орталықтануының бірде- бір түрі болған акционерлік қоғамның құрылуы болып табылады. Капиталдың шоғырлануы мен орталықтануы өндірістің шоғырлануына жағдай жасайды. Өндірістің шоғырлануы дегеніміз ірі кәсіпорында барынша өндіріс құрал-жабдығын, жұмыс күшін және өнімді шығаруды бір қолға жүмылдыруды айтамыз.

Практикада қорлану курделі қаржыны (инвестиция) – тартумен жүзеге асады. Қурделі қаржы (инвестиция) – бұл жаңа құрылышқа, жабдықтауга, жұмыс жасап тұрған кәсіпорынды ұлғайту мен техникалық қайта жабдықтауга, тұрғын үй, мәдени тұрмыстық құрылышқа кеткен шығындар.

«Инвестиция» немістің «investment» деген сөзі және бұл кәсіпорынға (фирма) пайда табу мақсатында ұзак мерзімге салынған капитал мөлшерін көрсетеді. Осы тұрғыдан «инвестициялау» қурделі қаржыға қарағанда көп мағына береді.

Батыс елдері экономикалық теория мектептері инвестициялау процесін былай түсінген: кез-келген қаржыны жұмсаудың мақсаты табыс, пайда. Бұған акция, облигация, жинақ және басқаларға жұмсалған шығындар да жатады.

Инвестицияның қайнар көзіне- өнеркәсіп, кәсіпорынның (фирма) көптеген пайдасы, ірі банктердің еркін ақшалай қоры, тұрғындардың жиналған ақшалары, мемлекеттің ақшалай қоры, яғни мемлекеттің табыстарынан (салық, кеден салығы және т.б.) оның барлық шығындарын алып тастау. Тұтынуға кетпеген барлық ресурстар - жинақталған ресурстар болады. Олар инвестиция ретінде жаңа кәсіпорынды салуға және жұмыс атқарып тұрғандарын жабдықтауга, сондай-ақ жол құрылышы-

Оку құралы

на, денсаулық сактау, оқу-ағарту, мәдени обьектіліріне бағытталған, ағни капиталдың қорлануына жүмсалады. Қорлану теориясын К. Маркс «Капиталдың» бірінші томында қарастырған, онда капиталдың қорлануының мәні мен механизмін ашады, ол өз кезегінде оның органикалық құрылымын өзгертерді және жұмыссыздықты тудырады.

Инвестиция теориясын ағылшын экономисті Дж. Кейнс өзінің «Жалақы, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» (1963 ж.) еңбегінде қарастырған, онда ол инвестицияны өндіріске жан бітірген және тиімді сұранымның басты факторы ретінде қарастырады. Инвестицияның өсуі ұлттық табыстың ұлғаюына, өндіріске қосымша жұмыскерлерді тартуға ықпал етеді, яғни жұмыссыздықты жояды.

Инвестиционың тиімділігін анықтау үшін оларды алынған нәтижесімен салыстыру керек. Қурделі қаржының тікелей нәтижесі ұлттық табыстың өсуі болмақ.

Инвестиция тиімділігінің артуы дегеніміз ең аз инвестиция мөлшері мен нәтижесі өнімге деген инвестиацияның жеке үлесінің азауына қоғам үшін қажетті прогресивті өнімді шығаруды айтамыз.

Инвестиция тиімділігін арттыруға былай қол жеткізеді:

- Инвестицияның техникалық құрылымын жақсарту, бұл жабдықтарға шығындардың, оның жеке үлесінің артуын көрсетеді;
- жұмыс жасап тұрган кәсіпорындарда техникалық қаруландыру мен реконструкциялау және жаңа құрылыштың салынбауында қурделі қаржының жеке үлесінің артуы;
- жаңа обьектілерінің салу мерзімін қысқарту.

Инвестиция тиімділігін арттырудың басты құралы техникалық прогресс болып табылады. Жаңа техниканы өндіру, оны экономикалық тиімділігін анықтау қажеттілігін қарастырады және оның пайдалы проектісін ескісімен салыстырғанда мына көрсеткіштермен аныкталады: машина, станоктың қуаты мен өнімділігі ондағы

бөлшектерді дәл өңдеу және т.б. Сондай- ақ пайдалы жобаңың басты әлементі- еңбек қауыпсіздігі, қызмет жасаудың ынғайлышы, еңбек тиімділігін арттыру және оны жеңілдету болып табылады.

Кәсіпорын мен фирма тәжірибесінде жаңа техниканы таңдау мүмкіндігі тек жоғарыда көрсетілген көрсеткіштермен ғана шектелмейді, өндірілген өнімнің бағасы, өзіндік құны бойынша да жағдайлар жиі туындаиды.

Осындай кезде экономикалық жобаны есептеу үшін мынадай көрсеткішті қолданады:

- Жаңа техника үшін құрделі қаржы (инвестиция) қайтарым мерзімі $T = \frac{K_{BH}}{\varTheta_{nm}}$

Мұндағы:

T - құрделі қаржының қайтарым мерзімі;

K_{BH} -өндірілген техниканың (аппарат, прибор, жинақталған жабдықтар және т.б.) құны тенгемен;

\varTheta_{nm} - жаңа техниканы ендіру бойынша жылдық проекті.

Егер қайтарым мерзімі біркелкі болса, онда бұл кезде салыстырмалы вариант тәсілі көрсетілген шығындар бойынша қолданылады:

$$C + E_H * K_{BH} \rightarrow \min$$

Мұндағы:

C - өнімнің жылдық шығарымдылығының өзіндік құны;

K_{BH} - жаңа техниканы өндіруге жұмсалған құрделі қаржы (инвестиция);

E_H - тиімділік нормативті коэффиценті (жаңа техникаға жұмсалған әрбір тенденция минималды жіберген қайтарымы).

Бұрынғы КСРО-да жаңа техникаға нормативті коэффицент сала бойынша 0,1-ден 0,5-ке дейінгі диапозонда болады. Бұл минималды жіберген қайтарым мерзімінің

Оку құралы

2-ден 10 жылға дейін болатындығын байқатады, ал орташа 6 жыл шамасында.

Сондай-ақ қурделі қаржы тиімділігі білімді, ғылыми зерттеуді, окуды инвестициялау арқылы қол жеткізеді. «Адам капиталына» шағын жүмсау экономикалық өндірістік әлеуметтің ұлғайтады.

Нақты, қорланған капиталдың өсүі соңғы 10 жылда индустримальды елдерде өмір деңгейінің материалды артуының басты факторы болып отыр. Бүгінгі инвестиция ең жаңа өндіріс құрал-жабдығының ең жаңа ғылым мен техниканың негізінде еңбек өнімділігінің артуына себеп болады. Сондықтан да бүгін өндірілген нәрсенен көп бөлігін сақтап, инвестицияласақ, онда біздердің ертең тұтынатын мүмкіндіктеріміз мол болмақ.

Қорытынды:

1. Біз қарастырган капитал айналымы, көрсеткіш ретінде, сату көлемі мен жұмсалған капиталдың ара сәкестігін сипаттайды.
2. Айналмалы капитал мен қысқа мерзімді міндеттемелер сомасының сәйкестігі, қазіргі әрекет ететін капитал мен кәсіпкердің төлем қабілеттің байланыстырылады.
3. Негізгі және айналмалы қорлардың қызметтерін сипаттау үшін олардың пайдалану тиімділігін көрсететін көрсеткіштер қолданылады.

Бұлардың екі түрі бар:

1. Қайтарым (кор қайтарымы) көрсеткіштері

$$\Phi_0 = \frac{\text{өндірілген өнім көлемі}}{\text{негізгі өндірістік қорлар көлемі}}$$

2. Сыымдылық (кор сымдылығы) көрсеткіштері

$$\Phi_c = \frac{\text{негізгі өндірістік қорлар көлемі}}{\text{шыгарлыған өнімдер көлемі}} = \frac{1}{\Phi_0}$$

Осы көрсеткіштерді пайдалану салалық құрылымдарға, өндіріс сипатына және тағы басқаларға байланысты болады.

14-тақырып.

КАПИТАЛДЫҢ ҰДАЙЫ ӨНДІРІСІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ Дағдарыс

14.1 Қоғамдық жиынтық өнім және оның түрлері

Жеке капиталдардың араласып, өзара байланысу жиынтығы қоғамдық капитал деп аталады. Жеке капиталдың қозғалуы нәтижесінде тұтыну құны өндірілсе, ал қоғамдық капиталдың қозғалысынан қоғамдық жиынтық өнім жасалады. Қоғамдық жиынтық өнім құны үш әлемненттен тұрады: $C+V+m$.

$(V+m)$ ұлтық табыс.

Қоғамдық жиынтық өнімді екі түрде қарасты болады:

Біріншіден: натуральдық-заттық формасы тұрғысынан, екіншіден: оның құн формасынан. Натуральдық – заттық формасы бойынша өндіріс мұқтажын (шикі зат, қосалқы материалдар, машиналар, құрал-саймандар, өндіріс ғимараттар, т.б.) қанағаттандыруға арналған өндіргіш тұтыну заттарынан, және жұмысшыларымен капиталистердің жеке басының тұтыну заттарынан (азық-түлік өнімдері, киім, аяқ киім, сән-салтанат заттары т.б.) тұрады. Бұкіл қоғамдық өнімді осылайша тұңғыш рет топтастырған К.Маркс. Ұдай өндіріс үздіксіз болуы үшін өндірілген жиынтық өнімді өткізу шарт. Өнімді өткізу проблемасын түсіну үшін қоғамдық жиынтық өнімді құны бойынша және натуральдық-заттық формасы бойынша қарасты болады.

Жай ұдайы өндіріс кезінде өнімді өткізу дің негізгі шарты мынадай пропорцияның болуында: $| (V+m) = \|C,$ яғни 1 бөлімші жұмысшылары мен капиталистердің жылдық табысы 2 бөлімшениң 1 жылда тұтынған тұрақты капиталына тең болуы тиіс. Бұдан мынандай екі туынды шығады:

Оку күралы

а) $|C+V+m|=|C+||C$, яғни 1 бөлімненің тұрақты капиталын тең болуы тиіс.

б) $||(C+V+m)=|(V+m)+||(V+m)$, яғни 2 бөлімшенің жұмысшылары мен капиталистері табысын тең болуы тиіс.

Ұлттаймалы ұдайы өндірісте қосымша құнның бір болігі өндірілген өнімді өткізуді К.Маркс мына схема бойынша көрсетті. Қоғамдық өндірістің 1 бөлімшесіне 5000 ақша өлшемін құрайтын капитал (14000C+1000V) жұмсалған. Екінші бөлімшенің капиталы 2250 ақша өлшемін ($2250C+750V$) құрайды.

$m'=100\%$ болғанда өндірілген барлық өнім 9000 болады.

$$1 \text{ жыл. } 1. 4000C+400+1000V+1000m=6000$$

2. $1500C+750V+750m=3000/9000$ 1 бөлімшеде капиталдың қорлануына қосымша құнның тең жартысы, яғи 500 ақша өлшемі айналысқа түседі дейік. Капиталға қосымша құнның $4/1$ бөлігі айналады 400C және 100V.

$$4400C+1100V+500m=6000$$

$$1600+100C+800V+600m=3000$$

2 жыл.

$$4400C+1100V+1100m=6600$$

$$1600C+800V+800m=3200/9800$$

К. Маркс көрсеткендегі дағдарыстардың абстрактлы мүмкіндіктері жай товарлы шаруашылықтың негізінде және айналыс құралы мен төлем құралы ретінде ақша қызметіне байланысты. Алайда жай тауарлы шаруашылықта тең дағдарыстың болу мүмкіндігі бар. Дамыған капиталистік қоғамдық мүмкіндігі шындыққа айналады. Жек және қоғамдық еңбек арасындағы жай тауарлы шаруашылықтың қайшылығы – капитализмнің негізгі қайшылығына өндіріс процесінің қоғамдық сипаты мен иемденудің жеке капиталистік формасы арасындағы қайшылыққа айналып кетеді, мұның өзі экономикалық дағдарыстардың тууына басты себеп болып табылады.

Қоғамдық еңбек бөлісінің дамуы, капиталдың шоғырлануы мен тануы орталық өндірісті барған сайын қоғамдық сипат алуына негіз болады.

Капитализмге өндірісті жекелеген кәсіпорындар үй-ымдастыру мен бүкіл қоғамдағы өндіріс анархиясы арасындағы қайшылықтар тән. Анархия қоғамдық өндірістің диспропорциялылығы - негізінен өндіріс құрал-жабдықтарына капиталистік жеке меншіктің салдарынан болады. Капитализм дамыған сайын өндіріс анархиясы күштейе түседі. Сондай-ақ өндіру мен тұтыну арасында да әрдайым қайшылық болады. Міне осы қайшылықтардың негізінен артық өндірудің экономикалық дағдарысы туындайды.

14.2 Ұлғаймалы ұдайы өндіріс және оның зан-дышықтар

Ұлғаймалы ұдайы өндірістің негізгі қайнар қөзі қосымша құн. Ұдайы өндірістің әр түрінен өзіне тән шартты бар. Мәселен, ұлғаймалы ұдайы өндіріс болуы үшін жыл бойында пайдаланылған, өндірісте тұтынған құрал жабдықтардың орнын толтыру мен қатар сөзсіз бұған қосымша құрал-жабдықтар қажет. Демек, бұдан шығатын корытынды қоғамдық өндірістің бірінші бөлімшесінде өндірілген құрал-жабдықтар саны жағынан да және құн формасынан да бірінші және екінші бөлімше өндірілген тұрақты капиталдың құнынан артық болуы шарт.

Оны былай жазуға болады: a)|w>|c+||c

Өндіріске қосымша тұрақты капиталды қосылуы сезіз өзгермелі капиталдың көлемін ұлғайтады. Ал, бұл жағдай демек, өндіріске қосымша жұмыс күшінің қосылуы, тек қосымша жеке адамның тұтыну заттары мен қамтамасыз етилген жағдайда іске асады.

Ұлғаймалы ұдайы өндірістің тағы бір қажетті шарты мұнда өндірілген қосымша құн жай ұдайы өндірілетіндей

Оқу құралы

толықтай тұтынуға жұмсалмайды, қосымша құнның бір бөлігі капиталға қосылады, демек корлануға жұмсалады. Анықтап айтсақ, қосымша құнның бір бөлігі тұрақты және өзгермелі капиталдың көбеюне жұмсалады. Өндірістің 1ші бөлімшедегі корлануға жұмсалатын қосымша құн 2ші бөлімшемен айырбасталмай осы бір бзөлімшениң өзінде қалады. Сонда біздің жай ұдайы өндіріске келтірген мына теңдік.

Сонымен осы келтірілген теңсіздіктер үлгаймалы ұдайы өндірісте қоғамдық өндірістің 2 бөлімшесінде де өндіріс көлемі үлғаюға тиіс бірақ, 1 бөлімшеде бұл өсім басым болады.

Үлгаймалы ұдайы өндірістің алғы шарты болып табылатын 1 –ші бөлімшеде өндірілген табыс мөлшері 2-ші бөлімшедегі тұрақты капитал құнның мөлшерінен асып түсу керек. Мұны былайша жазыға болады;

$|(+m)>||C$

Енді К.Маркс ұсынған үлгаймайлы ұдайы өндірістің схемасын қарастырайық:

$$1.4000C+400+1000V+100+1000m=6000$$

$$2.1500C+750V+750m=3000 \quad \text{барлығы}-9000$$

Үлгаймалы ұдайы өндірісті талдау кезінде К.Маркс мынадай шартты жағдайларды қояды.

1 бөлімшеде өндірілген барлық бөлігі қосымша құн капиталистерінің жеке тұтынуына кетеді.

Капиталдың органикалық құрылымы екі бөлімшеде де өз өзгермей қалады.

1-ші бөлімшеде қосымша құн 1 мың. Ол капиталистердің жеке тұтынатын қоры -500 өлшем және капиталистердің корлану қорына -500 өлшем тең екіге бөлінеді. Капиталдың органикалық құрылымы өзгеріссіз болғанда $C:V=4:1$ капиталға айналатын -500 ақша өлшемінің -400 өлшемі қосымша тұрақты капиталға және -100 өлшемі өзгермей капиталға бөлінеді.

Сонымен 1-ші жылдан 2-ші жылға өтерде 1 бөлімшенің жылдық өнімі мына бөліктерден тұрады:

$$|(4000+400)C+(1000+100)V+500mn=6000$$

4 мың алғашқы капитал

1 мың алғашқы өзгермелі капитал

100 қосымша өзгермелі капитал

500 mn- капиталистердің жеке тұтынатын қосымша құн.

1-ші жылда өнімнің өткізілуі: 1, бөлімшенің капиталистері бір-біріне өздеріне қажетті құрал-жабдықтарды 4000 ақша өлшеміне сатып алады.

Жыл бойында тұтынған тұрақты капиталдардың орнын толтыру үшін және өлшеміне құрал-жабдықтарды өндірісті ұлғайту үшін сатып алады.

Сонымен бір бөлімшенің өз ішінде 6000 ақша өлшемінің өнімі 4400 өткізіледі, сатылады. Бұдан қалғанын 1600 құны бар құрал-жабдықтар, құн формасында өзгермелі капитал және капиталистердің және тұтынуына бөлінген қосымша құн.

Өнімнің бұл бөлігі 1-ші бөлімшенің өз ішінде өткізілуі мүмкін емес, Өйткені бірінші бөлімшенің жұмысшыларына 1100 ақша өлшемін және капиталистерге 500 қаржыға құрал-жабдықтар емес, тұтынатын заттар сатып алу керек. Демек, 1 бөлімше 1600 тұратын құрал-жабдықтарды 2 бөлімшеге сатуы қажет, ал оның орнына олар 1600 ақша өлшеміне тұтынатын заттар алуы қажет.

Сонымен 1 бөлімше өзіне ұажетті құрал-жабдықтардан қалғаны 2-ші бөлімшеге сатылады. Осымен 2-ші бөлімшеде өндірісті ұлғайту шегі белгіленеді. 2-ші бөлімше капиталистері біздің мысалымыздағы өзінің тұрақты капиталын 1500ден 1600ға дейін ғана көбейте алады. Демек 100 өлшем өсуге. Егер 2 бөлімшенің тұрақты капиталы 100 өлшемге көбейсе онда өзгермелі капитал 50 өлшемге көбеюге тиіс, Әйткені сонда ғана капиталдың органикалық құрылымы C:V=2:1 қалпында өзгермей қалады.

Сонымен 2 бөлімшедегі бүкіл қосымша құн -750 болған еді, одан 100 қосымша тұрақты капиталға, 50-өзгермелі капиталға кетсе, қалатыны – 600 өлшем.

Капиталистік ұлғаймалы ұдайы өндірістің заңдылықтары:

Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды шыгаруға болады:

Біріншіден ұлғаймалы ұдайы өндірісте қоғамдық онім жиынтығын өткізу үшін, мына теңдіктің сакталуы қажет:

Бірінші бөлімшедегі алғашқы және қосымша өзгермелі капиталмен жеке тұтынуға арналған қосымша құн қосындысы, 2ші бөлімшедегі бастапқы және қосымша тұрақты капиталға тең болуы қажет:

Бірінші бөлімшідегі алғашқы және қосымша өзгермелі капиталмен жеке тұтынуға арналған қосымша құн қосындысы, екінші бөлімшедегі бастапқы және қосымша тұрақты капиталға тең болуы қажет:

$$|(V + AV + mn) = ||(c + \Delta c)$$

$$|(1000 + 100 + 500) = ||(1500 + 100)$$

Бұған қосы екінші пропорция: Бірінші бөлімшедегі жылдық өнім құны екінші бөлімшедегі алғашқы және қосымша тұрақты капиталға тең:

$$IT = |(c + \Delta c) + ||(c + \Delta c)$$

$$600 = |(4000 + 400) + ||(1500 + 100)$$

Ең соңында капиталистік ұлғаймалы ұдайы өндіріс пропорцияны қажет етеді. Еінші бөлімшедегі жылдық өнім құны екі бөлімшедегі бастапқы және қосынша өзгермелі капитал мен капиталисттердің жеке тұтынуына арналған қосымша құнға тең.

Екінші қорытынды: ұдайы өндіріс тұсында капиталисттік өндірістің әртүрлі арасындағы өзара байланыс

болады, бұл байланыста 1 бөлімші анықтаушы роль атқарды. 2 бөлімше 1 бөлімшеден құрал – жабдықтар алады. Екінші бөлімшедегі қорлану мөлшері 1-ші бөлімшеден қорлану мен тұтыну мөлшеріне тәуелді. Бірақ, сонымен қатар, 1 бөлімше 2 бөлімшесіз жеке өз алдына ұлғаймалы ұдайы өндірісті жүргізе алмайды, өйткені, ол өз өнімінің белгілі бөлігін осы екінші бөлімшесінде үшін өндіреді.

Үшінші қорытынды: өндірістің өсуі мен рыноктың ұлғаюның арасында ішкі байланыс бар. Ішкі рыноктың кеңеюі капиталисттік ұлғаймалы ұдайы өндіріс негізінде болады. Шындығын алсақ, құрал – жабдықтарға сұранымның өсуінің негізгі себебі ұлғаймалы ұдайы өндіріс тұсында артатын тұрақты капитал болып табылуы.

Ал, жеке тұтынатын заттарға сұранымның артуының негізгі себебі өзгермелі капитал мен капиталисттердің жеке тұтынуына арналған қосымша құнның артуы, бұл да ұлғаймалы ұдайы өндірістің нәтижесінде болатыны айқын.

Төртінші қорытынды: Схема абстракталы сипатта. Мұнда қандай жағдайда өндірілген өнім жиынтығын толық өткізуге болатындығы көрсетілген. Бірақ, Карл Маркс шын мәнінде нақты іс жүзінде осы айтылған жағдай толық болады деп еш жерде, ештеңе айтқан емес. Керісінше, капиталистік ұдайы өндіріс процесін К.Маркс талдай отырып, антогонисттік қайшылықты аңғарды, соның нәтижесінде қажетті пропорция бұзылады, соның нәтижесінде капиталистік шаруашылықта жиынтық өнім толық өсуі мүмкін емес.

14.3 Ұдайы өндірістің қайшылықтары

Капитализмнің барлық қайшылықтарының болу себебі оның негізгі қайшылығынан. Оны былайша айтуда болады: өндіріс процесін қоғамдық сипаты мен иемденуінің жеке капиталистік формасы арасындағы қайшылық. Мұның өзі экономикалық дағдарыстың тууына басты себеп болып табылады.

Капитализмнің негізгі қайшылықтарының аса маңызды көріністерінің бірі – өндірістің жекелеген кәсіпорында үйымдастыру мен бүкіл қоғамдағы өндіріс анархиясы арасындағы қайшылықтардың түрады. Анархия – қоғамдық өндірістің диспропорциялығы, оның жоспарлы түрдедами алмайтындығы, өндіріс құрал – жабдықтарына капиталистік жеке менишкітің сөзсіз салдары. Капитализм дамыған өндіріс анархиясы күшіне түседі. Оған дамудың диспропорциясы тән.

Капитализмнің бұдан басқа негізгі қайшылықтарының бір көрінісі – ондіру мен тұтыну арасындағы терещекайшылықтар болып табылады. Капитализмге тән ондіру мен тұтыну арасындағы қайшылықтың мәнісі сол: өндіріс тез өседі, бәсеке өндірісте кеңеे беру тенденциясын туғызады, ал тұтыну өскенде де тым өсуі, халық бұкарасының пролитарлық жай – құйі жеке тұтынудың тәң өсуіне мүмкіндік бермейді.

Капиталистік ұдайы өндірістің циклдық сипаты

Капитализм жағдайында ұдайы өндіріс циклі түрде жүзеге асады. Оның 4 даму сипаты бар. Экологиялық дағдарыс, тоқырау, жандану, өрлеу капиталистік цикл де-геніміз артық өндірудің 1 дағдарысының екінші дағдарысына жылжуы болып табылады.

Ең алғашқы дағдарыс – 1825 жылды Англияда, одан соң 1836 жылды Англия, АҚШ болды. XIX ғасырдың бірінші мезгілі 1847 жылды Англия, АҚШ, Франция, Германияда, 1857 жылды дүниес жүзілік дағдарыс 10-11 жылға созылды. XIX ғасырдың екінші жартысында артық өндіру дағдарыстары жиілей түсті. 1974 жылды жайлап алған экономикалық дағдарыс бүкіл капиталистік дүниені қамтыды.

Дағдарыс – сырттан қарағанда артық тауар өндіріледі, тауар бағасы төмендейді, қосымша құн және пайда нормасы азаяды. Пайда азаюынан тауар өндіру қыскарады. Өндірістің қыскаруынан жұмыссыздар саны көбейеді. Еңбекшілердің сатып алу қыбілеті құлдырайды. Қарыз принципі өседі. Сауда және өнеркәсіпте жаппай банкрот басталады.

Сонан соң тоқырау сатысы басталады. Бұл кезекте өндіріс бір орында тұрып қалады. Тауарлар коры біртіндең тарқап, олардың бір бөлігі арзандатылған бағамен өткізіледі. Артық өндіру қысқартылады. Тауарларды өткізу біртіндең артадығ бағаның құлдырауы тоқтайды.

Тоқырау сатысын жандану сатысы алмастырады. Кәсіпорындар еңбек өнімділігін арттыруы үшін аса тиімді жабдықтарды пайдалану арқылы бағаның тұмен дәрежесіне бейімделеді. Пайда үшін жанталас пен бәсеке көптеген капиталисттерді жабдықтарын бір мезгілде ауыстыруға мәжбүр етеді. Негізгі капиталда тоқыраудан жандануға өтудің шешуші факторы болып табылады. Қоғамдық өндірістің 1 бөлімшесінің дамуы өндіріске өнеркәсіптің резервті еңбек армиясының едәуір бөлігін тартып, жұмыссыздықты қысқартумен қатар жүреді, бұл өз кезегінде жалақыны арттыруға ықпал етеді. Бұл тұтыну заттарға деген сұранымды арттырып, 2 бөлімшे кәсіпорындарда өндірістің ұлғаюын көтермелейді. Өнім шығару дағдарысқа дейінгі көлемге жетеді.

Өрлеу – табыс деңгейі артады, несие сұранымы да артады. Акция және құнды қағаздар курсы жоғарлайды, өндіріс ұдайы өндіріледі. Бұл қайшылықтардың дамуы жаңа экономикалық дағдарысқа негіз болады.

Капиталистік экономика 160 жылдан астам уақыт бойы біркальыпты даму процесі әрдайым мезгіл – мезгіл бұзылып келеді. Қоғамдық өндірістің қысқаруы, жаппай жұмысшыларды жұмыстан шығару, жұмыссыздар санының көбейуі, экономиканы артқы шегереді.

Марксизм – ленинизм экономикалық дағдарыстың себебі қандай да болса, оны жобға болмайтындығын ескертеді. Бұған байланысты тауар айналысын жалпы формулардан К.Маркс экономикалық дағдарысың болатынын анықтады.

ЖЕКЕ-ДАРА ҰДАЙЫ ӨНДІРІС

15.1. Жеке ұдайы өндіріс, оның мәні және ерекшеліктері

Өндіріс процесінде өндіріс фаякторлары қолданылатын білеміз. Былайша айтқанда, өндіріс деп факторлардың өзара жасалуын айтамыз. Ал, өндіріс процесінің түрақты қайталануы және үзіліссіз жаңаруы ұдайы өндіріс деп аталады.

Дайы өндіріске жекек немесе қоғамдық капитал қатысуы мүмкін. Жеке капиталдардың араласып, өзара байлаусу жиынтығы қоғамдық капитал деп аталады. Жеке капиталдың қозғалуы нәтижесінде тұтыну құны өндірілсе, ал қоғамдық капиталдың қозғалысы нәтижесінде қоғамдық жиынтық өнім жасалады.

Ұдайы өндіріске пайда табуды мақсат етіп қойған миллиондаған шаруашылық жүргізетін субъектілер қатысады. Солардың ішінде үй шаруашылығы, мемлекет және оның шаруашылық жүргізетін құрылымдары, банктер, сақтандыру және қарыз қоғамдары т.с.с. Одан басқа әр елде өзінің ұлттық шаруашылығына тән экономикалық агенттер қызмет істейді.

Ал нарық экономикасы фирмалы өзінің ең тиімді қызмет атқаратын, Экономикалық агент есебінде таңдалған алды.

Демек, фирма нарықтық экономиканың негізгі экономикалық агенті. Өйткені, фирма, кәсіпорын немесе жеке тұлға болсын, олардың бәрі де кәсіпкерлікпен шұғылданады. Олар өздерінің жеке ұдайы өндірісін тоқтаусыз жүргізуге ынталы. Негізгі мақсат әр кәсіпкер мейілінше аз шығын жұмсал, көп өнім өндіру, пайданы артты-

ру. Ол үшін бір шығынды көбейтеді, екіншісін азайтады. Мұндай байланысты математикалық мынна формуламен анықтауға болады:

$$\theta = f(a, a \dots a); \text{ мұндағы } \theta - \text{өндірілген өнім саны},$$

f - функция, $a, a \dots a$ - өндіріс факторлары

Мұны біз өндіріс функциясы деп атайды.

15.2. Өндіріс факторларын тиімді пайдалану және түпкі нәтижелі анықтау жолдары

Өндіріс функциясы өндіріс шығындары тұрақты болса, өнім көлемінің ең жоғарғы деңгейде алынатынын көрсетеі. Өндіріс функциясы белгілі технология үшін жасалады. Мысалы, өндіріс шығындары L – еңбек, K – капитал, деп алатын болсак, онда өндірістік функция былайша жазылады:

$$\theta = f(K, L);$$

Мұндағы θ - өндірілетін өнімнің ең жоғарғы көлемі.

Олардың жалпы қасиеттері мынадай:

Фирмалар өндіріс факторларын тиімді пайдалануға ұмтылады. Демек, факторлардың санын арттырып, өндірілетін өнім көлемін көбейте түседі.

$$\frac{dY}{dL} : \frac{dY}{K} = \geq 0$$

Бір факторды көбейтіп басқа факторларды өзгертпей, өнім өндіруді арттырасақ, оның арту шегі болады, яғни айнымалы фактор өнімділігінің төмендеу заңы орын алады.

Фирма өз жұмысының түпкі нәтижесін анықтау үшін көптеген көрсеткіштерді пайдаланады. Соның ішіндегі негізгілері: жалпы, орташа және шекті табыс. Фирма ең алдымен осы көрсеткіштерді есептейді. Жалпы табыс – бұл бүкіл өткізілген өнімнен түсken барлық түсім. Ал, орташа табыс – бұл сатылған бірлігінен түsetін табыс.

Шекті табысты да есептеудің өзіндік мәні бар, өйткені мұнда жалпы табыс өсімі әрбір қосымша сатылған өнім бірлігіне есептеледі.

Ал, фирмандың пайдаласы жалпы табыс пен өнім өндіруге жұмсалған өндіріс шығындарының айырмасына тең болады. Былайша айтқанда, пайданы табу үшін барлық түсken көрсеткіштерді есептеп, фирма өз жұмысының әр кезеңдегі деңгейін, бәсекелес көрсеткіштерімен салыстырып және болашаққа іс – әрекет жасаудың накты бағдарламасын бекітеді.

Ұдайы өндіріс жай және ұлғаймалы өндіріс деп 2-ге бөлінеді.

Жай ұдайы өндірісте – өндірілген қосымша өнім туғелдей тұтынуға жұмсалады. Сондықтан да, мұнда қорлану процесі болмайды. Өндіріс көлемі жыл сайын сол көлемде өзгермesten қайталанып отырады.

Ал, ұлғаймалы ұдайы өндірісте өндірілген қосымша өнім: тұтыну және қорлану қорына бөлінеді және өнім көлемі жыл сайын өсіп отырады.

16 – тақырып.

ЭКОНОМИКАНЫҢ ЦИКЛМЕН ДАМУЫ. ИНФЛЯЦИЯ ЖӘНЕ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ

16.1. Циклділік – экономикалық дамудың жалпы формасы

Циклділік – бұл ұлттық шаруашылықтың және бүкіл дүниежүзілік шаруашылығы қозғалысының жалпы формасы.


Циклділіктің өзіне тән ерекшеліктердің бірі – оның қозғалысы дөңгелек шеңбер бойымен емес, шиыршақ сым түрінде жүреді.

Бір дағдарыстың басынан екінші дағдарыстың басына дейінгі кезеңді біз цикл дейміз. Циклділік экономиканың тере – теңдігі жағдайынан ауытқуын сипаттайды.

Ауытқу – бұл ұлттық экономиканың бір макроэкономикалық тере – теңдікten еіншісіне қарай қозғалуы, нарық экономикасының өзін–өзі реттеудің бр тәсілі, салалық құрылымның өзгеруі.

Циклдің басты қасиеті – бұл ұлттық өнімнің аутқуы. Циклдер теориясында табыстардың өзгеруінің үш түрі бар:

- Тұрақты өсу;
- Өсудің біркелкі еместігі;
- Ауытқу.



Оку құралы


Экономикалық тіре – теңдіктің бұзылуын үш топқа бөлуге болады: ағымдағы өзгерістер, орташа экономикалық циклдар, ұзақ экономикалық циклдар.

1) Ағымдағы өзгерістер – олар сұраныс пен ұсыныстың күнделікті маусымдық өзгерістеріне байланысты. Олар бірнеше сағат пен күнге, бірнеше жылға созылуы мүмкін.

2) Орташа экономикалық циклдар – ұзақтығы 8–12 жылға созылатын экономиканың толқындық өзгерістері. Себебі, ӨКЖ ескеріп, жаңа құралдарға сұраныстың күрт өзгеруіне байланысты. Бұл күрт ескен сұранысқа ұсыныс бірден сәйкес келмейді. Ұзақтығы, кезеңдері және шапшаңдығы жағынан бұл экономикалық циклдар әр түрлі. Бірақ олардың әрқайсысында төрт фаза болады.

3) Экономиканың ауытқуы – оның ішкі және сыртқы факторлары: сыртқы фактор (соғыс, революция, жаңа қор мен ресурстардың ашылуы, ГТП жаңалығы, халық санының есу қарқыны, миграция т.б.), ішкі факторлар (банктердің кредит беру практикасы, оптимистік, пассивистік толқындар т.б.).

4) Ұзақ экономикалық циклдар. Бұл ұзақтығы 40–60 жыл болатын «ұзақ толқындар».



Технологиялық дәуір алмасып, мамандардың мамандығын түбірімен ауыстыруын және тұтас кәсіпорын, өндіріс ғимараттары, сондай-ақ құрылыштардың инфракұрылымын өзгертуге мәжбүр ететін жаңа ғылыми – техникалық түп негіздерге өтуге байланысты. «Ұзақ толқындар» теориясы 1847 жылдар арасында 54 жылдық өзгеріске көп көңіл бөлді.

Ауытқулар теориясына К.Маркс елеулі үлес қосты. Ол өз талдауын қысқа толқынды даму процесіне, артық өндірү дарысына ерекше мән берді.

Қазіргі кездегі экономикалық дағдарыс құрылымында өзгерістер бар, кейбір фазалар басталмай жатып екіншісіне ауысады, инфляция деңгейі өте жоғары болады. Сондай – ақ, инфляцияның түрлерін: ползучая инфляция, голопиращая инфляция және гиперинфляция және оның салдарын талдау керек.

Құрылмдық дағдарыс – бұл ұзақ уақыт бойында жиынтық капиталдың ұдайы өндірісіндегі объективті қажетті пропорциясының бұзылуы. Мәселен, әнергетика дағдарысы, 1973жылдан бастап үнис жүзінде мұнай бағасының өсуі көптеген елдерде экономикалық шайқалыс туғызды. Сондай – ақ, аграрлық және валюта дағдарыстары да көпке белгілі. Валюта дағдарысы көптеген елдеде валюта курсының күрт өзгеруін туғызды. Ал, аграрлық дағдарыста ауылшаруашылық өнімдерін өткізу үлттық нарыкта да және дүниежүзілік нарыкта да қынадай үсті. Мұндай жағдайда мемлекет тараپынан құрылымдық өзгерістер жаса, реттеу мәселелері туындейды. Мәселен, Қазақстандағы Экономиканы сауықтыруға, әлеуметтік саясаттың белсенділігін арттыруға, фискалдық қатаң саясат ұстауға бағытталған.

Экономикалық теория циклдың болу себебін әр түрлі түрғыдан түсіндіреді:

- Неоклассиктер экономикалық дағдарысты кездесіп, тез өтетін құбылыс деп қарады.
- Кем тұтыну концепциясы артық өндірү дағдарысын еңбеккерлер тобының кедейлігінен деп түсіндірі.

- XIX ғасырдағы несие – ақша концепциясы экономикалық дағдарыс ақша сұранымы мен ұсынымы қатынастарының бұзылышы нәтижесі деп үқтеді.

- Маркстің пікірі бойынша дағдарыстың себебі капиталисттік қатынастар қайшылығынан туындайтыны көрсетілген.

- Кейнсиандық теория тере – теңдіктен ауытқу нарық механизмінің кемшіліктерінен көреді және олар мемлекеттің өндірісті реттеуге араласуын ұсынады.

- Қазіргі заман экономисттері циклдың болу себебін үш түрлі тәсілмен анықтайды.

1) Сыртқы фактор әсерінен – халық санының өзгеруі, жаңалық ашу, соғыс және саяси оқиғалар. Халық санының осуі өндірісті ұлғайтуға әсер етеді және жұмысқа қамту деңгейін жақсартады. Технологияның түбекейлі өзгеруі іс белсенділігін туғызып, инвестицияны кеңейтеді. Бұдан жаңа жұмыс орны болады және экономика жақсара түседі. Ал саяси жағдайлар іс белсенділігіне әсер етуі арқылы болады.

2) Ішкі факторлар – бұл жүйенің өз ішіндегі болатын құбылыстар: тұтыну, инвестиция жасау, үкімет қызметі.

3) Бұл тәсілде – цикл себебін анықтау үшін ішкі және сыртқы факторлардың қосындысын пайдаланады.

Экономикалық циклдің фазалары төртеу: жандану, өрлеу, бум (дүрбелен), тоқырау.

Тоқырауда: басы артық қор таусылады, өндірістік инвестиация қысқарады, еңбек сұранымы азаяды, бағаның осуі азаяды, пайда тым азаяды, % төмендейді.

Тоқырау фазасы рецессия және депрессия деп екіге бөліеді.

Рецессия – бұл алты ай және оданда көп созылатын ұлттық өндіріс көлемінің тоқырауы.

Депрессия – бұл ұлттық өндірістің тоқырауы. Мұнда жұмыссыздық көп болады және бұл жағдай бірнеше жылға созылуы мүмкін.

Өрлеу фазасында өндіріс өзінің қалыпты жағдайына есе бастайды. Кәсіпкерлер бар мүмкіншілігін пайдала-

нып, тауар өндіру көлемін жеел өсу (бум) базасында ең жоғарғы деңгейге жеткізеді.

Экономикалық дағдарысқа қарсы қолданылатын шаралардың негізгілері:

- 1) Ақша—несие саясаты: нарыкта мемлекеттік бағалы қағаздарды сату.
- 2) Фиксаль саясаты: мемлекеттік бюджетті азайту, салық мөлшерін арттыру.
- 3) Еңбекақы саясаты: еңбекақыны төмендету.
- 4) Мемлекеттік инвестиция саясаты: мемлекеттік құрылышты тоқтату.

16.2. Инфляция: оның актамасы, өлшемі, формалары мен себеп – салдары

Инфляция деп – бағаның өсуі нәтижесінде баға мен ұсынымының арасындағы пропорцияның және басқа да ұлттық шаруашылығы пропорциясының бұзылып, өзгеріп, дисбаланс болғанын айтамыз. Әрине бұл инфляция кезінде бүкіл тауар бағасы өседі деген сөз емес. Бір тауар түрінің бағасы өседі, басқа тауарлар бағасы сол деңгейден өзгермейді, ал кейбір тауар бағасы, басқаларға қараганда тез өсуі де мүмкін. Осындай пропорциялық негізінде сұраным мен ұсыным қатынасы және әрқылды ікемдік жатыр.

Баға индексі. Инфляцияны баға индексі арқылы өлшүгге болады. Баға индексін анықтау үшін белгілі – бір нақты мерзімдегі тауар және қызмет көрсету бағасының жиынтығын тұрақты базалық мерзімдегі соған сәйкес келетін тауар мен қызмет көрсету бағасына бөлеміз.

$$\text{нақты осы кезеңдегі баға индексі} = \frac{\text{нарық қоржынының осыкез.бағасы}}{\text{нарық қоржынының базалық кез.бағасы}}$$

Нақты практикада жалпы ұлттық өнім индексі, тұтыну бағасының индексі, және көтерме баға индексі қолданылады. Тұтыну бағасының индексі арқылы тұтынатын тауарлардың «нарықтық корзинка» бағасы өлшенеді. Ал, жалпы баға деңгейін өлишеу үшін жалпы ұлттық өнім индексі көбірек қолайлы келеді.

Оку құралы

Тұтыну бағасы индексіне қарағанда жалпы ұлттық онім индексі анағұрлым кең мағынада болады, өйткені оның құрамына тұтыннатын тауарлар бағасы, қызмет көрсету бағасымен қоса шикізат, материалдар, жабдықтар және т.б. бағалары кіреді.

Көтерме бағаның өзгерісі, шикізат, жартылай фабрикаторлар, материалдар, көтерме нарықтағы түпкі өнімдер түрлерінің бағасы әсер етеді.

Инфляция

Бағаның өсуі нәтижесінде сұраным мен ұсынымның арасындағы пропорцияның және басқа да ұлттық шаруашылық салаларындағы пропорцияның бұзылып, өзгеріп, дисбаланс болғанын айтамыз.

Инфляцияға тән ерекшеліктер

-егер бұрын инфляция бір жердің шеңберінен аспаса, қазіргі инфляция елдің бүкіл жерін қамтиды.

- егер бұрын инфляция бір мезгілде ғана жүрсе, қазір инфляция көп уақытта болатын құбылыс.

-егер бұрын инфляция тек ақшаның әсерінен туындаса, қазір инфляция ақшадан басқа да көптеген факторларға байланысты болады.

Инфляцияның түрлерін анықтау үшін үш көрсеткіш қолданылады. Оның біріншісі – баға мен өсімінің қарқыны. Екіншісі – әртүрлі тауарлар бағасы өсіміндегі айырмашылықтар, ал үшінші критерий – инфляцияның алдын – ала айтуға, болжауға болатындығы.

Енді инфляция түрлерін баға өсімінің қарқыны түрғысынан қарастырайық. Мұнда сандық өлшем алынады.

Осы түрғыдан алсақ инфляцияның үш түрін бөліп алуға болады: 1) баға – баға өсімі жылына 10 %–ке дейін болады; 2) ұдемелі – баға өсімі жылына 10%–тен 100–200 %–ке дейін; 3) гиперинфляция – баға өсімі 200%–тен жоғары болады.

Баға өсімінің баланстылық дәрежесіне қарай инфляция екі түрге бөлінеді: балансты инфляция және балансты емес инфляция.

Балансты инфляцияда әртүрлі тауар бағасының бір-біріне қатынасы өзгеріссіз болады, ал балансты емес инфляцияда әртүрлі тауарлар бағасының бір – біріне қатынасы әрқашанда өзгеріп отырады және бұл әртүрлі пропорцияда болады.

Үшінші критерий бойынша алсақ, инфляция: алдын – ала айтуға, болжauғa болатын және алдын – ала айтуға, болжauғa болмайтын инфляция деп бөлінеді.

Баганың өсуі және артық ақшаның пайда болуы – бұл тек қана инфляцияның сыртқы көрінісі; ал оның ішкі мәніне теренірек үнілсек, мұның бері ұлттық шаруашылықта пропорциялықтың бұзылуынан болып отыр.

Дүниежүзілік экономикалық әдебиеттерде ұлттық шаруашылық дисбалансы және инфляцияның болуына мынадай үш себептің әсер етеді:

Мемлекеттің қағаз ақша әмиссиясына, сыртқы саудаға, өндірістік емес, соның ішінде әсіресе әскери және басқалай шығындарға қазіргі заманғы функциясына орай мемлекет монополиясы;

Жұмыс уақытының ұзақтығына және еңбек ақы деңгейіне белгі беретін профсоюз монополиясы;


Баға мен шығынды анықтайдын ірі фирмалар монополиясы.

Осы үш себеп – салдар бір – бірімен өзара тығыз байланыста және мұның әрқайсысы сұраным мен ұсынымының өсуіне немесе төмендеуіне әсер ете алады, сонда баланс бұзылады. Инфляцияның себеп – салдарын білу, оған қарсы күресу үшін накты шаралар белгілеуге қажет болады.

Оқу кұралы

Инфляция екі түкे бөлінеді: біріншісі, сұраным инфляциясы – мұнда сұраным мен ұсыным теңдігінің бұзылуы сұранымның ауытқу салдарынан болады, және екіншісі – ұсыным инфляциясы – онда сұраным мен ұсыным қатынасының өзгеріс өндіріс шығынының өсуінен болады.


Сұраным инфляциясы. Бұл түрғын халықтың және кәсіпорындардың ақшалай табысы, тауар және қызмет көрсетудің нақты ақшалай табысы, тауар және қызмет көрсетудің нақты қолеміне қарағанда шапшаң өсетін жағдайда болады. Әдетте, инфляцияның бұл түрі қызметкерлердің жұмыспен толық қамтылуы кезінде көрінеді. Мұндағы сұранымның өсуі мемлекет тарапынан да, кәсіпкерлер тарапынан да болуы мүмкін. Сұраным инфляциясын мына суреттен байқауға болады.




Егер экономика еңбеккерлерді жұмыспен толық қамтуға және өндіріс қуатын толық пайдалануға жуық десек, онда түрғын халықтың, кәсіпорыннан және мемлекеттің тұтынуға жұмсалатын шығын өсімі сұраным жиынтығының қисық сыйығын жоғары көтереді де, баға өседі.

Ұсыным инфляциясы. Бұл жағдайда өндіріс ресурстары толық пайдаланылмағандық салдарынан өндіріс шығыны артып, баға өседі. Дүниежүзілік практикада сұраным жиынтығы кемігенде де бағаның өскені кездесі жүр.

Шығын өсіміне негізделген инфляция теориясында бір өлшем өнімге шаққанда жұмсалатын шығынның артуы нәтижесінде бағаның өсуіне мынадай факторлар әсер етеді. Бір өлшем өнімге жұмсалатын шығынның артуы алдымен пайданы және өндірілетін өнім көлемін азайтады. Олай болса кәсіпорындардың сол кездегі баға деңгейінде сатуға ұсынатын тауарда ағ болады деген сөз. Міне соның нәтижесінде тауар және қызмет көрсету ұсынымы кемиді, бұған сұраным емес, шығынның ықпалы болып отыр.



Ұсыным инфляциясы болуының негізгі себептері еңбекақының және шикізат пен әнергияға бағаның өсуінен жалпы шығынның артуы болып табылады. Бұл инфляция Қазақстан Республикасында да кездеседі. Сондықтанда оны тереңірек қарау артық емес. Сол үшін ұсыным инфляциясының механизмі суретте берілген.



Графикте көрсетілгендей ұсыным бағасының өсуі ұсыным қисық сыйығын тік жоғары көтереді. Соның нәтижесінде біраз уақыттан соң сұраным ме ұсыным балансы қайтадан орнай бастайды, бірақ ол жоғары бағадағы нүктеде болады.

Накты іс жүзінде сұраным мен ұсыным инфляциясы қабат болуы да кездеседі. Табыс пен шығынның өсу себебі жоғарыдаайтылған үш монополияның үстемдік жасауы. Мәселен, мемлекет өз сұранысын орындағаны үшін кәсіпорынға жоғарыбағамен төлем төлейді. Ал, кәсіпкерлер шикізат пен материалдарды жоғарғы бағамен сатып алыш және жоғары еңбек ақыны төлеуге мүмкіндік алады. Бұған қоса мемлекет қағаз ақшаны эмиссия жасау арқылы инфляцияны қүшайте түседі. Ал инфляцияның тереңдей түсіү мемлекеттік бюджет дефицитін өсіруге ықпал жасайды.

Профсоюз монополиясы инфляцияға қалайша әсер ете лады? Еңбекақы шығынның ең негізгі бөлігі болып табылады. Профсоюз ұйымының еңбекақыны көбейтуге қойған талаптары сұраным мен ұсыным инфляциясының негізгі қайнар көзі болып саналады. Ал, кәсіпорындарды алатын болса, олардың өз өміріне монополиялық баға қоюы, инфляцияны одан әрі құлдыратады.

Накты практикада инфляцияның мынадай әлеуметтік – экономикалық зардаптары болады.

Ақшалай табыстың құнсыздануы. Инфляция тұсында барлық ақшалай табыс шын мәнінде азаяды. Бұл номиналды кіріс пен нақты табыстың арасындағы айырма арқылы анықталады. Номиналды табыс – бұл адамның еңбекақы, рента, пайда немесе процент түрінде алынатын жалпы ақша қаржысының саны. Ал, нақты табыс деп – номиналды табысқа келетін барлық ақшашаға сатып алуға болатын тауар немесе қызмет көрсету санын айтамыз.

Егер номиналды табыс тұрақты болса, немесе инфляция қарқынына қарағанда оның өсімі баяу болатын болса, онда нақты табыс кемиді. Міне, осы себептен адамдар белгіленген табыспен инфляциядан көп азап шегеді. Егер табыс өсімі инфляция қарқынынан жоғары болатын болса, онда фирмалың, жаңуяның финанс жағдайы жақсаралады. Мәселен, егер фирма икемді емес сұраным түсінде өз өнімінің бағасын инфляция өсіміне қарағанда жоғары қымбаттататын болса, онда инфляциядан ол азап шекпейді. Бірақ, көптеген фирмада мұндай мүмкіндік бола бермейді, сондықтан да олардың финанс жағдайы инфляция түсінде нашарлай түседі.

Табыс пен байлықтың қайта бөлінуі. Инфляция табыс пен байлықты қайта бөледі. Мәселен, борышкерлер кредиторлар есебінен бай түседі. Мұнда дебиторлар барлық деңгейдегілердің бәрі де ұтады, ойткені, қарыз алғандағы ақшаның сатып алу мүмкіндігі сол қалпында қалады, қарыз қайтарылғанда бұл жағдай ескерілмейді, сонда қарыз қайтарылғанда, ол ақшага тауар сатып алынады.

16.3. Жұмыссыздық және оның түрлері

Жұмыштың күшіне жұмыспен қамтылғандар мен жұмыссыздар жатады.

Батыс экономисттерінің көбі, нарық жағдайында жұмыссыздықтың белгілі дәрежесінің болуын, заңды және қажет деп мойындайды. Дж.Кейнс амалсыз жұмыссыздықтың түсінігін жиынтық сұраныстың тиімділігінің жетімсіз екенінен тудырады. Жұмыссыздық мерзімі әр түрлі болуы мүмкін. АҚШ – та орта есеппен, қысқа мерзімді жұмыссыздықтың уақыты бес аптадан аспайды, ал ұзақ мерзімді – алты айдан артық болады.

Негізгі көрсеткіштер:

жұмыс істеушілер саны – А3

Оқу кұралы

жұмыссыздар саны – А6

институционалдық емес адамдар – Аин

(институционалдық адамдарға – мемлекеттік әскер, полиция, мемлекеттік аппарат деп аталатын институттар жатады).

Жұмысшы күшінің саны – Арса3 А6

Институционалдық емес адамдар – Аин А3 А6Аиrs

Жұмысшы күшінің құрамына кірмейтін адамдар саны – Аиrs

Жұмыспен қамту дәрежесі – У3 А3/Аин

Жұмыссыздық дәрежесі – У6 А6/(А3А6)

Жұмыссыздық нормасы – Н6 А6/(А3А6)*100.

Жұмыссыздықтың негізгі нысандары: фрикциондық, құрылымдық және циклдық техникалық.

Фрикциондық жұмыссыздық – жұмыс іздеу және күтумен байланысты. Ол біліктілігіне байланысты жұмыс күтумен айқындалады жән белгілі уақытты қажет етеді. Ол мамандықтың, тұрғылықты мекен – жайдың өзгеруімен байланысты, т.с.с. Қысқа мерізімді сипатта болады.

Құрылымдық жұмыссыздық – FTП салдарынан ескірген мамандықтарға сұраныстың өзгеруінен, өндірістегі техникалық ығысулармен байланысты болады. Мұндай жұмыссыздық көбіне ұзак мерізімді сипатта болады.

Циклдық жұмыссыздық – дегеніміз – жұмыссыздық деңгейінің табиги ауытқуы.

Жұмыссыздықты азайту үшін: 1) жұмыс орындарын қайта құру; 2) мерізінен бұрын зейнеткерлікке шығу; 3) жұмыспен қамтуды кеңейту тәжірибесін қолдану; 4) кәсіптік даярлықты арттыру.

ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТИК РЕТТЕУ

17.1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің мәні және оның қажеттілігі.

Мемлекеттік реттеудің обьектісі мен субъектісі

Бақылау жасауға болмайтын нарықтық құбылыстар табиғат және қоғам үшін аса қауіпті, көп зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан да нарықтық экономика реттеуді қажет етеді. Реттеуші орталық тек мемлекет, оның институттары болуы керек. Шаруашылық субъектілеріне және нарыққа бақылау жасап қоғам мұддесін қамтамасыз ететін заң саласындағы саяси билік жүргізетін мемлекеттік мекемелер.

Экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттілігі екі жағдайдан туындаиды: біріншіден, қоғамдық және колективтік мұддені қамтамасыз ету болса, екіншіден, қоғамдық ұдайы өндірістің обьективті қайшылықтары мен оны шешу мәселелері.

Экономиканы мемлекеттік реттеу деп, экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін, мемлекеттің қолданатын экономикалық, саяси және заң жүзіндегі шаралар жүйесін айтамыз. Мұндағы экономикалық қызметтің негізгі бағыты – нарық механизмі шектеулі болғандықтан, мемлекет нарық механизмінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және оны қолдайды.

Нарық механизмінің шектеулі болатыны: нарық әлемнің мәселелерді шеше алмайды; ғылым мен технологияның стратегиялық өсуін қамтамасыз ете алмайды, өндірістік құрылымдық түбебейлі өзгерістерін, қоғамдық тауарға қажеттілікті қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан да Қазақстанда: кейбір салаларда, мәселен, ауыл шаруашылығын, әнергетиканы, транспорт және басқа да салаларда мемлекеттік реттеу жұмыстары жүріп жатыр.

Мемлекеттік реттеу субъектілеріне экономикалық мұддесі барлар және оны орындастындар жатады. Әртүр-

лі одактар және ассоциациялар, кәсіподағы, кәсіпкерлер одағы, фермерлер, әр түрлі саудагерлер, студенттер және т.б. Ал бұндай экономикалық мұддені талап етушілер тілегін орындағындар: билік жүргізетін органдар мен орталық ұлттық банк.

Мемлекеттік реттеу объектілеріне қыын жағдайдағы проблемасы көп сфералар, аймақтар, өндіріс салалары жатады. Мұндай мәселелерді шешу Экономиканың қажетті деңгейде болып, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Реттеуді қажет ететін негізгі мәселелерге мыналар жатады: Экономикалық дағдарыс, шаруашылықтың аймақтық, салалық құрылымы, капиталдың қорлануы, жұмысқа қамту, ақша айналымы, төлем балансы, баға, ғылыми зерттеулер және оны өндіріске енгізу; бәсеке жағдайы, маман жұмыскерлерді дайындау және қайта дайындау; қоршаған орта, сыртқы экономикалық байланыстар.

Мәселені шешу деңгейіне байланысты объектілерді былай бөлуге болады: фирма, аймақ, сала, Экономиканың секторлары, тұтастай шаруашылық, ұлттық аймактан тыс өзекті мәселелер: Арал теңізі, Сырдария өзені, Балқаш көлі, т.б.

17.2. Мемлекеттің экономикалық функциясы

Бұл салада мемлекеттің атқаратын негізгі функциялары:

- нарықтың тиімді жұмыс істеуі үшін әлеуметтік және құқықтық ортанды қамтамасыз ету;
- бәсекені қолдау;
- байлықты және табышты қайта бөлу;
- ресурстарды қайта бөлу;
- инфляция және жұмысқа қамту деңгейіне бақылау жүргізу;
- экономикалық өсуді ынталандыру;
- сыртқы экономикалық саясатты тиімді жүргізу.

Мемлекеттің негізгі экономикалық функциясына, әсіресе, нарықтың көп көніл бөлмейтін, аз өндіретін қоғамдық тауарлар мен қызмет көрсету түрлері жатады: білім, деңсаулық сақтау, ұлттық қорғаныс, қоғамдық

тәртіпті сақтау, қоғамдық транспорт, жолдарды және су тасқынын реттеу, зиянды жәндіктермен күрес, өрттен сақтану және т.б.

Сонымен қатар, жұмыссыздық, инфляцияның өсуі, жаппай банкротқа ұшырау, Экономикалық дағдарыс кезінде мемлекет нақты шаралар белгілеп, экономиканы тұрақтандыруға ұмтылады.

Кәсіпкерлік қызмет кейде экологияға, адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Нарық мұндай істермен тіptен айналыспайды. Мемлекеттің міндеті – мұндай жағдайды болдырмау үшін әртүрлі шара қолданады: салық салу, шығынды төлеуді, тыйым салу және т.б.

17.3. Мемлекеттік реттеудің принципі, құралы мен мақсаты

Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеудің жалпы стратегиясына мына принциптерді ұстайды:

1. Мемлекет тек әлеуметтік мәні бар салаларды қаржыландырады, оған жеке бизнесті кірістірмейді;
2. Мемлекеттік қәсіпкерлік жеке меншік бизнесінің дамуын қолдайды, онымен конкуренцияға түспейді;
3. Мемлекеттік қаржы, кредит және салық саясаты экономикалық дамуға және әлеуметтік тұрғылыққа жетуге мүмкіндік беретін болуға тиіс;
4. Мемлекеттік реттеудің мәні әсіресе жалпы шаруашылық дағдарысы кезінде және мемлекет аралық экономикалық катынастарда өседі.

Сонымен, қазіргі заманғы нарықтық экономика – «мемлекет реттейтін экономика». Бұған қоса мемлекет – экономиканың тұрақтылық кепілі.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің басты мақсаты: экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық, өзгермелі жағдайға экономиканың бейімделуі. Бұл мақсатқа жету үшін мемлекеттік реттеу құралдары – экономикалық тетіктер қолданылады. Олар: әкімшілік құралдар, белгілі бір мақсатты қаржыландыру, мемлекеттік сатып алу

жүйесі, мемлекеттің шаруашылық субъектісі ретінде экономикаға тікелей қатысуы; мемлекеттік реттеудің жана-ма құралдары: ақша – кредит саясаты, бюджет – салық саясаты, амортизациялық саясат, сыртқы экономикалық реттеу.

17.4. Мемлекеттік реттеудің негізгі тәсілдері

Мемлекеттік реттеу тәсілдері:

Әкімшілік тәсілі: әкімшілік тетіктері қолданылады, реттеудің жақсы нәтижесіне жету үшін, ол қосымша материалдық ынта туғызуға байланысты. Оның негізгі формалары: монополияға қарсы шаралар (монополиялардың озара келісуіне алдын ала ескерту жасау, басым тауар өндірушілер қызметіне бақылау жүргізу); міндетті стандарт енгізу (экономикалық стандарт, санитарлық норма, әлеуметтік стандарт); халықтың ең төменгі өмір сүру деңгейін анықтау (минималды еңбек ақы кепілдігі, жұмыссыздыққа жәрдем ақы беру).

Реттеудің ең негізгі тәсілі – экономикалық тәсіл. Оның негізгі түрлері:

- мақсатты қаржыландыру (экологиялық бағдарлама, әлеуметтік сфераға қаржы бөлу, ғылыми – техникалық туындыларға дотация беру);
- мемлекеттің өнімді сатып алуы;
- экономиканың мемлекеттік секторының қызметі.

Бұдан басқа да тәсілдер:

- ақша – кредит тәсілі (ашық бағалы қағаздар нарығындағы операциялар, міндетті резерв нормасын белгілу);
- бюджет – салық тәсілі (салық салу жүйесі, салық ставкасын анықтау, салық женілдіктерін беру);

амортизацияны тездешу (амортизация нормасы);

сыртқы экономикалық тәсілдер (экспортты ынталандыру, экспортқа кредит беру, шетел капиталын енгізу немесе оған шек қою).

Сонымен, қорытып айтсак, экономиканы мемлекеттік реттеу бағытында соңғы жылдарда көптеген өзгерістер

енди. Соның бірі – шет елдермен экономикалық байланысқа бірте – бірте тәуелді екені көрінеді. Сондықтан да, бұл мәселе барған сайын құрделеніп және жетіліп келеді.

Экономиканы реттеу механизмінің ашық болу қажеттілігі туып отыр. Мұның өзі мемлекет аралық реттеу, экономикаға бірнеше мемлекеттің әрекет етуін туғызып отыр.

Нарықты реттеу тәсілдері

Тікелей реттеу әдістеріне:

а) мемлекеттік сатып алу және тапсырыстар

б) лимиттер

в) орталықтандырылған құрделі ақша жұмсау

г) дербес өндіріс салалары мен кәсіпорындарға бөлінетін мемлекеттік жәрдем қаржы (дотация) мен жәрдем ақша (субсидия)

д) баға мен табышты реттеу

е) әлеуметтік саясаты

2) Жанама реттеу тәсілдеріне:

а) фиксалдық саясаты

б) салық саясаты

в) несие саясаты

г) ақша саясаты

д) амортизация саясаты

е) ресурстарды пайдалану шарттары мен ақысын реттеу

Нарықты реттеу нысандары:

мақсатты бағдарламалар

монополиялық үстемдікке шаралар жүйесі

экономикалық болжамдар

экономикалық шарттар мен келісімдер.

Фиксалдық саясат – ол мемлекеттік бюджетпен байланысты реттеу құралдарын қамтиды. Бұған ең алдымен мемлекеттік сатып алу да көбейту немесе азайту, ірі қаржылар жұмсау бағдарламасы, әлеуметтік төлемдер, кейбір өндіріс салалары мен кәсіпорындарға бюджеттің есебінен берілетін жәрдем қаржылар (дотация) мен жәрдем ақшалар (субсидия), салық шаралары жатады.

ЖҮЙЕ РЕТИНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА

18.1. Ұлттық экономиканың құрылымы

Ұлттық экономика құрылымы өндірістік және өндірістік емессалалардан тұрады. Өндірістік салаларға: өнеркәсіп, қара жән түсті металлургия, көмір өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, астық шаруашылығы, мал шаруашылығы, сүт шаруашылығы, құрылым, т.б. салалар жатады. Ал, өндірістік емес салаларға: білім беру, деңсаулық сақтау, ғылыми кеңестер, және т.б. жатады.

18.2. Қоғамдық ұдайы өндіріс: мәні, түрлері

Ұлттық экономиканың материалдық негізі ұдайы өндіріс болып табылады. Ұдайы өндіріс деп – өндірістің үздіксіз қайталануын айтамыз. Ұдайы өндірістің еі түрі бар: жай және кеңейтілген ұдайы өндіріс. Жай ұдайы өндірісте – өндіріс көлемі сол қалпында қайталанады, ал өндірілген қосымшы өнім тұтынуға жұмысалады. Ал, ұлғаймалы ұдайы өндірісте – өндіріс көлемі есіп отырады және өндірілген қосымша өнім екі қорға белінеді: тұтыну қоры және қорлану қоры.

Өндірісті екі жолмен ғана кеңейтуге және дамытуға болады, өндіріс факторларын көбейтумен әкстенсивті түрде немесе өндіріс технологиясын жақсартумен интенсивті түрде.

Әкстенсивті экономикалық өндіріс:

- өндірістің материалдық факторын ұлғайту (шикізат, материалдар, отын, жарамды жерлер және т.б.);
- өндіріс факторларын сандық тұрғыдан кеңейту есебінен өндірісті кеңейту.

Интенсивті Экономикалықесу:

- негізгі корларды жаңарту (өндіріс құралдарын), ГТП
- ті тиімді технологияларды енгізу есебінен өнім өндіруді кеңейту;

- өндірісті ұйымдастыруды жақсарту (жаңа құрылымдар құру, маркетинг, коопeração);
- негізгі және айналым қорларын пайдалануды жетілдіру олардың айналымдылығын, амортизациясын жеделдешту және т.б.;
- жұмыс күшінің біліктілігін тұрақты өсіру, енбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру, факторларды тиімді пайдалану.

Қазіргі кезде нарық экономикасындағы елдердің барлығы да өндіріс нәтижесін бағалау үшін макроэкономикалық деңгейдің ортақ көрсеткіштерін қолданып жүр. Оны ұлттық есеп жүйесі деп атайды. Халықаралық масштабта бухгалтерлік есептің ережесі келісілген. Ал, Қазақстан Республикасы ұлттық есеп беру жүйесінің көрсеткіштерін макроэкономикалық процестеді талдау және оны сипаттау үшін қолданады. Сондай-ақ дүниежүзіндегі нарық экономикасында жұмыс істейтін 150 ел осы есеп жүйесін пайдаланып келеді.

Ұлттық шаруашылықтың экономикалық қызметінің түпкі нәтижесі – ұлттық кіріс. Өндірілген ұлттық кірісті өлшеп, оны анықтау үшін көптеген көрсеткіштер қолданылады: Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ), жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), таза ұлттық өнім (TҰӨ), ұлттық табыс (ҰТ).

Бұл көрсеткіштер бір – бірінен мәні және есептеу жолдарымен ажыратылады:

1. Жалпы ұлттық өнім, ұлттық таза өнімнен айырмасы, оның құрамына жалпы инвестиция кіреді. Ал, ұлттық таза өнімге таза инветиция кіреді.
2. Екіншіден, жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) мен ЖҰӨ айырмасы, ЖІӨ – де ел ішіндегі өндірістің барлық нәтижесі алынады да, ал ЖҰӨ – де ел ішіндегі және шет елдердегі жүрген азаматтардың қызметінің нәтижесі алынады.

3. Ұлттық өнімнің, ұлттық табыстан айырмашылығы, мемлекеттік нарықтың бағаға әсер етуінің нәтижесінде болады. Ұлттық табысты есептегендеге жанама салық алынбайды.

18.3. Ұлттық есеп жүйесі – ЖҰӨ, оның есептеу әдістері

Көптеген шет ел статистикасында макроэкономикалық көрсеткіш ретінде – жалпы ұлттыз өнім пайдаланылады. ЖҰӨ – бұл барлық өндіріс салалары мен сфераларында жыл ішінде өндірілген түпкі өнім мен қызмет түрлерінің нарықтық құны. Ал, өзі пайдалану үшін осірілген мал еті, өзі пайдалану үшін жасаған столяр бұйымдары, наркобизнес тауарлары ЖҰӨ-ге кірмейді.

Мұндағы түпкі өнім деп отырғанымыз – бұл тұтынушылардың біржола пайдалануға алынған тауарлары, немесе өнделген тауарлар мен қызмет көрсету түрлері. Ал, аралық өнім – бұл түпкі тұтынушыға түскенше бірнеше рет қайталап сатылған, немесе өнделген тауарлар мен қызмет көрсету түрлері. Нан алу үшін: а) астық өсірілген. Ол түпкі өнімге айналу үшін бірнеше өндеуден өтеді: астықты бастырады, тазалайды, кептіреді, әлеваторда сақтайды, диірменге тартады, сосын нанды зауытта пісіреді.

Нарық әкономикасының барлық субъектілері бірден, әрі сатушы және сатып алушы болғандықтан макрокөрсеткіштер екі әдіспен есептеледі:

Барлық шығындардың қосындысы бойынша:

$$\text{ЖҰӨ}_{\text{шығ}} = C + j + G + X$$

Мұндағы: С – жеке тұтыным шығындары;

j – жалпы ішкі жеке инвестиция;

G – мемлекеттердің сатып алған тауарлары және қызмет түрлері;

X – таза экспорт.

Барлық кіріс бойынша:

ЖҰӨ_{kip} = амортизация + бизнестің жаңа жанама салығы + ЕА + рента + төлемі + процент + пайда.

$$\text{ЖҰӨ}_{\text{шығ}} = \text{ЖҰӨ}_{\text{kip}}$$

Сонымен қатар, ЖҰӨ – де былайша анықтауға болады: елдегі жалпы өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет түрлерінен аралық тұтынымды алып тастаймыз.

Инфляция әсеріне байланысты макрокөрсеткіштердің нақты және өзгеріссіз бағамен есептеуге болады.

Жалпы ұлттық өнім – ұлттық байлықтың негізгі көрсеткіші.

18.4. Ұлттық байлық: құрамы, құрылымы және оны өлшеудің тәсілдері

Ұлттық байлық – бұл материалдық және рухани илгіліктің жиынтығы және осы уақытта барлығы қоғам меншігінде болады.

Ұлттық байлық құрамына мыналар енеді:

- Негізгі өндірістік және өндірістік емес қорлар;
- Айналмалы өндірістік қорлар;
- Материалдық резервтер мен сақтандыру қоры;
- Айналым қоры;
- Тұрғындар мұлкі.

Ұлттық байлық құрамына негізгі жер, ормандар, сондай – ақ барланған табиғи ресурстар және олар натурады түрде есептелнеді.

Қазақстанда ұлкен ұлттық байлық бар: жер көлемі 222,5 млн.га, оның 82% – ауыл шаруашылығы жеріне жатады. Қазастанда 21,7 млн.га орман мен табиғи егістіктер, 11 мың өзен, 7 мыңдан астам көл мен су қоймалары бар. Өсімдіктер қоры 6 мыңдан астам түрлерден тұрады. Шабындықтар мен жайылым бойынша Қазақстан әлем бойынша 4-ші орында тұр. Ұлттық табыстың төрттен үшін минералдық ресурстар құрайды.

Қазақстан әлемде хромrudасы қоры бойынша екінші орынды иеленеді. Бұрынғы одактағы мұнай қорының

Оку қуралы

9%-ы Қазақстан үлесіне тиесілі. Вольфрам қоры бойынша әлемде бірінші орынды, фасфор рудасы бойынша – екінші, ал қорғасын мен молибден бойынша – төртінші орында.

Ұлттық байлық өзінің қолданылуы бойынша былай бөлінеді:

Өндіріс – құрал жабдығына

Тұтыну заттарына.

Егер қоғам аса дамымаса, онда оның материалдық негізін табиғи байлықтар құрайды. Ал, қоғам тым дамыса, онда оның материалдық негізін адам еңбегімен жасалған байлық құрайды.

Алдағы уақытта ұлттық байлықты жетілдіру көбінесе оның сапалық жақсаруымен, табиғи байлықты тиімді игерумен, қоғамның қоршаған ортаны барынша сақтау қамқорлығымен, экологиялық қауіпсіздікті қолдай деңгейімен анықталады.

ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ. МЕМЛЕКЕТТІК САЛЫҚ САЯСАТЫ

19.1. Қаржы: оның мәні мен әтқаратын қызметі

Қаржы – экономикалық қатынастардың аса бір маңызды әлементтерін көрсете алатын қатегория. Өйткені, қаржы ақша қаржысының қорын бөлу және оны пайдалану жөніндегі қатынастар жүйесін қамтиды. Атап айтсақ, ақша қатынастарының ерекше қорлар арқылы қозғалысын біз – қаржы қатынастары дейміз.

Қаржы жүйесі әртүрлі деңгейдегі бюджетті қамтиды: әлеуметтік қамсыздыру қоры, мұлікті және жеке бастақтау қоры, мемлекеттің валюта резервтері, кәсіпорынның, фирмалық, коммерциялық және коммерциялық емес құрылымдардың ақша корлары және басқа да арнаулы ақша корлары. Бір сөзben айтсақ қаржы жүйесі мемлекеттік және жергілікті бюджетті, валюта қорын, банктер, қамсыздандыру компанияларын, зейнеткерлер қоры, биржа қорлары мен кез – келген ақша агенттерін қамтиды.

Қаржы қатынастары қоғамдағы экономикалық өмірдің күн сайынғы қоекікесті мәселелерін қамтиды және оған мына қатынастар жатады:

- Мемлекет пен кәсіпорын арасындағы қатынастар;
- Мемлекет пен әрбір шаруашылық саласының және мекемелердің арасындағы қатынастар;
- Мемлекетпен жеке азаметтердың арасында ақша қорының қозғалысына байланысты қатынастар.

Қаржы қатынастарына мына қатынастар кірмейді:

- Бөлшек сауда тауар айналымы;
- Сыйлық беру актісі;
- Жеке азаматтадың алып – сатуы;
- Тұрмыстық – коммуналдық төлемдер.

Қаржы қатынастарының дамуы экономикалық заңдар жүйесін саналы түрде пайдалануға байланысты. Өйткені,

Оку құралы

халық шаруашылығындағы ақша қорының қалыптасуы, оның бөлінуі және оны пайдалану негізгі экономикалық зандар механизмінің талабынан туындейдьы. Әсіресе, мұнда, құн заңы, сұраным және ұсыным заңы, уақытты үнемдеу заңы, еңбектің нәтижесіне ақы төлеу және қор жинау зандарының әрекеті ерекше роль атқарады.

Қаржының атқаратын функциясы көп: өндірісті үлгайту, өндірілген өнімді бөлу, белгіленген шараларды жүзеге асыру үшін бақылау жүргізу және ынталандыру.

Қаржының өндірісті үлгайту функциясының мәні мынада: финанс өндірістік қодың, ауыспалы айналымы мен қор айналымын үздіксіз қамтамасыз етеді, соның нәтижесінде өндірістік тұрақтылығы мен баланстылығы бірқалыпта келеді.

Қаржы арқылы қоғамдық жиынтық өнім құнын өндірісте пайдаланған негізгі өндірістік қордың орнын толтыру және таза өнімге болу жүзеге асады. Сондай – ақ финанс жүйесі арқылы үлттық табысты болу әзіне оны қайта болу орындалады.

Ал, қаржының ынталандыру функциясы орталықтандырылған қаржы қорын бөлу, әр саланы дамытуға, FTPI жетістіктерін өндіріске енгізуге, өндіріс тиімділігін арттыруға ынта туғызады.

19.2. Мемлекеттік бюджет: оның құрылуды және оны пайдалану бағыттары

Қаржы жүйесінің негізгі элементі – мемлекеттік қаржы (бюджет). Қаржы – мемлекеттің экономиканы реттейтін негізгі тетігі болып табылады. Оның көмегімен экономиканы тұрақтандыру шаралары жүзеге асады. Мемлекет бюджет көмегімен орталықтың және жергілікті аймақтардың экономикалық мұддесін: салықты бөлу, бюджеттен женілдіктер беру арқылы үйлестіріп отырады.

Мемлекеттік қаржының құрайтын кіріс бөлімі және оны пайдаланудың негізгі бағыттары болады. Мемлекеттік қаржының басым болігі салықтан түседі. Тек аз бөлігі ғана кеденниен, әр түрлі төлем төлеуден құралады.

Мемлекеттік қаржы (шығыны) халық шаруашылығын қаржыландыруға, әлеуметтік – мәдени шараптарға, гылымды дамытуға, мемлекеттік басқару аппаратын ұстaugа, қорғану салаларына, қоршаған ортаны корғауға және табиғи ресурстарды орынды пайдалану мақсаттарында жүмсалады.

Сонымен, мемлекеттік қаржы – бұл мемлекеттің өзіне тиесілі функцияларды орындау үшін орталықтандырылған ақша қорын жинақтауы түрінде көрінеді. Былайша айтқанда – бұл мемлекеттік мекемелердің кіріс және шығысы жөніндегі қаржы жосмапары. Мұнда бір ерекшелік ақша қаржыларының жинақталуы және оның бөлінуі қайтып алынбайтын және қайтып берілмейтін принцип бойынша жүргізіледі. Сондықтан да, қаржы органдары мемлекетке қаржыны аудару және оны заңдылықпен жүмсалуына бақылау жүргізіп отырады.

Қаржының түрлер көп: теңестірілген және тапшы. Қаржы тапшылығы – бұл мемлекеттің қаржысындағы шығынның оның табысынан артық болуы. Әдетте қаржы тапшылығы мемлекеттік заем және ақша эмиссиясы арқылы жабылады, бірақ қаржы тапшылығы біржола жойылмайды, тек мемлекеттік қарызға айналады.

Мемлекеттік қарыз – бұл мемлекеттің заемдар бойынша өтелмеген ақша сомасы. Алу көзіне байланысты мемлекеттік қарыз екіге болінеді: ішкі және сыртқы.

Халықаралық бекітілген стандарт ҮІӨ 5 %-нан аспауы керек.

